Вообще же споры вокруг «Слова о полку Игореве» ведутся со второго десятилетия XIX века, то утихая, то разгораясь с новой силой. Странно, что в России «Аз и Я» была опубликована только в XXI веке (в 2005-ом, ровно через 30 лет после выхода первого издания), всего лишь годом раньше, чем на (или в) Украине. Уже после распада СССР, к своему 70-летию Сулейменов был награжден в России Орденом Дружбы, в Украине – Орденом Ярослава Мудрого, в Азербайджане – Орденом Шохрут, годом спустя французы назвали его Рыцарем искусств и литературы и т.д. и т.п. Но награды не лишают его самого престижного, на мой взгляд, статуса «неудобного интеллектуала», каковым он был назван американским профессором Питером Ролбергом. И в год столь значимого 80-летнего юбилея можно лишь подтвердить высказанную Сулейменовым мысль о том, что «Слово» – неожиданно).

Литература:

1. Сулейменов О. Аз и Я. – Алма-Ата: Жазушы, 1975. – С. 3-188.
2. Кузьмин А. Точка в круге, из которой вырастает репей // Молодая гвардия. – 1975. – №12. – С. 270-280.
3. Селезнев Ю. Мифы и истины. – М., 1976. – №3. – С.201-208.
4. Огрызко Вячеслав. И вечный бой: Юрий Селезнев // Литературная Россия. – 2013. – №23. 07 июня 2013. [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://www.litrossia.ru/archive/item/6495-oldarchive>
5. Дмитриев Л., Творогов О. «Слово о полку Игореве» в интерпретации О. Сулейменова // Русская литература. – 1976. – № 1. – С. 251-258.
6. Лихачев Д.С. Гипотезы или фантазии в истолковании темных мест «Слова о полку Игореве» // Звезда. – 1976. – № 6. – С. 203-210.
7. Высокая идейность – главный критерий // Казахстанская правда. – 1977. – 19 марта.
8. Толмачев Г. Повесть об Олжасе. – Изд. 2-е. – Алматы, 1996. – 2011.
9. Фризман Л. Возмутитель спокойствия. Книга О. Сулейменова «Аз и Я» под огнем идеологической критики» // НЛО. – 2002. – № 55. [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://magazines.russ.ru/nlo/2002/55/friz.html>
10. Бобров А.Г. Сулейменов // Энциклопедия «Слова о полку Игореве» [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://feb-web.ru/feb/slovinc/es/es5/es5-0831.htm>
11. Назарбаев Нурсултан. Слово о моем друге Олжасе // Казахстанская правда. – 2006. – 18 мая.
12. Гумилев Л.Н. Спор с поэтом // [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://kulichki.gambler.ru/~gumilev/>
13. Кузьмин А. Пропеллер пассионарности, или Теория приватизация истории: заметки о концепции этнического развития, разработанной Л.Н. Гумилевым // Молодая гвардия. – 1991. – №9.





Олжас Сулейменов

Афоризмы

Прибавлять, но не отказываться от того, что уже имеешь, – вот девиз новых поколений.

Со временем и казахский станет языком межнационального общения в многонациональном Казахстане. При условии, если мы проявим и терпение, и терпимость.

* * *

Независимость невозможна без осознания нашей всеобщей взаимозависимости.

Я убежден: если сохранится народ – сохранится язык. Поэтому давайте сначала сохраним народ, сохраним наше государство, тогда и язык сохранится.

* * *

Чтобы обеспечить стабильность любому государству, недостаточно развитой экономической составляющей, надо не растерять главное богатство – творческий потенциал нации.

Культура – это совокупность научного и художественного знания, постоянно поддерживаемая температура нравственных исканий.

* * *

Культура укрепляет иммунитет государства, делает заповедными его внутренние и внешние проявления.

* * *

Человек с малых лет попадает в атмосферу Слова. Оно его формирует, возвышает, греет, жжет или леденит постоянно до конца жизни. Оно способствует формированию его художественного вкуса, мировоззрения, самосознания, отношения к себе и к природе.

* * *

...великая культура даже малых своих делает большими, потому и великая. Малая культура даже великих своих стремится принизить, потому и малая.

Автор туралы: Белгілі қазақстандық мүсінші, ҚазКСР Еңбек сіңірген сәулетшісі, Мемлекеттік сыйлық иегері (1990).

About the author: Famous Kazakh sculptor, honored architect of Kazakh SSR, State Prize laureate (1990).

Об авторе: известный казахстанский скульптор, заслуженный архитектор КазССР, Лауреат Государственной премии (1990).



Шот-Аман УӘЛИХАНОВ

ТАҢБАЛАР – ТАНЫМ ТАРАЗЫСЫ

Аңдатпа: Биыл Қазақстанның егемендік алып, өзін тәуелсіз ел ретінде жариялағанына 25 жыл толады. Мемлекеттік рәміздер ұлттың бай тарихы мен дәстүрлерін паш етеді, сондай-ақ мемлекеттің имидждік стратегиясында үлкен рөл ойнайды. Қазақстан Тәуелсіздігінің бірқатар монумент-ескерткіштерінің авторы, белгілі сәулетші Шота Уәлиханов өз шедеврлерінің өмірге қалай келгендігі туралы естеліктерімен бөліседі.

Shot-Aman VALIKHANOV
MARKS – SCALES OF COGNITION

Summary: This year marks 25 years of independence of Kazakhstan. State symbols reflect the rich history and tradition of the nation, as well as play an important role in the image strategy of the state. Author of a number of Kazakhstan's Independence Monument symbols, known architect, sculptor Shota Valikhanov, shares his memories of how to create his masterpieces.

Шот-Аман ВАЛИХАНОВ
СИМВОЛЫ – ВЕСЫ ПОЗНАНИЯ

Аннотация: В основу данной статьи легли воспоминания автора ряда монументов-символов Независимости Казахстана, известного зодчего скульптора Шота Валиханова, о том, как создавались его шедевры. Раскрывается процесс создания государственных символов, отражающих богатую историю и традиции нации, и их роль в имиджевой стратегии государства. Статья имеет особую значимость в связи в 25-летием Независимости Казахстана.

Биыл Қазақстанның егемендік алып, өзін тәуелсіз ел деп жариялағанына 25 жыл толады. Ширек ғасырда біздің еліміздің экономикалық және саяси әлеуметі гана емес, мәдениеті мен руханияты да қарыштап дамыды. Мемлекеттің халықаралық аренадағы беделі артып, ұлтаралық келісім мен тұрақтылық орнаған ел ретінде танылды. Бүгінде тәуелсіз Қазақстан әлемдік қауымдастықтың тең құқылы мүшесіне айналды.

Егемен еліміздің өз алдына дербес мемлекет екенін көрсететін мемлекеттік рәміздердің, тарихы мен дәстүрінің байлығын дәріптейтін сәулет ескерткіштерінің мемлекет имиджін қалыптастыруда маңызы зор екені айтпаса да белгілі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Мемлекеттік рәміздер жайында: «Әрбір Қазақстан азаматы Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қастер тұтуы қажет. Еліміздің сыналар бір тұсы осы» деп айтқаны әлі есімізде. Осы орайда, Тәуелсіздік монументі, Ядролық сынақтардың құрбандарына арналған ескерткіш, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы сынды бірегей архитектуралық композициялар авторы Шота-Аман Ыдырысұлы Уәлихановты Тәуелсіз Қазақстанның құрылысына өлшеусіз үлес қосқан азамат деп мақтанышпен айтуға толық қақымыз бар. Төменде белгілі суретші еліміздің бірегей архитектуралық нысандарын, өзінің күрделілігімен және тартымдылығымен ерекшеленетін мемлекеттік рәмізіміз – Елтаңбаны жасау кезінде бірегей белгі-бедерлерді қалай ойлап тапқанын өзі әңгімелейді.

Тулардағы бейнелі суреттерден бұрын таңбалар пайда болса керек. Түркі тайпаларында, оның ішінде қазақтарда таңбалар мал иелігіне, ру аттарына сай болып келеді. Мысалы, Арғынның таңбасы – «көз таңба», Керейдің таңбасы – «ашамай», Шапыраштының таңбасы – «Ай», Төренің, Таманың, Тарақтының таңбасы «тарақ» болып есептеледі.

Ірі рулардың таңбасында енгізілген қосымшалар арқылы олардан тараған бұтақтар белгіленіп отырған. Таңбалар мән-мағынаға толы болып келеді, халықта олардың айтылмай тұрған сырлары да бар деген сенім орын алған. Таңбаға қосымша тағылатын белгі, түрлі киелі дүниелер де кездеседі. Сақталған аңыздардың бірінде Шыңғыс хан Қоңыраттың биі Сенкелге: «Ағашың – алма, құсың – сұңқар, ұраның – қоңырат, таңбаң – ай болсын», – депті-міс.

Соңғы жылдары менің көптеген таңба жасауыма тура келді. Тіпті республиканың туын жасау бәйгесіне де қатысып, екінші орын алғаным бар. Мен нені жасасам да халқымыздың дәстүріне, тарихына, тынысына және

дүниежүзілік тәжірибеге сүйене отырып, олардың қай-қайсысын да қазқалпында көшіріп алмай, тек жасалу жолдарын, принциптерін қабылдап, соның жолын іздедім. Басты назар аударғаным – елдік белгі нышандардың әдемі жасалып, анық өнер туындысы, төлтума болуы. Әрине, жасағанымның бәрі сәтті деуге болмайды. Дегенмен...

Өзім білгенімше Қазақстан мемлекеттік рәміздерінің мәнін және идеясын терең сомдауға тырыстым. Ел таңбасының авторы мен болғандықтан, 18 қаңтар 1993 ж. маған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мынадай хат жолдаған болатын:

«Құрметті Шота-Аман Ыдырысұлы!

Сіздің Егемен еліміздің Ел таңбасының авторы болғаныңыз халқымыздың есінде мәңгілік қалмақ. Амансау, табысты болыңыз. Н.Назарбаев. 18.01.1993».

Ел таңбаңы жасағаным туралы бірнеше мақала жазып, көптеген БАҚ-ға интервью бердім. Бірақ мен басқа да Мемлекеттік рәміздерді жасағанымға тоқталып кетейін. Мен арнайы ежелгі мәтіндерді көп оқыдым. Қазақтар

байырғы туды өте қасиетті деп санайтын. Әскери науқан алдында батырлар туға қарап, сәттілік тілейтін. Жалау еркін желбіреп тұрса, сондай-ақ қыран қанаты сияқты бұл жақсылықтың белгісі деп саналған. 1935 жылы жарияланған «Бөгенбай» дастанын оқып шықтым, бірнеше сызықтарын келтіруге болады. Қарт Бөгенбайсарт Сарыбайға «Туды әкел!» деп тапсырыс береді:

... Сарыбай, туынды әкел, мен көрейін,
Ту сөйлесе, рұқсат мен берейін!
Тиіспе ақ безелген жұртқа бекер,
Дәрежең үстем болар жол мерейін.

Ақ туды Бөгенбайға әкеп берді,
Көріңдер қасиетті Бөген ерді –
Мойнына кісен салып, тілек тілеп,
Қолына ап дөң үстінде ту көтерді.

Айдынды ту әркімді қыздырады,
Ер Бөген туға қарап зар жылады.
Өз-өзінен қозғалып сонда ақ ту
Желпініп көкке қарай созылады.

Ер айтты: – Ей, Сарыбай, тыңда сөзді:
Ту толқудың алғашқы түрін бұзды.
Рұқсат сен сұрасаң, мен берейін,
Шырағым баса көрме жаман ізді...

Тағы бір дастанда мынадай жолдар бар:

... Қабанбай жотада тұр ақ ту ұстап,
Көрген соң бұл ұрысты ашуы ұстап:
Ту ұста, – деп шақырды, – кел біреуің!
Айбыны арыстанға кеткен ұқсап!

Туды жасағанда жабайы жануарлардың образдарын пайдалану, оларға ғибадат қылу – ежелгі сақтардан бастап, көшпенділердің дәстүр-салты болды. Сондықтан белгілі ақын Сүйінбай айтқан жоқ па:

Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Бөрілі найза ұстасам,
Түйремей кеткен жан емен.

Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен.

Мен тудың жобасын дайындау кезінде, Хан Абылайдың «Ақ Туы» туралы аңызға сүйендім. Мысалы, Жәңгір хан немересі Шәңгерей Сейіткерейұлы өлендерінде мынадай жолдар бар:

Ақ туын Абылайдың қолына алсаң,
Артында аламанның біреуімін...

Елбасының Байрағы

Елбасының Байрағын жасаған авторлар: Шот-Аман Уәлихан (жетекшісі), Өмірзақ Шанов, Жұмақын Қайрамбаев, Қайрат Сұраншиев.

1992 жылдың аяғына қарай Алматы қаласының таңбасына (гербіне) бәйге жарияланды. Үзеңгілес өнер иелерімен бірге қатысуды ойлап, мен де іске кірістім. Ізденіс барысында бірнеше нұсқалар туындап, ең соңында екеуіне ғана көңіл тоқтаттым.

Бірінші үлгіні шеңбер пішінді етіп жасадым. Шеңбер – мәңгілік белгісі: оның қақ ортасында қанатты барысқа мінген ханзаданың бейнесі салынған. Адам орнықты отыр, жүгенсіз ақ барыстың жүріс-тұрысына ие, бұл жай табиғатпен қоян-қолтық тектестікті көрсетсе керек. Ханзаданың мойнында алтын алқа мен тұмар, басында қазақы шошақ қалпақ, алақанын жайып, білезік салған оң қолын көтеріп, «қарусызбын», «жүрегім бәрің үшін ашық» дегендей таудан тауға өрлеп барады. Бұл бейне Елбасының ордасы болған астанамыз Алматыға лайық қой деп ойладық. Бай табиғатта бар, арман қанатына мінген көшбасының қимылы да ширақ, мақсаты да биік деп түйдік.

Екінші үлгі – қалқан сияқты кеңістікке салынған шаңырақты көмкерген бес «жапырақты» алма ағашының гүлі. Өсіп-өну, өркендеу қазақ қалаларының қара шаңырағы Алматыға тән емес пе?

«Алматы» деген жазудың өзі тау шыңдары сияқты бейнеленді. Тілімізге

тиек болып төмендегідей өлең жолдары да оралды:

Алманың бес күлтелі гүлі қандай?!
Аппақ боп тау басында жатқан қардай.
Алматын – алтын шаңырақ – күн бейнелі,
Ғажайып осы гүлден жаралғандай...

Бұл жұмыстарымыздың тағдыры әртүрлі болып шықты. Екіншісі қабылданбады, ал біріншісі?..

1993 жылғы қаңтардың 18-інде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесудің сәті түсті. Ол кісі қанатты барысқа мінген «жігітке» назар аударып, өз байрағының басты белгісі ретінде пайдалануға ниет білдірді. Біз мұны қуана қабыл алдық.

Дүниежүзілік тәжірибеге жүгінсек, көптеген елдер Президенттерінің немесе Корольдары мен әйел билеушілерінің өз байрағы (штандарты) бар. Олар кейде өздерінің әулеттік (фамилиялық) белгілері болса, соны пайдаланып, әйтпесе мемлекеттік дәрежедегі рәміздерге сүйенгенге ұқсайды.

Әрине, қайбір тудыңда (мемлекеттік ту не штандарт) өмірде алатын орны, маңызы зор. Көне дүниеге көз салсақ, тудың пайда болуы тотемдік (тотем – үндістердің тілінде «рудың белгісі» деген мағынаны береді) ұғымда жатыр. Діни наным-сенімдерге байланысты әрбір рудың өзін қолдайтын «иесі» бар деп түсінілгендіктен сол иенің суреті, не болмаса таңбасы қатты қадір-құрметке бөленген. «Қасиетті» бейне аяқасты қалмасын, үстемдік көрсетіп, айналаға шарапатын тигізсін деген ұғыммен сырыққа байланып, ту болып желбірейтін болған. Сондықтан ту да қолдайтын, сыйынатын күш сияқты саналған, ол еркіндіктің, азаттық-

тың нышанындай, жеңістің де, тәуелсіздіктің де рәмізіндей есептелген.

Ту толқудың алғашқы түрін бұзды.
Рұқсат сен сұрасаң, мен берейін,
Шырағым баса көрме жаман ізді...

Тағы бір дастанда мынадай жолдар бар:


... Қабанбай жотада тұр ақ ту ұстап,
Көрген соң бұл ұрысты ашуы ұстап:
Ту ұста, – деп шақырды, – кел біреуің!
Айбыны арыстанға кеткен ұқсап!

Сөз жоқ, ата-бабаларымыз туды қастерлеген, қадірін білген, елдігінің белгісі деп қарап, қанкешті соғыстарда қолынан түсірмеген, құлатпаған.

Абылайханның Айдабол Байғозы атты ту ұстар батыры болыпты. Сұрапыл соғыс үстінде сол жақ тізесінен үш оқ бірден тиіпті. Ту қолында, жалма-жан қосқа келіп, бақыршы балаға: «Бір бакыраш, май қайнат», – депті. Майды қайнатып алып келген соң, ат үстінде тұрып, аяғын тізесінен шорт кесіп, сан жағын қайнап тұрған майға батырып, шалбарының балағын тас қып буып, кесілген аяғын қолынан түсірмей, қайтадан жауға шауыпты дейді аңыз...

Тудың басты белгісі ретінде жыртқыш аңдардың бейнесін пайдалану, оған сыйыну – сонау сақтардан бастап, барлық көшпенділерге тән болған. Бұл көзқарас ритуалдық іс-қимылға барып ұласатын сияқты. Кешегі өткен Сүйінбайдың өзі де айтпады ма:

Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Бөрілі найза ұстасам,
Түйремей кеткен жан емен.



Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен.

Біздің айтарымыз – Қазақ Елі Президентінің байрағы (штандарты) – тарихымызға, дәстүрімізге терең бойлап, көп ойланып-толғанып жасалған рәміз. Атам заманнан арыстан, жолбарыс, барыс мемлекеттік күшті, қуат пен жігерді көрсетеді. Ал, қаһарманымыздың жүзі ашық, қолы қарусыз болуы тыныштыққа, достыққа ұмтылуы деп түсінген абзал.

1995 жылдан бастап 2012 жылға дейін, Қазақстан Республикасы Президентінің Штандарттың осы нұсқасы Тәуелсіздіктің шабыт символы ретінде қызмет атқарды. (2013 жылы Штандарт өзгертілген – оған Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесін енгізу арқылы).

Жетісу бойында «патшалар» обалары деп аталатын – биіктігі жиырма, ені 104 метрдей қорғандар көп-ақ; олар басқа елдерде кездесе бермейді. Соның бірінен табылған, біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларда жасаған «алтын адамның» бейнесін осы шығармада өзімізше тапқырлықпен пайдаланғанымыз орынды болды. Египет мемлекетінің туындағы «қанатты алтын қыранның», Израильдің туындағы «Дәуіттің жұлдызының» тарихи шындықтарға сүйене отырып жасалғанының басы ашық.

Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының таңбасы

Бұл эмблеманы жасау керек екендігін алғаш айтқан қоғамның сол кездегі төрағасы Сабыр Біләлұлы Ниязбеков еді. Марқұм көзқарасы кең, ойы терең, өнердің өмірінде алатын орнын білетін, оны қадірлейтін, түсінетін азамат болатын.

Эмблеманы жасаудағы басты мақсат – қоғамның мәдениет және тарих ескерткіштерін қорғаудағы рөлін, міндетін көрсету және елімізде қорғауға

тұрарлық дүниенің баршылығын жеткізу болды.

Ақырында эмблема төмендегідей сипат алды.

Шеңбер. Өн бойына қоғамның аты – Орхон-Енисей руникалық жазбаның стилімен қашалып жазылды. Ортасына Айша бибі күмбезінің «бет әлпеті» салынды. Оның алдында, шеңберден шығыңқырай көсіліп жатқан арыстан – грифон үлкен қорғаныш күштің барын ескерткендей. Бұл бейне Эрмитаждағы 1-Петрдің «Сібір коллекциясы» атты алтын қорынан алынды. (Қазақ жерінен жиналған дүниелер еді ғой – *Ш.У.*). Сайып келгенде айтқанымыз: біздің ата-бабаларымыз ошақтың үш бұтындай үш үлкен сала: жазба мәдениеті, сәулет өнері мен бейнелеу өнерінің мұрагерлері деген ой болатын.

Эмблема жасалғалы он-он бес жылдай уақыт өтті. Осы нышан ажарын ашқан түрлі медальдар, значоктар, түрлі баспа бұйымдары (суреттер) шығарылды. Қоғамның құрметті мүшесінің белгісінде де бұл таңба салынды.

Кезінде бұл эмблема Мәскеуде шыққан өнер күнтізбесінде де биік бағаланды.

Халықаралық Абылай хан қорының таңбасы

Шеңбер. Ортада хандар киетін бас киімге ұқсас тұмар формалы үш бұрыш (үш жүздің нышаны деуге де болады – *Ш.У.*) салынған; оның басты суреті – қазақ шаңырағы. Төменде – қордың қысқартылып, «ХАҚ» деп алынған аты (қысқарған сөз). «ХАҚ» деген «шындық», «тәңірі» деген ұғымдарды береді. Бізге жеткен барлық құжаттарда Абылай араб жазуымен «Бахадүр Абылай» деп қол қояды екен; біз оны да пайдаландық.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Таңбасы

ҚР ҰҒА академиясының Президенті К.А. Сағадиев 1994 жылы та-

мыздың екісінде бекіткен бұл таңбаның сипаттамасы төмендегідей.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының таңбасы (эмблемасы) шеңбер пішінді. Ал шеңбер мәңгілік белгісі екені мәлім. Бұл шеңбердің ішіне үш күлтелі гүл салынған үш бағытты: гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық салаларды білдіреді. Олар өзара бір-бірімен сабақтаса өрілген күйде білім теңізінен суындап жатқан секілді. Күлтелердің дәл ортасында алуан тіршілік құбылыстарына ғылым назарының ауатыны бейнеленген. Тіршілік рәмізі ретінде «қос балық» бейнелері алынған, олардың бірі – Жер-ана да, ал екіншісі – Аспан-әке (егер қаласаңыз – ғарыш) екеуі қосылып, біртұтастықты – еркек пен әйел жаратылысының егіздігін білдіреді.

Күлтелердің ішіне орналасқан үш кішкене шар тәріздес денелер атом ядросын елестетеді. От пен судың жанасуы – адамзат баласының тынымсыз ізденіс, зерттеу арқасында әлі де талай жаңалықтар аша беретінінің дәлелі.


Сыртқы шеңберде: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы» деген жазулар бар. Ал шеңбердің тұйықталған астыңғы тұсындағы қара шаңырақ Қазақстан Республикасының Республикасын паш етіп тұр.

Бағзыдан әлемнің суретшілері осындай рәміздерге жүгінген. Мысалы, Месопотамия мен Иранның рәмізі – өмір ағашы болса, ал ортағасырлық Англиялық корольдің рәмізі – раушангүл, Жапонияның рәмізі – сакура (шие гүлі) екені баршаға аян.

Сонымен бірнеше рәміздердің өзара үйлесімді жиынтығы ойымыздың тоқетері болды. Осындай ізденістер арқылы ҚР ҰҒА таңбасын жарыққа шығардым.

Замандасқа айтылған сыр

Жасаған дүниелерімнің бәрі төрт аяғынан тік тұрып кәдеге асты, әйтпесе



олар істеген жұмысымның сапасы төмен болғандығына байланысты іске аспай қалды дей алмаймын. Конкурсты өткізу, көптеген жұмыстардың ішінен ең жақсысын таңдап алу – қиынның қиыны. Әділ шешу көп жағдайда қазылар алқасының құрамына, жеке адамдардың талғам-түсінігіне орай болып та кетеді.

Мәреге жетпей қалған жұмыстарым деп «Отан», «Алтын қыран» ордендері жобасын, Алматы қаласы құрметті азаматының белгісін айтар едім.

Әрбір отбасының өз туы болуы мүмкін бе? Ондай ту менде бар. Ол – менің Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесіне негізгі нұсқа ретінде ұсынылып, сессияда өтпей қалған туым.

Сәл ілгеріде келтірілген өлеңде Бөгенбай батырдың ұстағаны да ақ ту ғой; ол Абылайдың арқа сүйер батыры емес пе еді? Абылайдың батыры Тарақты Байғозының қолында сақталған туын да көзіммен көрдім, ол сарғылт (уақыт өз белгісін салса керек – Ш.У.) түсті екен.

Сонымен, менің алғаш жасаған туым жоғарыдан төмен тартылған үш



жолақтан (екеуі ақ, біреуі көк) тұрды. Ортадағы аспан түсті көк жолақта – шаңырақ бейнесі, оның оң жағында – жаңа туған ай мүсіні. Қазақ: «Айың тусын оңыңнан, жұлдызың тусын солыңнан!» – демей ме?! Сол жақтағы ақ жолаққа сегіз қырлы жұлдыз салынды.

Осы тудың кішкентай жобасын жасап, белгілі қоғам қайраткері Мұхтар Құлмұхаммедпен бірге көшеге шыққанымыз бар. Бізге Алманияда ғұмыр кешіп жатқан жерлесіміз Ахмет Бәкі кездесе кетті. Ол: «Бұл не ту?» деп сұрағанда, «Болашақ ұлттық туымыздың жобасы ғой», – дегенде, сонда ол тізесін бүгіп: «Біздің аңсап

жүргеніміз осы емес пе?» – деп жылап жібергені естен кетпейді. Мұхтар екеуіміз ұлттық тудың орасан зор рухани мәні барын сол жерде тағы да тереңірек түсінген едік...

Қазақ халқы әр түске мән берген, олардың көтерер рәміздік жүктері бар. Көк түс – жұлдызды аспанға байланысты. Ақ деген қасиетті сөзді бесікте жатып-ақ естімедік пе?

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Бурыл тайға мін, бөпем,
Ақ кызы бар ауылға
Бұрала барып түс, бөпем...

Ресей туында ақ жолақтың болуы ізеттілік пен ақ жарқындықтың белгісі деп каралады. (Г. Геродник. «Каким будет Герб и Флаг?» «Неделя», №49, 1991 жыл).

Адамзатқа мәшһүр гуманистердің бірі Николай Рерих халықаралық Мәдениет туын ойлап тапты. Ол ақ еді, ортасында бірлік пен мәңгіліктің белгісі – бірімен-бірі айқасқан үш шеңбер салынған. Бұл туды Н. Рерих 1935 жылы Вашингтонда АҚШ-тың Президенті Т. Рузвельттің алдында көтерді.

Өмір бір орнында тұрмайды, талай таңбалар жасалар! Таңба – ол белгі, тұмар болашақ ұрпақ үшін аманат деп сенемін. Ұлы қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Күншығыстан таң келеді...» деген пікірі қазіргі кезде шын мәнінде пайғамбарлық.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері, біздің еліміздің негізгі ескерткіштері сыйымды және толық Тәуелсіз мемлекет идеясын білдіреді. Сонымен қатар, бұл – қуатты ұлттық рәміздері ғана емес, сонымен қатар, маңызды сыртқы белгілері арқылы әлем біздің еліміз білетін болды. Мемлекет рәміздері арқылы әлем Қазақстан Республикасын және оның халқын таниды.

Автор туралы: филология ғылымдарының кандидаты, М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің докторанты.

About the author: Candidate of Philology, doctoral student of the Faculty of Journalism at Moscow State University M. Lomonosov.

Об авторе: кандидат филологических наук, докторант факультета журналистики Московского государственного университета им. М. Ломоносова.



Нұрлан АСҚАРОВ

ҰЛТТЫҚ КӘСІПҚОЙ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ БАСТАУЫ – «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ

Андатпа: Мақала қазақтың тұңғыш журналы – «Айқаптың» шығу тарихына, оның қазақ журналистикасы тарихында алатын орны мен маңызын айқындауға арналған. «Айқап» журналының XX ғасыр басында жалпыұлттық диалог алаңын қалыптастыру арқылы қазақ халқының ортақ елдік ұстанымдарын орнықтыруына, қазақтың жазба әдеби тілінің ұшталуына, біртұтас ақпараттық кеңістік пен ұлттық гомогенді аудитория қалыптастыруға сіңірген зор үлесі жеткілікті негізделген. Автор нақты тарихи деректер мен журналда жарық көрген материалдарға, сондай-ақ журналистика тарихы мен теориясын зерттеуші жетекші ғылымдардың пікірлеріне сүйенеді.

Nurlan ASKAROV
BEGINNING OF THE NATIONAL PROFESSIONAL JOURNALISM – MAGAZINE
«AIKAP»

Summary: About the first Kazakh magazine «Aykap», its role and significance in the history of Kazakh journalism. The author claims that the magazine «Aikap» at the beginning of the twentieth century, through the formation of a national dialogue, expanded the scope of the Kazakh literary language and contributed to the folding of the national information space and homogeneous audience. The article is based on historical facts, published in the journal materials, according to leading scientists, researchers.

Нұрлан АСҚАРОВ
НАЧАЛО НАЦИОНАЛЬНОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ – ЖУРНАЛ «АЙКАП»

Аннотация: Статья посвящена первому казахскому журналу «Айқап», его роли и значению в истории казахской журналистики. Автор утверждает, что журнал «Айқап» в начале двадцатого века посредством формирования национального диалога расширил сферу казахского литературного языка и способствовал складыванию национального информационного пространства и однородной аудитории. Статья основана на исторических фактах, опубликованных в журнале материалах, мнениях ведущих ученых, исследователей.

Ұлттық баспасөздің пайда болу алғышарты

1905 жылғы орыс төңкерісі Ресейдің өзін ғана емес, оның отарлық езгісінде зар илеген бодан елдерді де дүр сілкіндірді. Бұл өзгеріс қазақ халқына екі түрлі жағдайда әсер етті. Бірінші – ақ патшаның қазақ жерін отарлау саясаты мықтап күшіне енді. Екінші – қазақ өлкесінде орталық езгіден құтылуды көксеген ұлт бостандық қозғалысы туды [1, 124-б]. Осы орайда, ұлы мақсат дүмпуімен тарих сахнасына шығып, жаңа қалыптасып келе жатқан интеллигенцияның дүниетанымында ұлттық мүддені қорғау, бостандыққа жету жолдарын бағдарлау басым орын алды. Оның үстіне, бұған 1905 жылдың 17 қазанында патша үкіметі шығарған «аты шулы» манифест те ерекше әсер етіп, азаттық тілеген жүрекке жалын берді. Манифестің демократиялық сипаты бас қосуға, жиналыс жасауға, ой айтуға, білім алуға, еркіндік берумен бірге адамның қара басының құқығын қорғауға кепілдік беріп, үкіметті халық кеңесі басқарады деген негізгі принциптерінен аңғарылса керек.

Азғана кеңшіліктен серпін алған қазақ интеллигенциясы елде жаңа сипат, өзгеше өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа бағыт-бағдар көрсету мақсатында газет шығару, кітап бастыру, петиция тарату сияқты күрес құралдарын игере бастады. Бұның бәрі сайып келгенде, патшалық билікке қарсы, отарлаушылыққа қарсы, қоныс аудару кезінде болған жолсыз қиянаттарға қарсы қадам еді. Осы ниет ұлттық-демократтық қозғалыс идеясын тудырып, қазақ халқының тең құқығын қорғау, мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіріп, жүйелі жолға қою, шұрайлы жерлерден айырылмай үшін көшпелілерді отырықшыландыру т.б. сияқты көкейкесті мәселелерді алға тартты. Осының бәрі жиылып келіп «Қарқаралы петициясын» жаздырды. Петиция 1905 жылы 4 қазанда «Сын оте-

чество» газетінде жарияланды. Онда діни сенімдерді атқару, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою, қазақ ауылдарында орыс тілімен қатар қазақ тілінде де сабақ жүргізетін мектептер ашу, қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылау үшін цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұхсат беру; жаппай қоныстану қарқынын күшейтіп, мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, т.б. мәселелер көтерілді [2, 110-б].

Бұл петиция қазақ үшін манифестік рөл атқарып, ендігі бет-бағытты айқындап берген маңызды құжат болды.

XX ғасыр басында қазақ халқының мынаған көзі анық жетті:

1) Ресей империясының отаршылдық езгісінен шашақты найзаның ұшы, ақ білектің күшімен құтыла алмайсың. Бұған Есет, Жанқожа, Кенесары хан көтерілістері сабақ; 2) ақылға салып, айланы асыруға әрекет ету. Ол үшін қайтпек керек? Оқу керек, ғылым молайтып, өнер үйрену шарт. Сонда ғана өзінді өзген елмен терезең тең, бірдей дәрежеде боласың. Бұл Абай хакім нұсқаған жол; 3) тұрмыс салтына өзгеріс енгізіп, заман талабына икемделу. Сайып келгенде, мұның бәрі марғау қазақ тіршілігіне қозғау салған факторлар болды.

Енді оянған ойға кең өріс табу қажет болғанда ұлттық баспасөз тууға тиісті еді. Оған үш түрлі жағдай себеп болды. Біріншіден – саяси, екіншіден – өзге елдердің үлгі-өнегесі, үшіншіден – әдеби-ақпараттық тілек-талаптың өсуі. Осы мәселені жыға таныған қазақтың көзі ашық азаматтарының бірі Мұхамеджан Сералин (1872-1929) елге жолбасшы боларлық газет-журнал ашуға бел байлады. М. Сералин татар журналисі Ф. Ганиевпен бірге газет шығару хақында келісім жүргізіпті. Газет орыс және қазақ тілдерінде шығарылуға тиіс болған көрінеді. Орыс

бөлімінің редакторлығына Ильинский жобаланғанымен, идеялық-бағыттық тұрғыда араларында бірқатар қайшылықтар туындап, онымен келісе алмайды [3].

Содан кейін М. Сералин 1906 жылы мамырда Троицкіде «Зауралье» атты газет арқылы қазақтың демократ интеллигенттеріне ана тілінде газет шығармақ ойы бар екендігін хабарлап, олардың жәрдемдесуін өтініп болады. Алайда Орынбор губернаторы «зиянды бағыты» үшін газетті жаптырып, М. Сералин жоспарының орындалуына мүмкіндік болмайды. М. Сералиннің бұл ойы тек 1911 жылы ғана жүзеге асты.

Оның ниетін қолдап, тұңғыш қазақ тіліндегі журналды шығаруға атсалысқан адам Троицкідегі «Энергия» баспаханасының қожасы Хаили Шумлих Сосновский болды [4, 239-240-б].

1911 жылы желтоқсан айында М.Сералин журналдың 12-ші санында «Айқаптың» шығу тарихына тоқтала келіп: «он екі айдан бері «Айқап» журналы жұрттың біразын оқуға үйір қылды. Қазақша ойлауға, ойын қазақша жазуға бірсыпыра адамды үйретті» – деп жазды. Сөзінің соңында «жыл бойынша журналдың тоқтамай шығуына себеп болған мырзаларға «Алла разы болсын» айтпай қала алмадық. Әуелі, матбуға қожасы Сосновскийге арзан бағамен журналымызды басып һәм білген маслихаттарын айтып жәрдемдескеніне. Екінші, Тәңірберген Тұрысбеков, Сәдуақас Шорманов, Ғабділрахман Жүсіпов ... жәрдем еткен үміт иелеріне. Үшінші, бір жылдан бері тынбай сөз жазып келе жатқан шәкірттерге» [5] ризашылығын білдірген. Осынау аз ғана деректің өзі «Айқап» журналының шығу тарихы туралы көп жайттың ұшығын аңғартады. Сонымен қазақтың тұңғыш журналы – «Айқап» 1911 жылы 10 қаңтарда Троицк қаласында жарық көрді.

Азаттық жаршысы – «Айқап»

Белгілі – бір басылымның бет-бағыты, мазмұны, т.б. қасиеттері шы-

ғарушы мекемеге немесе бас редакторға тікелей байланысты болатыны белгілі. Басқарушының ой-өресі, білім деңгейі, дүниеге көзқарасы бәрі-бәрі басылымның бет алысынан, ондағы материалдардың тақырыптық-идеялық мазмұнынан айқын көрінеді. Осы орайда журнал басқарушысы Мұхамеджан Сералиннің бітім-болмысы жайында бірер сөз айта кетудің артықтығы болмас.

Мұхамеджан Сералиннің қаламгер-қайраткер болып қалыптасып, азаматтық биіктеуіне мынандай факторлар әсер еткен. Ең алдымен, ол үш мәдениет – қазақ, орыс, татар халықтары мәдениетінің аясында жетілді [6, 50-б]. Бұған географиялық ортаның әсері де болды. Ол Қазақстанның Ресеймен шектесетін аймағында дүниеге келді. Туғаннан өз халқымен бірге татардың, сондай-ақ келімсек-қарашекпендердің тұрмыс-тіршілігімен етене таныс болып өсті. Оның үстіне Троицк мен Қостанай қалаларында оқып, сонда өсуі оның жалпы көзқарасын орнықтырды. Бұл қалаларда тұратын халықтың басым бөлігі орыстар мен татарлар болатын. Осы орта Сералинге әсер етпей қоймады. Үш түрлі мәдениеттен терең сусындап өскен азамат өз халқының көкейкесті, ділдір мәселелерін терең түсінді.

Отаршыл империяның озбыр саясатын, ондағы әділетсіздікті көріп-біліп, одан халқын құтқарар жол іздеді. Осы ретте халықтың көзін ашып, ілгері бастыратын құрал – баспасөз деп тапты. Мұндағы мақсатын журналдың тұңғыш санының бас мақаласында былайша тарата баяндайды: «Газет һәм журнал халық үшін екендігіне шек жоқ. Халықтың қай дәрежеде алға кеткендігі – халық арасында таралған газет-журнал һәм кітаптардан білінеді», – деп баспасөздің халық өміріндегі алатын маңызына орынды баға бере келіп, осыған дейінгі жарық көрген басылымдар жазушылардың кемдігінен тоқталғанын, оған кінәлі қазақтың ынтымақсыздығына қынжылып, хал-

қына орынды өкпе-наз айтумен бірге, «жұртқа атақ шығарып білім сату үшін емес, бәлкім дәулет иесі ағалар мұны көрген соң ойланар» деген ниетін білдіріп, «Айқап» мағынасын аша кетеді. «Журналға «Айқап» деген есім бердік. Бұл сөзге түсінген де балар, түсінбеген де табылар. Біздің қазақтың «Әй қап!» демейтұғын қай ісі бар?! Газет шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді. Пұлы барларымыз ынтымассақ та, ақшасыз істің жөні табылмады. «Қап, пұлдың жоқтығы, қолдың қысқалығы-ай» дедік. Жақсы жерлерімізді қолда сақтау үшін қала салмақ болдық. Басымыз қосылмады. Қолайлы жерлер қолдан кетті. «Қап, ынтымақсыздығымыз-ай» дедік. Болыс, би, ауылнай боламыз деп таластық, қырылыстық. Жеңілгеніміз жеңген жағымызға «ендігі сайлауда көрерміз, қап, бәлем-ай» дедік. Осындай біздің қазақтың неше жерде «қап» деп қапы қалған істеріміз көп болған соң, журналдымыз да өкінішімізге ылайық «Айқап» болды [6]. Осында көтерілген: 1) ынтымақсыздық немесе қазақтың келеңсіздіктері; 2) жер мәселесі, қала салу; 3) өнерсіздік; 4) сайлау былығы секілді ел өміріндегі өзекті мәселелер журналдың болашақ бет алысы мен негізгі ақпараттық күн тәртібін меңзеп қана қоймай, көптеген айтыстарға арқау болып, қазақтың қоғамдық ой-санасына серпіліс әкелді. Әрі жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ жазба әдебиетін тақырып жағынан кеңейтіп, өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру жолында соны ізденістерге жол сілтеді.

Өз бетінде уақыт алға тартқан қоғамдық-мәдени, саяси-әлеуметтік мәселелерді көтеріп қана қоймай, сол мәселелерге қал-қадырынша ой-пікірін, өз көзқарасын білдіріп отырған «Айқап» журналы 1911 жылдың қаңтарынан бастап 1915 жылдың тамыз айы аралығында Троицк шаһарындағы «Энергия» баспаханасында қазақ

тілінде үзбей шығып тұрды. Араб әрпімен теріліп, әуелінде айына бір рет, кейінірек екі рет шығып, жалпақ қазақ даласына кеңінен таралды. Журналдың таралу шеңбері, ұзын саны жайында Ғабдолғазиз Мұсағалиев бұл басылымды 1000 оқушы алып тұратынын жазды [7]. Мұның өзі журналдың таралымы бір ізге түсіп, өрісін ұлғайтып, қанатын кеңге жая бастағанын көрсетумен бірге төңкеріске дейінгі қазақ халқының сауаттылық деңгейінен де хабардар етеді. Бұл ретте ескеретін мәселе, басылымның таралымын жоғарыда айтылғандай тек 1000 данамен шектеп қарастыруға болмайды. Батыс ғалымдары П. Лазарсфельд, Б. Берельсон және Г. Годэ ұсынған «ақпараттың қос деңгейлі ағыны» гипотезасына сәйкес, басылымның таралым саны оны оқушылар санымен үнемі бірдей бола бермейді. Яғни оқылым саны таралым санынан бірнеше есе көп болуы мүмкін. Нақтырақ айтсақ, басылым ақпараты алдымен «пікір көшбасшысына» жетеді, содан кейін аталған тұлғалар арқылы олардың ықпал ететін, әңгімелесетін аясына таралады. Мұнда айтылған коммуникациялық үлгі қазақ қоғамына барынша таныс әрі кең таралған тәсіл деп білеміз. «Ұзын құлақ» жүйесі жетілген елде газет, журнал оқушылар өз оқыған жаңалықтарын, хабарларын жүрген жерлерінде әңгімелеп, таратып отырған. Бұл бертінге дейін жалғасқан құбылыс. Мысалы, Абайдың өзі оқыған кітаптарын маңайына әңгімелеп беріп, сол арқылы қаншама адамға таралған. Сондықтан журналдың таралымын тек нақты санымен өлшемеу керек, оның эффектісі, қос арна арқылы таралу жүйесінің ауданымен өлшеген жөн.

Сонымен қатар, сол тұста газет-журналды негізінен көзі ашық, оқыған әрі ауқатты адамдар жаздырып алдырғанын және ондай адамдардың ел ішінде сөзі өтімді, пікіріне жұрт ұйыйтын қадірлі адамдар болғанын ескерсек, олардың ақпарат тарату

ауқымының едәуір көп әрі тиімді болғанын байқаймыз. Бұдан шығатын қорытынды, «Айқап» журналы елдің негізгі бөлігін қамти алған.

«Айқапты» атқара келгенде журналдың географиялық кеңістігі анағұрлым ауқымды екендігін аңғарамыз. Бұған басылым бетінде жарияланған әр қилы жанрдағы шығармалар дәлел болады.

Мысалы, журнал алғашқы жылғы сандарының өзінде-ақ «Уақиғалар» айдарында Қазақстанның жер-жерінен, атап айтқанда, Ташкенттен, Алматыдан, Шымкенттен, Әулиеатадан, Оралдан, Қостанайдан, Торғайдан, Ақтөбеден, Маңғыстаудан, Бөкейден, Бақтыдан, Омбыдан, Қапалдан, Семейден, Аякөзден, т.б. хабарлар беріп отырған. Бұл хабарларды ұйымдастыруда М. Сералин қазақ шәкірттерін пайдаланған.

1911 жылдың күзінде редакция өз бағытын түсіндіріп, жазып алушыларды көбейту үшін қызметкері Мұхамедсәлім Кәшімовті Оңтүстік өңірге жібереді. Ол Алматы, Бішкек, Мерке, Әулиеата, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Ақтөбеде болып, Қытай қазақтарынан көргенбілгенін сапарнамасына жазғанда «Айқап» журналының кітапханаларда кездескенін, жаздырып алушылардың бар екенін [8] хабарлайды.

Журналдың шығып тұруына мемлекет тарапынан ешқандай қаржылық көмек болмаған. Қазақ басылымдарына ортақ қаржылық ауыр хал «Айқап» басынан да айықпаған. Бұл орайда журнал жекелеген азаматтардың демеушілігі мен оқушылардың жазылым ақысына сүйенген.

Журнал орташа форматты, 24 бетті болып жарық көрген. Тұрақты айдарларының ішінде «Өлең-жыр», «Фельетон», «Басқармадан», «Одан-бұдан», «Хабаршыларымыздан», «Мұсылмандар тіршілігіне тиісті мәселелер» үзбей жазылып, тарихи-қоғамдық өзгерістерге байланысты «Соғыс жайы», «Оқиғалар» деген айдарлар да қосылып



отырған. Сонымен бірге, журналдың бағыт-бағдары, көтеретін негізгі саяси-әлеуметтік тақырыптар сөз етілген.

Журнал жоғарыда аталған айдарлар аясындағы материалдарын қалай болса солай орналастыра салмай, рет-ретімен жүйелеп берген. Оның мазмұны мен тақырыбына көңіл бөлген. Мысалы, журналдың бірінші бетінде елдің ішкі өмірінде болып жатқан жаңалықтар, ресми хабарлар орналастырылса, екінші, үшінші беттерінде «Ашық хат» айдарымен оқырмандар хаттарын жариялаған. Проблемалық мақалалар (жер, съезд, сайлау, жазу, емле т.б.) төртінші-алтыншы беттерінде беріліп, «Фельетон», «Хабарлар» айдарындағы материалдар журналдың орта тұсынан орын алады. Ал, шетел жаңалықтарын, азаматтар мен көңіл айтулар, жаңа шыққан кітаптарға жарнама сындар, басқармадан ескертулерді журналдың соңғы беттерінен оқуға болады. Журналдың соңғы бетіндегі мұқабаға жарнама, құлақтандыруларды басқан.

Сондай-ақ, журнал бетінде оқушылардың өздерін толғандырған күрделі мәселелерге байланысты қойылған сауалдары және соған лайықты жауаптар да

басылып отырды. Негізінен оқушылар сұрауы халық тіршілігіне жолбасшы боларлық заң-жарлықтардың айнала-сында болып келеді. Күнделікті өмір талабынан туындаған қажеттіліктер – «Жұмыс қарастыру», «Мұғалім керек», «Туысымды іздеймін» сипатты хабарландыруларға да ара-тұра орын берілді. Мұның өзі, журналдың оқырманмен байланыс жасауда өзіндік ұтымды формаларын табуға деген талпыныстарын танытумен бірге, оның әлеуметшілдік сипатын да ашып көрсетеді.

Басылым бетінде баспасөздің хабарлама (Заметка, есеп), талдама (корреспонденция, мақала, баспасөзге шолу) және көркем-публицистикалық (фельетон, очерк, жолжазба) жанларының үш түріне де мысал бола аларлық материалдар көрініс тапқан. М. Сералин «Айқаптың» жинақы, ықшам болып шығуына да айрықша назар аударды. Өйткені, журнал өзімен бір мезгілде шыққан «Қазақстан», екі жылдан кейін жарық көрген «Қазақ» газеттерімен бәсекелесе отырып өркендеді. «Қазақ» газеті «Айқап» бетінде басылған материалдарға шолу жасағанда, «журналдың басылуында келіспеген бір жері бар, соны көрсетуіміз артық болмаса керек. Көлденең сызық астына 7-8 жолды фельетон басуы ұнап бітпейді. Шала-шарпы жазу таныған оқушыларға қиындығы бар шығар. Қандай үлкен орыс журналдарында да бір бетті көлденең екіге бөлгені көрілген жоқ» [9] – деп, өзі байқаған кемшілікті ортаға салады. Алып кетіп бара жатқан пәлендей кемшілік болмаса да, техникалық жағынан болсын, көзге көркем көрінуі мен оқушы түсінігіне ыңғайлы болуы жағынан болсын бұл құлаққағыстың (реплика) зиянды еместігі байқалады.

Бас редактор Мұхамеджан Сералин журналдың тек техникалық жағын ғана қаузамай, оның ішкі мазмұнын да терең әлі ойлы болуын жадынан шығармады. Журналдың жүйелі, тартымды болып

шығып тұруы екі нәрсеге – қаржы және жазушылардың көп болуына тәуелді деп тауып, осы мұқтаждықтардың орынды шешілу жолдарын қарастырумен болды. Басылымның түйінді, маңызды сөздерін М. Сералин, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыровтар айтты, өз маңына ағартушы-демократтық бағыттағы қазақ оқығандарын топтастыра білді. Олардың жазғандарын ілтипатсыз тастамай, мәнділерін іріктеп, әсіресе, өлең-жыр, ғылыми танымдық мақала, көркем әңгімелерге журнал бетінен әрдайым орын беріп отырды.

«Бұл авторлардың ішінде өзінің суреткерлігі айқын ақын-жазушылар да, замана ағымын жіті аңғарған қайраткерлер де, жас өркенді өрге бастамақ зиялылар да, дәуірдің дүбірі қаламына жел берген мұғалімдер де, өз ойын ортаға салуды қажет деп есептеген қажы-молдалар да, жаңалыққа жанасқан шәкірттер де» [10] болды.

Бір сөзбен айтқанда, «Айқап» журналына қазақтың сол кездегі оқығандары, түрлі оқу орындарының оқытушылары мен шәкірттері, хат білген адамдарының барлығы түгел қатысқан. Солардың ішінде журналға үзбей жазып, өлеңдер мен аңыз ертегілерді, тарихи шежірелерді жинап, жариялап, қоғамда болып жатқан өзгерістерге өз көзқарастарын білдіріп, журналдың қанатын кең жайып гүлдене өркендеуіне үлес қосқан Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Нәзипа Құлжанова, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұстақым Малдыбаев, Сабыржан Ғаббасов, Әкірам Ғалымов, Файзолла Сатыбалдин, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Мәнен Тұрғанбаев, Жұмағали Тілеулин, Ғұмар Қарашев, Шәкәрім қажы, Ж. Мәмеков, Нұрбекұлы Сатыбалды, Юсіпқажыұғлы Ғабдолрахман, Түлек баласы Шахмұрат, Ж. Басығарин, Қ. Кеменгеров, т.б. сынды дарынды қаламгерлердің есімдерін ерекше атаған жөн.

Журналдың алғашқы санын шығаруға С. Көбеев, Бейсенов сынды мұғалімдер қатысқан. М. Сералин «Айқаптың» қазақ даласының бар түкпіріндегі оқиғаларды қамтып, жан-жаққа таратуда жер-жерден келген қазақ студенттерін пайдаланған. Олар жазғы демалыста елдеріне барғанда журналда насихаттаумен бірге оған тілшілер мен жазушыларды тартқан. Кейін олардың бірқатары (М. Кәшімов, С. Торайғыров т.б.) журналға қызметке алынған [11, 75-б.]. Журналда татар мен қазаққа тел азамат, қос тілде қалам жебеген Әкірам Ғалымов хатшы болған. Оның «Айқап» бетінде әңгіме, өлең-жырлары үздіксіз басылып тұрған. Енді-енді қанат қағып, таланты жарқырай ашылып келе жатқанда, кенеттен қаза табады. Оның еңбегін, азаматтығын «айқаптықтар» жоғары бағалап, қайтыс болғанына орай азана-ма жариялап, бір жыл толған соң еске алып, суретін басқан.

Ә.Ғалымовтың орнына хатшылыққа Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қызметке алынуына себеп, оның үнемі газет-журналға үзбей жазып, аты танылып қалғандығынан болса керек. 1912 жылы С. Торайғыровтың «Айқап» журналында «Алла разы болсын» айтқан хаты басылған. Онда болашақ ақын Троицкідегі медреседе оқуына қаржы жағынан жәрдем бергендерге ризашылығын білдірген. Бұл ақынның баспа бетін көрген алғашқы шығармаларының бірі. Осында оқып жүргенде көзі ауырып, оқудан шығып қалады. Біраз емделіп, 1913 жылдың қысында «Айқапқа» қызметке тұрады.

Сұлтанмахмұттың қаламгерлік шеберлігін шырдауда «Айқап» үлкен мектеп болды. Алғашқы әңгіме, өлең-жырлары жарық көріп, шығармашылық бақытқа бөленіп, елге таныла бастады. Табиғатынан алғыр, зейінді Сұлтанмахмұт журнал жұмысын жандандырып, жарияланатын материалдардың сапасының артуына назар аударды. Зерттей қараған зерделі

көзге ақын кезінде шығып тұрған журнал сандарынан оның қолтаңбасын оңай байқауға болады. Алайда, Сұлтанмахмұт журналда ұзақ істей қойған жоқ. 1914 жылы қызметтен кетеді. Т. Әбдірахманов ақынның 6-7 айдан кейін қызметтен кетуін «Айқап» пен «Қазақ» арасындағы съезд [12, 138-140 б.] шақыруға байланысты туған пікір араздығынан деп біледі.

Осы мәселеге байланысты Сұлтанмахмұт «Кешегі түнгі түс, бүгінгі іс» атты ұзақ өлең жазып, «Айқап» позициясын жақтап шыққан еді. Айтылмыш мәселеге байланысты журналдың 1914 жылғы 1 санында Ж. Тілеулиннің «Баспасөз» деген мақаласы жарияланды. Онда автор астарлап отырып С.Торайғыровты сөгіп алады да, атын атап, түсін түстемей Шардай Қарасартұғылын шымшылайды. Оның «Қазаққа алалық қайдан келді?» атты мақаласына шүйлігеді. Мақалада Екатерина II патшаның шығарған құпия указында қазақтың басты адамдарын бір-біріне айдап салып, араздастырып қоюы жайы айтылған-ды. Осыдан шығарып автор қазақ оқығандарының да ойы бір жерден шықпай, ірік-жарма болғанына қынжылған еді. Осыны шам көрген Ж. Тілеулин жоғарыдағы авторларды қаралап, Крыловтың мысалдарындағы кейіпкерлерге теңейді. Өзі сөзін сөйлеп отырған журнал бетінде өзіне қарсы мақаланы басқан соң-ақ Сұлтанмахмұт басылымда тұрақтағысы келмеген секілді. С. Торайғыров кезінде өркендеуге бет алған көркем әдебиет, әдеби сынның жағдайы ақын кеткен соң солғындағаны рас.

Журналдағы толымды пікір, мақсаты ұсыныстар негізінен, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, Ж. Тілеулин, т.б. қаламынан туып, пікірталастарға жол ашып отырған.

Сондай-ақ, авторлар құрамына әртүрлі дәрежеде қазақ оқығандары Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Сералы Лапин, Ж. Тілеубергенов, Ахмет Жанталин, Нұғман Манаев, Кошке Кемеңгеров

т.б. кіреді. Бұл орайда тарихи тақырыптарға көбірек қалам сілтеген Ғ. Мұса мен С. Ғаббасовтың орны ерекше. Әсіресе Ғ. Мұсаның жазғандарынан оның терең білімді, дүниетанымдық аясы кең, оқымысты жан екендігі аңғарылады. Ол 1880 жылы бұрынғы Бөкей ордасында дүниеге келген. Ауыл молдасынан хат танып, медіреседе оқиды. Оны бітірген соң, бір кездегі әл-Фараби бабасынша Мысырға аттанып, Каир университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Университетті аяқтаған соң Индонезия, Үндістан, Пакистан, Жапония секілді әлемнің бірқатар елдерін аралай жүріп, олардың тұрмыс-тіршілігінен мақалалар жазады. Ол заңгер, тарихшы, жүйрік журналист болуымен қатар сегіз тілді меңгерген полиглот [13]. «Айқапта» «Мұса Ғ.», «Мусин Ғабдолғазиз» т.б. деп қол қойып, қазақ елінің тарихы, әдебиеті, мәдениеті, өзге елдердің тіршілігімен таныстыруға арналған ғылыми танымдық көлемді мақалалары басылып тұрған.

«Айқапта» қазақтың қызыл сұңқары – Сәкен Сейфуллиннің де тырнақалды шығармалары жарық көрген. Оның фельдшерлік училищеден жолдаған хаты, «Манап» драмасына жазған сынымен бірге бірнеше өлеңдері жарияланған. Бір ғана Сәкен емес, оның қатарында Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Нұғман Манаевтардың есімдерін халыққа танытқан «Айқап» болатын. Олардың қаламгерлік қабілеттері журнал арқылы көрінді.

Қазақ әйелдерінің аянышты тағдырын ұлттық деңгейде көтере отырып «Айқап» журналы тілшілікке қазақ қыздарын да тартты. Олардың жазғандарын ілтипатсыз тастамай, өз бетінен орын беріп отырды.

Журналда Сақыпжамал Тілеубайқызының, Күләйім Өтегенқызының, Мәриям Сейдалинаның, т.б. мақала, өлеңдері жарияланды. Қазақ қызда-

рынан шыққан алғашқы суретші Зореш Сейткерееваны, ана мен бала тәрбиесіне байланысты зерттеулер жүргізумен және сауық кештерін ұйымдастырумен айналысып жүрген Нәзипа Құлжанованы, дәрігерлер Гүлсім Асфендиярова мен Аққағаз Досжанованы үлгі етіп көпшілікке таныстырды.

«Айқапқа» тек қазақтар ғана емес, өзге ұлт өкілдері де жазып тұрған. Мәселен, қырғыз Ишанғали Арабаев, ноғай (шала қазақ) Сабыржан Ғаббасов, түрікмен Шаһмұрат Назари т.б.

«Айқапқа» үзбей жазып, талантының әр қырын жарқырата көрсеткен, әйтсе де қазіргі кезде жұртшылыққа аты белгісіздеу, шығармашылығы зерттеушісін күтіп жатқан аяулы тұлғаның бірі – Сабыржан Ғаббасов. Аты ноғай демесең, заты – қазақ азамат Сабыржанның әдеби мұрасын жинап, зерттеу жайын қолға алған абырой болмақ. Артына мол мұра қалдырған С. Ғаббасов 1889 жылы бұрынғы Жетісу облысы, Лепсі уезіне қарасты Сергиополь қаласында (қазіргі Аякөз) дүниеге келген. Жас кезінен қазақ ән-жырына сусындап өседі. Қазандағы медіреседе оқып, оны бітірген соң Аякөзге қайта оралып, осында оқу-ағарту істеріне байланысты жайыттарды көбірек қарастырса, кейінірек біржола көркем шығармаға бой ұрған. Абайды, Құнанбай қажыны, Шәкәрімді аса жоғары бағалаған [14].

С. Ғаббасов «Айқапқа» тілші ретінде де атсалысқан. Журналда қазақ тарихына, тұрмысына байланысты мақала, очерк, өлеңдері жарияланған.

Журналдың саяси идеологтарының бірі заңгер Жанша (Жиһан-Шаһ) Әл-мұхамедұлы Сейдалин болған. Ол 1911-1915 жылдар аралығында «Айқап» журналының ісіне белсене араласады [15, 20-б.]. Басылым бетінде тарихи маңызы бар ірі мәселелер көтерген бірнеше мақалалары қазақ зиялыларының назарын өзіне аударып, пікірталастар тууына ұйытқы болды [16].

«Айқап» журналы жарық көре бастаған күннен 1914 жылы шыққан 15 санына дейін қазақ тұрмыс- тіршілігінен көптеген мақала, хабар, әңгімелер мен өлең-жырларды мол жариялап тұрды. Әсіресе, журналдың жан-жақты жетіліп, өркендеген тұсы 1912-1914 жылдар. Қазақтың озық ойлы сыршыл ақыны Мағжан Жұмабаевтың нәзік лирикалары, Бейімбет Майлиннің көркем әңгімелері, Сәбит Дөнетаевтың мысал өлеңдері, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлең-жырлары мен сын мақалаларының жарияланып, рухани әлемімізде жаппай түлеу, өркендеуге деген құлшыныстың арта түскен тұсы да осы кез болатын. 1914 жылғы 15 санынан бастап журнал дүниедегі дүбірлі оқиғаларға орай Ресей мен Қытай арасындағы қарым-қатынас және олардың қазақ еліне тигізер әсері жайындағы мәселелерге көбірек мән берген. Бұрынғыға қарағанда көлемі де кішірейген. Жалпы журнал материалдарының солғындай бастағанын да аңғармау мүмкін емес.

Әкірам Ғалымов, Мұхамедсәлім Кәшімов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың тілші-қызметкер болып тұрған кезіндегі әдеби-мәдени дүниелерге байланысты жарық көрген материалдар мен қоғамдық-әлеуметтік, саяси-шаруашылық мәселелерді қаузаған Ж. Сейдалин, Д. Қаратаев, Ш. Қарасартов, Ш. Әлжановтардың өткір мақалаларының деңгейіндегі шығармаларды кездестіру қиын. Бірақ, Мұхамеджан Сералин қандай қиын жағдай болса да басылымның тоқтаусыз жарық көре беруі үшін барынша тырысып баққан. Өзі ту етіп көтерген ағартушылық-демократтық бағытты нық ұстанып, әдеби-мәдени мәселелерді босаңсытпауға күш салған.

Әлем әдебиетінің жауһары – Ә. Фирдаусидің «Шахнама» дастанының бір бөлімін қазақ тіліне аударып, 1915 жылы журналдың бірнеше санында қатарынан жариялайды. Сондай-ақ, Нұғман Манаевтың «Басылмаған

романнан бір кесегі», Б. Айбасов, Қ. Кемеңгеров, С. Сейфуллиннің өлең-жырларын, С. Ғаббасовтың «Тарихи қазақ жайынан» атты ғылыми сипаты айқын көлемді мақаласын басқан. Мұның бәрі, сайып келгенде, журналдың қазақ халқын отаршылдық езгі құрсауы мен надандық құшағынан шығарып, мәдени өркендеуге айрықша ыждаһат танытып қана қоймай, сол жолда сөзімен де, ісімен де жан аямай қызмет еткенін көрсетеді. Көздеген мақсат, ұстанған принципке адалдығын аңғартады.

«Айқап» журналы бес жыл бойы «жұрттың көзі, құлағы болып тұрып, 1915 жылы тамыз айында мүлдем жабылды. М. Сералин «Басқармадан» деген ең соңғы мақаласында журналдың жабылу себебін соғыс, қымбатшылық салдарынан журналды жаздырып алушылар кеміп кетті деп көрсетеді. Бірақ журналға жазушылардың кеміп кетуінің бірден-бір себебі соғыс жағдайының ауыртпалығынан ғана болмаса керек. Көрнекті ғалымдар Х. Бекхожин, Т. Кәкішевтер [17] журналдың жабылу себебін «Қазақ» газетімен арадағы пікір айырымына байланысты қарайды. Бұл пікірді зерттеуші Т. Әбдірахманов та қостайды [18].

Сол заманға жақын ғана емес, қоян-қолтық араласып жүрген алаш қайраткерлерінің бірі Қошкө Кемеңгерұлының да пікірі жоғорыдағылардан қиыс кетпейді. Ол 1924 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан жарық көрген «Қазақ тарихынан» деген кітабында қазақтың орыс қол астына бағынғаннан бергі жай-күйін саралай келе, XX ғасыр басындағы екі басылым маңына топталған қазақ зиялыларына тоқталады. Қазақ оқығандары екі ағымға ашық жіктелді дейді де, олардың мақсатын түсіндіреді.

1) Әлихан тобы күнбатыс мәдениетін жастанып, панисламизм рухынан аулақ қазақ ұлтын жасамақшы болды.



2) Бақытжан, Сейдалин Жаһанша тобы ислам дүниесінен қол үзбей, қазақты ислам туының астына жинамақшы болды. Соңғы топ «Айқап» арқылы өз ойларын таратса да ақырында өз шаруаларымен айналысып, «Айқап» жетім қалды. Ойларына мықты болып, «Айқапты» қолтықтай алмады. Бұлардың елшілікті уақытша ермек қылғаны белгілі болды. Қаламға ебі барлар «Қазаққа» ауған соң, «Айқап» қансырай бастады. Әсіресе, Көлбайдың журнал бетінде жақсы кісі болып көрінуі, журналдың уәкілі Сәлім Кәшімовтың «Қақанды» қарастырып кеткендігі «Айқапты» алдырушыны да, оған жазушыларды да сүзіліп тоқтаты» [19, 68-69-б].

Бұл жерде кейбір мәселелер басын ашуды қажет ететін секілді. Мәселен, Көлбай мен Кәшімовтың жеке бастарының әсері журналға деген көпшілік көңілін басқа арнаға аударып жіберді деуі бір түйткілдің барын аңғартады. Бұл екеуі де «Қазақтың» сол қабағына ілігіп, дабыра болып жүрген азаматтар еді.

«Қазақ» газетінде басылған «Шәуешек жайынан» деген мақалада қаланың жай-күйі, тұрмыс-тіршілігі, халқының мінез-құлқымен таныстыра келіп, «Шәуешек мұсылмандары діндар һәм біздің қазақ секілді қонақасыға жомарт, бауырмал келеді екен. Бірақ шеттен келген неше түрлі сұмдар, мысалы С. Кәшімов секілділер запы қылып тастаған көрінеді» [20] делінген. Біздіңше С. Кәшімовты сұм, алаяқ деп отырғаны, оның журналда тілші болып жүргенде жазған жолжазба очерктеріне байланысты болуы керек. Жетісу, Сыр бойы мен Шәуешек, Құлжа жағын аралағанда жазған жолжазбаларында Мұхамедсәлім жергілікті дүшмен-молдаларды әшкерелеген болатын. Осыған байланысты олар оның сыртынан тісін қайрап, жаман лақап таратқан секілді.

Ал Көлбай Төгісовтың жайына келетін болсақ, ол тағдыры мен ұстанымы күрделі тұлға болды. Оның да асыл мұраты қазақтың жарқын болашағын көздеу, сол жолда қолынан келген қызметін атқару еді. Алайда бұған ол өз тұрғысынан келіп, өз жолын ұсынды. Кейіннен «Үш жүз» атты партия құрып, Ташкентте «Алаш» атты жеке газет шығарды. Мұнысы елге тұтқа болып, көшбасшылық танытып жүрген бірқатар азаматтарға ұнамаған, бақталастығын тудырған болуға керек. Олар тарапынан Көлбай атына айтылатын теріс айыптаулардың астарында осындай бақталастық пен бақастық жатыр деп білеміз.

Жоғарыда келтірілген пікірлердің бәрін қорыта келгенде аңғарылатыны, журналдың тоқталуына себеп – қаражат пен жазармандардың азаюына келіп тіреледі. Мұны «Қазақ» газетімен арада болған пікір айырымына ғана байланысты қарау, бір жақтылыққа соқтырады. Оның үстіне, олардың арасында бір-біріне деген ешқандай жаулық көзқарас болған жоқ. Бұған дәлел боларлық мәліметтер «Қазақ» газетінің «Айқап»

журналы жөнінде, оған жазылушыларды насихаттауға арналған материалдардан, «алты миллион қазақ болып бір журналды демей алмадық» деп күйзеле жазуынан көрінеді. Ал қаражат жағына келсек, бұл тұрғыда «Қазақ» газетінің де үнемі айы оңынан туа бермеген. Сондықтан, бұл мәселеге таптық көзқарас тұрғысынан ғана қарап, «Айқап» кедейдің басылымы болды, «Қазақ» байлардың сойылын соқты, сол себепті қазақ байлары «Қазақты» ғана қолдап, «Айқап» шеттеп қалды» деуге негіз жоқ. Бұл екі басылым да таптық бағыттан алшақ, жоғары тұрды. Барша қазаққа тең қарап, ұлттық басылым дәрежесіне көтерілді.

Біздіңше, «Айқаптың» жабылуына әкеліп соқтырған себептердің біріншісі, соғыс ауыртпашылығы, т.б. жағдайларға байланысты қаражаттың жетімсіздігі, екіншісі, басылымның белді авторлары Жаһанша Сейдалин, Шардай Қарасартов, Бақытжан Қаратаевтардың өз позициясын бекем ұстап, табандылық таныта алмағандығы, үшіншісі, «Қазақ» газетінің көркемдік, тілдік, емлелік, идеялық-мазмұндық сипаты мен өресінің күн санап жоғарылауына байланысты жазармандар мен оқырмандардың газетке қарай аууы және ресми органдар тарапынан цензураның күшеюі болды.

Тұжырымдар

Жоғарыда баяндалған жайттерді қорыта келе төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1. «Айқап» журналы – қазақтың тұңғыш журналы және ұлттық кәсіпқой журналистикасының бастауы. Осы кезге дейін жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», т.б. барлығы патшалық Ресейдің қол астындағы бұратана халыққа арналған ресми баспасөз болса, «Айқап» журналы – қазақ оқығандарының өз күштерімен, өз қаражатымен өз дүниетанымдарына сай ұйымдастырған алғашқы ұлттық басылымы.

2. 1911-1915 жылдар аралығында шығып, 88 саны жарық көрген «Айқап» журналы ағартушылық-демократтық бағыттағы басылым болды. Өз бетінде уақыт алға тартқан ірі-ірі күрделі проблемаларды көтеріп, олардың оң шешімін табуына ықпал етті. Сондай-ақ, журнал ұлттық бірлікті нығайту, қазақ елін мәдениет биігіне көтеру сияқты маңызды идеяларды алға тартқан ұлт зиялыларын маңына топтастыра білді. Олар патша өкіметінің отаршылдық саясатына, қазақ даласына «қарашекпендерді» қапталуға батыл қарсы шықты.

3. Қазақтың ұлттық ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру арқылы баспасөз бетіне қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді тұрақты шығарды.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті маңына топтасқан қазақ зиялылары мынадай төрт мәселе көтерілгенде пікір таластырып, пікірлері кейде тоғысып, кейде қақтығысып жатты. Олар – жер, яки отырықшылық тұрмысқа көшу, бас қосу (жалпықазақ съезін шақыру), емлені бір ізге түсіру және мүфтилік. Бұл орайдағы талас-тартыстар қоғамдық ойға қозғау салып, ел санасының сергек тартуына әсер етті. «Бостандық, теңдік, оқу-білім, мәдениет» деген мәнді сөздер елдің «жүрегі мен тілінде ойнай бастады». Елдің бір-бірімен пікір алысуына, тұтасуына, бірегейліктің қалыптасуына әсер етті.

4. «Айқап» елдің көпшілігін ойлауға, ойлағанын сауатты әрі жүйелі жазуға үйретті. Әдеби тілдің қалыптасып, дамуына ықпалы зор болды. Қазақ тілінде ғылыми терминологияның қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірді.

5. «Айқап» журналы қай мәселені көтерсе де мәдениетпен бауырласып жатты. Ұлттың мәдениетті, бостан елдер қатарына қосылуын жан-тәнімен қалағанда, бұған жетуді оқу-біліммен тығыз бірлікте қарастырды. Елді жаппай оқуға ұмтылып, біліммен қарулануға үндеді. Жер-жерде ұйымдастырылған

әдеби кештер туралы жүйелі жазып тұрды. Ұйымдастырушыларды елге таныстырып, мұндай кештердің қанатын кең жаюына ұйытқы болды.

6. Алғашқы санынан бастап ғылым жаңалықтары және жаңа басылып шыққан кітаптар туралы хабарлар жариялап, көпшілікті таныстырып отырды. Олардың асылы мен жасығын таразылады. Бұл – жұртшылықтың эстетикалық сауатының артып, талапталғамының биіктеуіне қолайлы жағдай тудырды.

7. «Айқап» қазақ кәсіпқой журналистикасының қалыптасуына негіз қалады. Басылым арқылы журналистиканың негізгі жанрлары қалыптасты. Редакциялық менеджменттің, жарнама, жаздыру, демеушілік арқылы басылымды қаржыландырудың жүйесін орнықтырып, жаңа бұқаралық комму-

никация мәдениетін қалыптастырды. Сол арқылы ұлттық біртұтас аудитория түзуге жол салды. Оның басында айына бір рет, кейіннен айына екі рет шығып отыруының өзі қазақтың ділгір мәселелерін тезірек көтеру талабынан туындаған болатын. Кейіннен пайда болған «Қазақстан» газеті, «Қазақ» газеті бәрі-бәрі «Айқаптың» қанатының астынан жетіліп шықты деуге негіз бар. «Қазақстан» мен «Қазақ» басылымдарының газет форматында жарық көруінің өзі уақыттан ұту, ақпаратты жылдам жеткізу талабынан пайда болған еді. Аталған басылымдардың жылдам дамып, көпшілік арасына таралуына «Айқап» журналының осы кезге дейін жұртшылықты баспасөзге үйір қылуы, оқырмандар дайындап, аудиторияны қалыптастыруы оң серпін берді.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М., Жолдыбаев М., Қоңыратбаев Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. – Алматы: Қазмембас, 1933. – 217 б.
2. Қуатов Б. Отанымыздың тарихы туралы саяси әңгіме. – Алматы: Білім, 1993. – 272 б.
3. Ужгин С.С. Сухамеджан Сералин (Мемуарные записки), инв. №171, 1953, ҚР ҰҒА Орталық кітапханасының қолжазба қоры.
4. Ыдырысов Қ. «Айқап» және Сералин //Кітапта: Атамекен. – Алматы: Ғылым, 1990. – 275 б.
5. «Айқап». – 1911. – № 12.
6. Зиманов С., Идрисов К. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 168 с.
7. «Айқап». – 1912. – № 4.
8. «Айқап». – 1912. – № 3.
9. «Қазақ». – 1913. – № 31.
10. Кәкішов Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.
11. Зиманов С., Идрисов К. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 168 с.
12. Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде. – Алматы: Жазушы, 1969. – 180 б.
13. Зиманов С., Идрисов К. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 168 с.
14. «Айқап». – 1915. – № 9.
15. Созакбаев С. Петербургский университет в истории политической и правовой мысли Казахстана: Автореф. дисс. канд. юр. наук. – Алма-Ата, 1985.
16. Сейдалиев Ж. Тағы да съезд хакында //«Айқап». – 1913. – №13-15; Бас қосу //«Айқап». – 1913. – № 16.
17. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы: Қазмембас, 1964. – 264 б.; Кәкішев Т. «Айқап» қалай жабылды? //Жұлдыз. – 1967. – № 8.
18. Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде. – Алматы: Жазушы, 1969. – 180 б.
19. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы («Тарихи тұлғалар сериясы»). – Алматы: Қазақстан, 1996. – 296 б.
20. «Қазақ». – 1915. – №120, 18 апрель.



Об авторе: кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Казахского научно-исследовательского института по проблемам культурного наследия номадов (КазНИИК) Министерства культуры РК.

About the author: Candidate of Historical Sciences, Leading researcher of the Kazakh Research Institute on the cultural heritage of nomads (KazNIK) Ministry of Culture RK.

Автор туралы: тарих ғылымының кандидаты, Көшпелілердің мәдени мұралары проблемалары жөніндегі Қазақ ғылыми-зерттеу институтының (КҚазҒЗИ) жетекші ғылыми қызметкері.

Ирина ЕРОФЕЕВА

«Я К ВАМ ПИШУ...», ИЛИ 800 ПИСЕМ КАЗАХСКОЙ ЭЛИТЫ 17 – 19 ВЕКОВ

Аннотация: Статья посвящена изданию эпистолярного наследия казахской правящей элиты 1675-1821 годов – крупному достижению исследователей Казахстана. Подробно исследуется работа по сбору и подготовке к изданию источников под руководством И. Ерофеевой, в которой принимала участие международная команда переводчиков, архивистов и востоковедов из Японии, Турции, России.

Irina YEROFEEVA

«I WRITE TO YOU ...», OR 800 LETTERS OF KAZAKH ELITE, 17TH - 19TH CENTURIES

Summary: The publication of the epistolary heritage of the Kazakh ruling elite 1675-1821 years a major victory for the researchers of Kazakhstan. The work on the collection, led by Professor I. Yerofeyeva, involved an international team: translators, archivists and orientalists from Japan, Turkey, Russia.

Ирина ЕРОФЕЕВА

**«МЕН СІЗДЕРГЕ ЖАЗЫП ОТЫРМЫН...», НЕМЕСЕ 17-19 ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ
ЭЛИТАСЫНЫҢ 800 ХАТЫ**

Андатпа: Қазақ билік элитасының 1675-1821 жылдардағы эпистолярлық мұрасын жарыққа шығару – Қазақстан зерттеушілерінің ірі жетістігі. Дерек көздерін жинақтау мен басуға әзірлеу жөнінде И. Ерофеева бастаған жұмысқа Жапония, Түркия, Ресей аудармашыларының, архившілерінің, шығыстанушыларының халықаралық командасы атсалысты.

В октябре 2015 года известному историку Казахстана, доктору наук Ирине Викторовне Ерофеевой вручили премию – почетное звание Лауреата Премии Кузбасса от Амангельды Тулеева. Россияне высоко оценили изданный исследователем фундаментальный труд «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах». Искренне радуясь триумфу коллеги, с которой впервые познакомилась еще в стенах Института востоковедения Академии наук б. Союза, в Москве, в годы аспирантуры (Ирина Викторовна приезжала из Алматы на конференции, будучи уже «остепененным» специалистом), хочу немного погрузить читателя в мир восточных витиеватостей и тонких суждений, которыми отличается эпистолярный жанр на Востоке.

Издание источников «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах» (презентация состоялась в РК в мае прошлого года) – крупная победа исследователей Казахстана. В работе над сборником принимали участие переводчики, архивисты и востоковеды из Японии, Турции, России.

Глубокие познания по истории Казахстана XVIII–XIX веков, кропотливый труд историка-исследователя, семнадцать лет интенсивной работы позволили Ирине Викторовне завершить работу и издать замечательный памятник казахской правящей элите прошлого.

Сборник включает в себя 811 переводов и 250 факсимиле оригинальных текстов писем казахских ханов и султанов монархам и чиновникам Российской империи и соседних восточных государств. Хронологически письма охватывают период с 1675 по 1821 годы. Большинство писем опубликованы впервые, а некоторые, прежде издававшиеся, даны в новом переводе.

После публикации обширной статьи И. Ерофеевой, посвященной биографии казахских ханов, собственно, и возникла идея о необходимости работы над так называемыми «внутренними» источниками. Дело в том, что специалисты, изучающие историю Казахстана, в основном пользуются только иноэтническими историческими документами, как записи российских чиновников, восточных хронистов, европейских путешественников. Но названные материалы не дают представлений о внутреннем мире казахской правящей элиты, не в состоянии объяснить мотивы действий ханов и султанов, важные аспекты политической биографии выдающихся казахских правителей.

Важно было ввести в научный оборот источники регионального происхождения, которые бы осветили жизнь казахского социума изнутри. Письма – это наиболее массовый источник, происходящий из казахской среды. Об этом говорил еще знаменитый немецкий ученый Андреас Каппелер в книге «Российская империя: возникновение, история, крах», утверждая, что рассмотрение многих аспектов российского присутствия в Центральной Азии невозможно без привлечения источников местного происхождения. Поэтому письма элиты и стали объектом пристального научного интереса.

Работать над проектом Ирина Ерофеева начала в 1998 году. Времена тогда были не самые простые, а книга требовала поездок, долгих архивных изысканий, сверок документов, работы с переводами, потому этот трудоемкий процесс растянулся на 17 лет. В работе над сборником принимал участие казахстанский историк-архивист и археограф Булат Тажибаевич Жанаев.

Письма, опубликованные в книге, написаны на разных языках, поэтому потребовалась помощь не только казахстанских, но и зарубежных специалистов. В новом сборнике приведены

и старые (ранние) переводы, и факсимильные подлинники, а затем новые переводы. Общим литературным языком многих тюркских народов в рассматриваемый период был чагатайский тюрки. Письма с него перевел ведущий научный сотрудник Института востоковедения Тимур Касымович Бейсембиев. Письма на ойратском языке перевела ведущий сотрудник Института восточных рукописей РАН (г. Санкт-Петербург) Наталья Сергеевна Яхонтова. Письмо на маньчжурском языке перевела ее коллега Татьяна Александровна Пан. Письмо на китайском языке переведено ведущим китаеведом Кларой Шайсултановной Хафизовой.

Кроме писем, издание содержит биографии 92-х адресатов писем. Ведь читателю должно быть понятно, с кем и почему вели переписку казахские ханы. География адресатов была довольно обширной. Это – иранский шах Надир, турецкий султан Ахмед III, российские императоры и императрицы. Известный казахстанский востоковед Заринэ Алиевна Джандосова составила очень оригинальные биографии восточных правителей. Участие международного корпуса экспертов сделало сборник качественным, интересным, познавательным.

Особенность писем казахской знати в том, что они занимают промежуточное положение между дипломатической перепиской и личной. Это официально-частное происхождение отличает письма кочевых правителей от писем оседлых государей. Что же касается субъективности, то субъективен любой источник, но письма особенно. В письмах человек излагает свои мысли, взгляды, позиции, особенно, если у него установились доверительные отношения с адресатом. Но эта субъективность для историков и ценна. Воссоздаются биографии людей, их исторические портреты, а письма в максимальной степени рас-



крывают особенности психического склада и мировоззрения личностей в потоке истории.

«Письма ханов, – убеждена И. Ерофеева, – остаются самым массовым письменным источником из истории казахов, который нам известен. Поэтому было важно опубликовать их в совокупности, большой серией, чтобы высветить те аспекты истории казахского правления, которые не в состоянии отразить другие источники».

В сборнике использованы письма, хранящиеся в архивах Санкт-Петербурга, Москвы, Омска, Оренбурга, Астрахани, Казани, Элисты. Есть документы из Первого исторического архива Пекина, они ранее публиковались в факсимильных вариантах на английском языке японскими архивистами Онуро Такахино и Нода Джином. Они, по просьбе казахстанской стороны, сделали их перевод на русский язык. Есть письмо, подаренное нашим парламентариям турецкими исследователями, из архива Топкапы-Сарайи в Стамбуле.

Словом, более 800 (точнее – 811) писем, которые охвачены двухтомником, отражают множество самых разнообразных фактов. Возможно, часть из них известна читателям, однако не в полном объеме, недостаточно полно и глубоко. Есть масса новых сведе-



ний, открывающих различные стороны жизни казахской элиты: их быт, формы отношений, терминологию, лексику, взгляды, пристрастия, особенности взаимоотношений друг с другом, с соседними правителями, личную жизнь. Ханы писали даже про то, какую одежду и украшения им нравится носить. Письма – аутентичный источник, ин-

формация будет полезна современным биографам элиты.

Автор идеи и ее реализатор, историк Ирина Викторовна Ерофеева с удовлетворением отмечает, что «сейчас уже появился слой молодых людей, которые хотят знать реальную историю своей страны, ее место в историческом пространстве, которое формировалось здесь на протяжении тысячелетий. Они будут читать эту книгу».

Пожелаем же автору новых находок и энергии в поиске оригинальных концепций истории Отечества.

*Материал подготовила
к.и.н., доцент
Гюльнар Муқанова*





BAUYRJAN MOMYSULY

Қазақ халқының батыр ұлы туралы кітап

Қазақ халқының арғы-бергі тарихында жол бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр тұлғалары баршылық.

Әріректегі ұлан-ғайыр даланы найзаның ұшымен, білектің күшімен, парасат-ақылдың сұсымен қорғаған Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей

Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек, Датұлы Сырым т.б. батырларымыз туралы аңызға айналған әңгіме, жырлар бүгінге дейін жетті.

Қазақ басынан өткерген соңғы майдан Екінші Дүниежүзілік соғыстағы ерлігімен ел есінде қалған, көзі тірісінде аңыз адамға айналған қаһарман батыр Бауыржан Момышұлы есімі қазақ елінің атымен бірге жасайтын ұлы тұлға.

Биыл батырдың туғанына 105 жыл. Осы мерейлі шақта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Өнегелі өмір» сериясымен арнаулы кітап шығарылып отыр. Бұл кітап аталмыш сериямыздың ауқымын бұрынғыдан да кеңейтеріне кәмілміз. Ұсыныс «Бауыржан Момышұлының мұрасы» қоғамдық қорынан түскен болатын. Редакциялық кеңеспен ақылдаса келе бұл ұсынысты қолдауды жөн деп таптық. Сол арқылы қазақтың бірегей тұлғалары Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаев, Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов сияқты ұлылар туралы да мерейлі жылдары кітап шығаруды жоспарлап қойдық.

Бауыржан Момышұлы туралы Александр Кривицкий мен Александр Бектің, Әзілхан Нұршайықов пен Дмитрий Снегиннің, Кәкімжан Қазыбаев пен Шерхан Мұртазаның, Мекемтас Мырзахметов пен Мамытбек Қалдыбайдың, Жәмила Егембердиеваның, Құрманбек Сағындықов пен Мәлік Ғабдуллиннің, Бақытжан Момышұлы мен Зейнеп Ахметованың құнды еңбектері бұрын жарық көргенін оқырман қауым жақсы біледі. 100 жылдық мерейтойында «Өнер» баспасынан 30 томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты. Әр жылдары жария болған Баукеңнің өз кітаптары және бар.

*Бас редактор ректор
Ғ. Мұтанов*

Автор туралы: техника ғылымдарының докторы, профессор Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР Президенті Мұрағатының директоры

About the author: doctor of technical sciences, professor. Director of the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan since 2014. Dzharparov has an award - the Order «Kurmet».

Об авторе: доктор технических наук, профессор, академик Международной академии информатизации, член-корреспондент Национальной инженерной академии, директор Архива Президента РК.



Борис ЖАППАРОВ

МӘҢГІЛІК ЕЛ МҰРАСЫ ХАЛЫҚ САНАСЫНДА

Аңдатпа: ҚР Президенті Архиві Қазақстанның қазіргі заманғы саяси тарихы жөніндегі құжаттарды сақтаушы және кеңестік дәуірдің саяси билігіне қатысты құжаттардың бірден-бір құқықтық иеленушісі болып отыр. Архив өз қызметінде құжаттық мұралардың есепке алынып, сақталуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ архив қорының пайдаланылуын және оның ғылыми айналымға енгізілуін ұйымдастырып отыр.

Boris DZHAPAROV
VALUE EXHIBITS

Summary: The author highlighted the great work of the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, aimed at the search and the publication of documents and materials from the history of the state, individuals and social and political processes that have affected on the course of development of the nation and the definition of the strategy «Mangilik el.»

Борис ДЖАППАРОВ
ЦЕННЫЕ ЭКСПОНАТЫ

Аннотация: Автор статьи осветил большую работу коллектива Архива Президента Республики Казахстан по поиску и публикации документов и материалов из истории государства, отдельных личностей и социально-политических процессов, которые оказали влияние на ход развития нации и выработки стратегии «Мәңгілік ел».

*(ҚР Президенті Архивінің
1930 жылдардағы ашаршылық
туралы деректерді реконструкциялау
жобасы)*

Қазақ елі өз тарихында қасіретті оқиғаларды кезең-кезеңімен бастан кешірді – «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» өтті, «тар жол, тайғақ кешті». Ресей құрамына енгізуден бастап жүргізілген отарлау саясаты қазақ жерін большевиктер билігі құрылғаннан кейін күшейе түсті [1]. Бұл саясат түрлі әдістермен жүргізілді. XX ғасырдың 30-жылдарында ғасырлардан келе жатқан дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығы жүйесін тым аз уақытта басқа шаруашылық нысанына өзгерту, яғни көшпелі халықты отырықшыландыру шұғыл қолға алынды. Қазақ шаруашылығын күштеп ұжымдастыру науқаны басқа материалдық ресурс болмағандықтан халықтың өз күші мен мал-мүлкі есебінен ұйымдастырылды және еш әлеуметтік талдама жасалмастан әкімшілдік-әміршілдік жүгенсіздікпен жүргізілді. Нәтижесінде қазақ ауылдары тұрғындарының әл-ауқаты нашарлап, елді ашаршылық жайлады. Ашаршылықтан екі миллионға жуық адам опат болды. Жүз мыңдаған отбасы мал-жандарын сақтап қалу мақсатында шаруашылықтарымен қоса шекара-лас орналасқан шетелдерге босты. Қазақ халқы үлкен демографиялық соққы алды және моральдық-психологиялық күйреді. Қазақстан Халқы Ассамблеясының XXII сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: «сталиндік ұжымдастырудың қылмысты зардабынан 1,5 миллион қазақ ашаршылықтан қырылды. 1,3 миллион қазақ бұрынғы КСРО аумағынан ауа көшуге мәжбүр болып, қуғындау мен мұқтаждықтан бас сауғалады. Осыдан-ақ әлемде бірде-бір елдің, бірде-бір халықтың қазақ халқы сияқты демографиялық аху-

алда мұндай күйреушілікті бастан кешпегенін және толық жойылып кету қаупі туындамағанын түсінуге болады...» деп атап көрсетті.

ҚР Президенті Архиві Қазақстанның қазіргі заманғы саяси тарихына қатысты құжаттарын сақтаушысы және кеңестік дәуірдің саяси билігіне қатысты құжаттарының бірден-бір құқықтық иеленушісі ретінде танылады. Архив өз қызметінде деректі құжаттық мұраларды есепке алып, сақталуын қамтамасыз етумен қатар, дереккөздік негізде зерттеу жүйесін қалыптастыру, еліміздің Ұлттық архив қорының пайдаланылуын және ғылыми айналымға енгізілуін ұйымдастыруда жаңа бастамаларды міндет етіп отыр.

Еліміз егемендік алып еңсесін тіктеген, Тәуелсіздігін тұғырландырып алған сәттен бастап архивтердегі құпияландырылған құжаттардың ашылуы, бұрын жарияланбаған дереккөздердің ғылыми айналымға енгізілуі нәтижесінде жаңа ғылыми еңбектер мен құжаттар, естеліктер жинақтары жарыққа шықты. Осыдан қазіргі кездегі тарихи-дереккөздік зерттеулердің жаңа бағыты – халықтың күнделікті тіршілік өмірі тарихына деген қоғамдық қызығушылық туды. Өйткені күнделікті күйбең тірлікпен түзілген ұсақ деректерден мемлекеттік деңгейдегі маңызды құбылыстар айқындала түседі.


Кеңестік тарихнамада халықтық сипатты және саяси портреттер мен әлеуметтік құбылыстардың бейнесін қалыптастыруда тарих тоталитаризм дәуірінің идеологиялық қаруы ретінде пайдаланылып, фактілер ішінара өрескел бұрмаланды, жасырын қалды. Мәселен, сталиндік режим қазақ ұлтының шын тарихын әлемдік қауымдастықтан мақсатты түрде жасырып, одан кейінгі уақыттарда халықтың санасынан мүлдем өшіруге тырысты. Қазақтар көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан туу туралы куәлік жазу тәжірибесі болмаған, сондықтан 1934

жылға дейінгі халықтың аты-жөні, тегі, туған жылы туралы жеке мәліметтер кездеспейді. Халықтың күнделікті тіршілігінің көмескіленуіне осындай субъективті және объективті жағдаяттар себеп болды. Мұндай факторлар әсіресе XX ғасырдың 30-жылдарының басындағы елде болған ашаршылық тақырыбының жан-жақты толық ашылуына үлкен кедергі жасады.

Отандық тарихшы ғалымдар аталған тақырып бойынша үлкен жұмыс жүргізді – монографиялар, мақалалар жазылды, конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Ашаршылық тақырыбын жазып жүрген әдебиетші, жазушы, журналистердің еңбектерімен қатар Жамбыл, Қызылорда және т.б. өңірлердің өз облыстары көлемінде де құрастырылған құжаттар мен естеліктер жинақтары жарық көрді. Өз кезегінде ҚР Президенті Архиві Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесе отырып бірнеше құжаттық жинақтар дайындады [2], ҚР Археография және деректану ұлттық орталығымен бірлесіп,

«Трагедия казахского аула 1928–1934 гг.» тақырыбымен бірнеше томдық құжатты жинақты дайындауды қолға алып, деректерді іздестіріп, айқындап, археографиялық өңдеу нәтижесінде бірінші томы баспадан шығарылды, маңызды тарихи құжаттар ғылыми айналымға енгізілді [3], келесі томдарын даярлау жұмысы жүзеге асырылуда. Архив мамандарының айқындап, іздеп табуының нәтижесінде Ресейде 2011 жылы шыққан «Голод в СССР» құжатты жинағына [4] тақырыпқа қатысты құжаттар іріктеліп, өңделіп енгізілді.

Мемлекет өзінің бір формациядан келесі сатыға өтуі барысында тарихи тамырына қайта үнілуі заңдылық, қоғам санасын қайта қалыптастыру мен өткенді қабылдаудағы идеологиялық қасаң догмаларды алып тастауда тарихи зерттеулер тым кең ауқымда қарастырылады. Тарих қойнауының зерделенуі, сарапқа салынуы мен саралануы кейінге қалдырылған ұсақ деректер жөніндегі мәліметтерді іздестіру, жинақтау, түзу міндеттерін



Откочевники в бараке № 6 среди трупов, г. Семипалатинск. Зима. Текст на обороте фотографии: «Карточка снята внутри 6-го барака. Вы можете видеть лежащих истощенных казахов и казашек и трупы, лежащие до 4 дней. ВКО КК-РКИ (подпись)». АП РК. Ф.719. Оп.4. Д.710. Л.17.

шешудің уақыты келіп жетті. Қазіргі таңда өз түйінін шешу сәтін күтіп тұрған мәселенің бірі – ашаршылық нәубетіндегі адами фактор – есімнама. Яғни, әңгіме, есімі белгісіз күйінде, атаусыз қалған миллиондаған ашаршылық құрбандары туралы өрбітіледі. Аталған міндетті жүзеге асыру мақсатында ҚР Президенті Архиві деректерді жинақтау жөніндегі кешенді жұмысты бастады. Алдымен «Ашаршылық» жобасының жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес «Архив және қоғам: Тәуелсіздіктің құндылықтары» іс-шарасының аясында «Ашаршылық» жобасының тұжырымдамасын талқылау жөнінде Қазақстанның танымал тарихшы және әдебиетші – зиялы қауым өкілдерімен кездесуі өтті. Кездесуге кеңестік дәуірдегі зұлматты, нәубетті жылдар тақырыбын зерттеп, қалам тербеп жүрген тарихшы ғалымдар Қ. Алдажұманов, Т. Омарбеков, С. Смағұлова, А. Құдайбергенова, жазушылар Б. Қойшыбаев, С. Елубаев, Б. Нұржекеев, тарихи дереккөздердің көмбесі – архив мекемелерінің басшылары мен мамандары қатысты. Жүздесу барысында 1930 жылдардағы Қазақстандағы жаппай ашаршылық тақырыбы туралы пікірлер айтылып, құрбандардың есімін анықтау жолдары, сондай-ақ аталған мәселені жұмыла көтеретін жұртшылыққа арналған Үндеу жобасы талқыланды және ол бірауыздан мақұлданып, үстіміздегі жылы 21 наурызда өткен «Халық жады – «Мәңгілік Ел» мұрасы» атты Дөңгелек үстелде бекітілді. Үндеу ел тарихына жеңіл қарай алмайтын барлық Қазақстан азаматтарына арналды. Онда жұртшылықты 1930 жылдардағы ашаршылық тарихы жөніндегі естеліктер, фотосуреттер және басқа материалдарды кең ауқымда жинауға шақырды. Өз халқының өткеніне ұқыптылықпен қарау, құрбандардың есімдерін есте сақтау – бұл орта, жас буынның келешек ұрпақтары алдындағы

парызы. Деректерді архивке тұрақты мемлекеттік сақтауға өткізу 1930 жылдардағы қазақ даласындағы жаппай ашаршылық құрбандары туралы ақпараттық ресурстың құрылуына жағдай жасар еді. Бұл өз кезегінде құжаттардың ұзақ сақталуын және келер ұрпақ үшін ұлттық сананың сақталуын қамтамасыз етеді. «Мәңгілік Ел» идеясының даусыз да, өзекті ұғымдарының бірі осында.

Нәубетті жылдардың елесін ел санасында сақтау мақсатында «1930 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық: деректер мен құжаттар» тақырыбында тарихи-құжаттық, экспозициялық көрме жұртшылық назарына ұсынылды. Көрмеге құжаттар мен фотосуреттерден тұратын 80 экспонат ілінді. Келген қонақтарға көрме құжаттары бойынша арнайы баяндама жасалып, ішінара 30-жылдардағы ауыл шаруашылығындағы сорақылықтарды, елді мекен тұрғындарының ауыр экономикалық хал-ахуалын көрсететін аса құнды құжаттар санатына жатқызылған деректер туралы әңгімеленді. Онда байқұлақтарды тап ретінде жою, жергілікті жерлердегі астық дайындау, тұқым қорын жинау, ет өткізу барысындағы халыққа орынсыз, мөлшерсіз салынған салықтар, ондағы орын алған олқылықтар мен кемшіліктер, басшылардың әкімшіл-әміршілікпен басқару нысандары, құқық қорғау органдары жендеттері тарапынан болған озбырлық әрекеттері бейнеленген құжаттар мен суреттер көрсетілді. ҚР Президенті Архивінде ерекше құнды құжаттар санатына жатқызылған қазақ зиялыларының мал шаруашылығының күрт төмендеуі, ашаршылық туралы жазған аты шулы «Бесеудің хаты», «Алтаудың хаты», Қазақстан басшыларының елдегі жағдайды баяндап И. Сталин атына жазған баяндау жазбалары көрменің негізгі қатарынан орын алды. Көрме құжаттары елді жайлаған ашаршылық пен жергілікті

билік қысымына төтеп бере алмай 1931 жылдың күзінен бастап шекара асып кете барған босқындар туралы да суреттеді.

Дөнгелек үстелде «Ашаршылық» жобасының негізгі өзегі болып табылатын www.asharshylyq.kz веб-сайты таныстырылды. Бүгінде ҚР Президентінің Архивінде еліміздегі Ұлттық архив қорының құжаттарын дәріптеу мақсатында заманауи әдістер мен шешімдер пайдаланылуда, олардың ішінде ең тиімдісі – архив құжаттарын ғаламтор арқылы насихаттау. ҚР Президенті Архивінің www.archive.president.kz доменімен тіркелген, қазіргі таңда танымалдыққа ие болып отырған жеке ресми сайты бар. Жыл сайын сайтқа 500 мыңнан астам адам кіреді және сайт арқылы архивқа әлеуметтік және тақырыптық сұраным жасап, заңды құқықтары мен тарихи деректерге деген қажеттіліктерін қанағаттандырып жүргендердің саны артып келеді.

Сондай-ақ, 2015 жылғы мамырда «Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қазақстандық әскери тұтқындар» республикалық деректер базасы www.tutkyn.kz сайты ашылған болатын. Деректер базасын толтыруға барлық аймақтық, ведомстволық арнаулы архивтер (ҚР ПМ және ҚР ҚМ), шетелдік архивтер, Қазақстанның Германиядағы елшілігі және зерттеушілер қатысты. Аталған сайт іске қосылған бір жылдың ішінде біз 34 мың қазақстандық әскери тұтқындардың аты-жөнін жинап, бір жүйеге енгіздік. Жоба көпшілік пен бұқаралық ақпарат құралдары арасында үлкен резонанс туғызды. Содан бері «Кері байланыс» айдары арқылы біз қазақстандықтардан көптеген хаттар алып тұрамыз. Архив ірі жобаларды көпшілікке қолжетімді етудің арқасында осындай үлкен көрсеткішке ие болып отыр.

Жаңа іске қосылып отырған www.asharshylyq.kz сайты да осын-

дай пәрмен алатынына сенім мол. Бұл базаның басты мақсаты – қазақ халқының тарихи мұрасын жаңарту, деректердің бір орынға шоғырлануын қамтамасыз ету. База көпшілікке арналып жасалғандықтан оны толтыруға ашаршылық жылдары Қазақстан аумағында нәубетке ұшыраған адамдар туралы қандай да бір мәліметі бар әр азамат қатыса алады және ол мәліметтерді енгізу үшін сайтта көрсетілген нысанды толтыру арқылы тарихи кезеңнің «ақтандағын» қалпына келтіруге өз үлесін қосу мүмкіндігіне ие болады. Деректер базасының «ашаршылық құрбандары» деген айдарына қайтыс болған адамның жеке мәліметтері: аты-жөні, тегі, ұлты, туған және қайтыс болған жылдары мен жерлері, әлеуметтік санаты (статус) жазылады. Базаның «босқыншылық» айдарына жеке мәліметтерден басқа көшіп кеткен аймағы, жылы және елге қайтқаны туралы (егер ондай дерек болса) мәлімет енгізіледі. Аталған айдарларда мәлімет алынған дереккөзі көрсетіледі.

Дереккөздер болып табылатын еліміздің өңірлеріндегі мемлекеттік архивтерге сұранымдар жасалып, алғашқы құжаттар легі біздің архивқа қабылдануда. Ол құжаттар сүзгіден өтіп, деректер базасындағы «Дереккөздер мен әдебиеттер» тарауының «архив құжаттары» деген айдарында, ал құжаттардан табылған аштық құрбандарының есімдері «мәліметтер базасы» деген айдарға орналастырылады. Сонымен қатар, базаға ашаршылық құрбандарының жақындары мен туыстарының естеліктері негізінде алынған мәліметтер енгізілуде.

Құрылып отырған бірегей деректер базасы 1930 жылдардағы ашаршылық құрбандарына құрмет көрсету және жұртшылықтың тарихи танымын кеңейту сияқты рухани игілікті нәтижелер берері хақ. Сондай-ақ болашақ зерттеулерге арқау болатыны анық.

Әдебиеттер:

1. INALCO.L'Archivesde Moustafa Chokay Bey. Carton 6 Dossier 5. PP. 67-72. «Голодная политика советской власти в Туркестане» (свидетельство Турара Рыскулова). ҚР Білім және ғылым министрлігі Р. Б. Сүлейменов ат. Шығыстану институты. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. III том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 286-292-б.

2. «Голод в казахской степи» / Сост. С. Абдираимов, И.Н. Бухонова, Е.М. Грибанова, Н.Р. Джагфаров, В.П. Осипов. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1991. – 208 с.; «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931–1933 гг.» Сборник документов и материалов. Министерство науки – Академия наук РК, Институт истории и этнографии им. Ч. Валиханова, АПРК, ЦГА РК / Сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каирғалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романов. – Алматы: «Фонд XXI век», 1998. – 263 с.

3. «Трагедия казахского аула 1928–1934 гг. Том 1. 1928–1929». Сборник документов / Сост. А.С. Зулкашева, Г.Т. Исахан, Г. М. Карагаева. – Алматы «Раритет», 2013. – 743 с.

4. Голод в СССР. 1929–1934.: В 3 т.: Т.1. 1929 – июль 1932. В 2 кн. Кн.1. – М.: МФД, 2011. – 656 с.; Голод в СССР. 1929–1934.: В 3 т.: Т. 2. Июль 1932 – июль 1933. – М.: МФД, 2012. – 912 с.; Голод в СССР. 1929–1934. В 3 т. Т. 3: Лето 1933 – 1934. – М.: МФД, 2013. – 960 с.



Об авторе: писатель, доктор филологических наук, алашовец.

About the author: writer, doctor of philological sciences.

Автор туралы: жазушы, филология ғылымдарының докторы, алаштанушы.



Турсын ЖУРТБАЙ

ЗЕМЕЛЬНЫЙ ВОПРОС И ПОЛИТИКА ПРЕСЛЕДОВАНИЯ

Аннотация: Автором анализируются 1927-1930 годы, когда под репрессии попала первая группа алашординцев во главе с А. Бокейхановым, А. Байтурсиновым, М. Дулатовым, Х. Габбасовым, Е. Омаровым, М. Есполовым, Х. Болганбаевым, Ж. Аймауытовым, М. Жумабаевым, а затем наступило время расправы над второй группой казахской интеллигенции во главе с Мухамеджаном Тынышпаевым. Показано, что деятелей Алаша особенно волновала проблема земли и культуры, и как лидеры национальной интеллигенции вели непримиримую борьбу за независимую экономику, науку, государственный язык.

Tursyn ZhURTBAI
LAND QUESTION AND PROSECUTION POLICY

Summary: In 1927-1930 years under repression came the first group Alash headed by A. Bokeikhanov, A. Baitursynov, M. Dulatov, H. Gabbasov, E. Omarov, M. Espolov, H. Bolganbaev, Zh. Aimauytov, M. Zhumabayev. Then came the massacre of the second group of the Kazakh elite headed Mukhamedzhan Tynyshpayev. Leaders of Alash is particularly concerned with the problem of land and culture. Leaders of the national intellectuals waged a relentless struggle for an independent economy, science, the official language.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ
ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ҚУДАЛАУ САЯСАТЫ

Аңдатпа: 1927-1930 жылдары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Габбасов, Е. Омаров, М. Есполов, Х. Болганбаев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев бастаған алашордашылардың алғашқы тобы жазалауға ұшырады. Кейіннен Мұхамеджан Тынышпаев бастаған қазақ зиялыларының екінші тобы қудалауға түсті. Алаш қайраткерлерін әсіресе жер және мәдениет мәселелері айырықша толғандырды. Ұлттық зиялылар көшбасшылары тәуелсіз экономика, ғылым, мемлекеттік тіл үшін бітіспес күрес жүргізді.

Органы Советской власти, неуспешно, следившие за действиями национальных лидеров, расценили их действия, как «подготовку к вооруженному свержению Советской власти контрреволюционной подпольной организацией «Алаш орда», и возбудили уголовное дело. И в 1927-1930 годы под репрессии попала первая группа алашординцев во главе с А. Бокейхановым, А. Байтурсиновым, М. Дулатовым, Х. Габбасовым, Е. Омаровым, М. Есполовым, Х. Болганбаевым, Ж. Аймауытовым, М. Жумабаевым, всего 41 человек. Затем наступило время расправы над второй группой казахской интеллигенции во главе с Мухамеджаном Тынышпаевым, в которую вошли 30 человек: Еркеков Алимхан – 6/Х.30 г.; Тынышбаев Мухамеджан – 4/ VIII – 30 г.; Досмухамедов Халел – 14/IX – 30 г.; Досмухамедов Жаканша – 31/Х – 30 г.; Кожамкулов Нашир – 20/Х – 30 г.; Сулеев Билял – 27/IX – 30 г.; Кеменгеров Кошмухамед – 17/IX – 30 г.; Әуезов Мухтар – 17/IX – 30 г.; Омаров Әшим – 14/IX – 30 г.; Кудерин Жумакан – 17/IX – 30 г.; Буралхиев Мустафа – 17/IX – 30 г.; Акбаев Абдухамид – 14/VIII – 30 г.; Акбаев Жакып – 8/VIII – 30 г.; Кадырбаев Сейдазым – 14/IX – 30 г.; Тилеулин Жумагали – 2/VII – 30 г.; Мурзин Мухтар – 14/IX – 30 г.; Омаров Уалихан 30/III – 31 г.; Умбетбаев Алдарбек – 8/VIII – 31 г.; Исаков Какитайұлы Даниал – 29/III – 31 г.; Мунайтпасов Абдрахман – 23/IX – 31 г.».

О главном действующем лице по данному уголовному делу – Мухамеджане Тынышпаеве заместитель председателя Комитета национальной безопасности Казахской ССР А. Тилеулиев в своем письме от 18 февраля 1972 года директору Партийного института С.Б. Бейсембаеву писал:

«Тынышбаев Мухамеджан, 1887 года рождения, казах, беспартийный, специальность инженер. Существовавшее в то время в Казахстане учрежде-

ние ОГПУ о нем оставил следующие сведения: «один из основателей партии Алаш», член Государственной Думы, член Правительства «Алашорда», комиссар Временного правительства. 3 августа 1930 заключен под стражу. 20 апреля 1932 осужден».

Значит, секретные службы сами признают надуманность обвинений, выдвинутых против Мухамеджана Тынышпаева, и дают уклончивый ответ. Это говорит о том, что лидеры казахской интеллигенции были репрессированы не за мифические связи с басмачеством и контрреволюционерами, а за идеи о создании национального государства. Именно в этот период проводилась компания по массовой коллективизации, конфискации баев и середняков, переселению (запланирована первая партия переселенцев в 240-360 тысяч человек) рабочих из России и Украины в казахскую степь. Таким образом, Советская власть пыталась подменить идею создания национального государства, идеей создания многонационального государства. Тем самым коммунисты пытались оторвать народ от его национальных корней. Подобная политика никак не увязывалась с идеями алаша. Особенно волновало деятелей алаша проблема земли и культуры. Лидеры национальной интеллигенции вели непримиримую борьбу за независимую экономику, науку, государственный язык, они не могли допустить, чтобы родной народ превратился в серую обезличенную массу, без национальной культуры и родного языка.

Эти взгляды лидеров национальной интеллигенции так изложены в главе «О земельном вопросе» второго раздела обвинительного заключения «Национальные контрреволюционные вредительства»:

«Одним из основных целей программы подпольной организации был земельный вопрос. Они пытались решить данный вопрос выделением зе-

мельных участков инородцам (для Советской власти казахи так и остались инородцами – Т.Ж.) в необходимом количестве, чтобы они кочевали со своими родами и племенами. Согласно этой программе только после полного обеспечения местных жителей землей, можно будет размещать переселенцев, ранее прибывшие переселенцы должны были вернуть земли казахам. (...) На прошедшем в Ташкенте совещании Туркестанского исполкома по вопросу земли Досмухамедов, Тынышпаев выразили такое мнение, и решили ввести состав представителей, которые будут реализовывать земельную реформу своих людей (дело – №5417, Ответы Тынышбаева, дело – №2370, 275-стр).

Обвиняемый Тынышпаев дал следующее пояснение: «В 1923 году профессор Кожанов в Государственном университете делал доклад о заселении земель. На этом собрании от нашей организации выступали я, Есполов и Досмухамедов. Выступая в прениях по докладу, мы отстаивали свою точку зрения: в первую очередь, земли местными жителями» (из ответов Тынышбаева ночью 03.09.1930 г. Дело – №2370 4 стр.).

«В 1923 году при земельной реформе в Жетисуской губернии после ввода меня и Кожыкова в состав технического совета, которым руководил Есполов, появилась широкая возможность реализовывать земельную программу нашей организации. В результате в селе Шубар Талдыкорганского района имел место массовый протест» (там же стр. 4. из ответов Тынышбаева ночью 03.09.1930 г.).

«Мы и раньше были против заселения Казахстана переселенцами и сейчас, как члены национальной организации мы против переселенцев. Это старая проблема, исторически связанная с нашей организацией» (дело – № 2370, 1 т., 125 стр, из ответов Тынышбаева ночью 03.09.1930 г.).

«Мы были сильно заинтересованы в земельном вопросе и желали претворять его согласно интересам нашей организации. Этой цели мы добивались через членов своей организации в Комиссариате по земельным вопросам, в том числе, через Есполова и Тынышпаева» (дело – № 2370, 1 т., 205-стр. из ответов Досмухамедова ночью 12.09.1930 г.).

«Старались не запускать переселенцев в Казахстан, трактовали это как продолжение колониальной политики царизма, организация стремилась поделить земли среди местного населения, и доказать, что в Казахстане нет свободной земли» (дело – №541784, 1 т., стр. 98-102, 220-222).

Для осуществления заселения и раздела земель, таким образом, старые члены организации требовали научно обосновать объем выделяемых земельных участков. Для достижения этой цели, при непосредственном участии Букейханова, была организована специальная экспедиция Академии наук, которую возглавил единомышленник Букейханова социал-революционер, профессор Швецов: членами экспедиции по отбору ответственных работников Комиссариата по земле Каратилеуова и обвиняемого Мурзина Мухтара стали только казахи. Экспедиция свою научную работу построила так, чтобы научно обосновать политику заселения земель и доказать, что в Казахстане нет свободной земли» (дело – № 541784, 1 т., стр. 103-111).

А. Букейханов участвовал в работе экспедиции как заместитель руководителя экспедиции, стремясь таким образом осуществить на деле девиз «Казахстан только для казахов!». Профессору Ташкентского вуза Успенскому он дал задание подготовить Земельный кодекс Казахской ССР. Это предложение было принято при участии Мустафы Буралхиева, Омарова и других членов, которые были привлечены к ответ-

ственности в 1927 году на заседании на бюро Крайкома (дело – № 541784, 1 т., стр.10)».

Такие обвинения были предъявлены второму эшелону репрессированных. Мы не станем анализировать вышеприведенные протоколы допросов, которые следователи привели как доказательства. Потому что сегодня трудно сказать, кто писал эти показания: сами обвиняемые или виде протоколов их заполняли сами следователи. Много вопросов, на которые нельзя ответить однозначно. Конечно, Правительство «Алашорды» руководствовалось программой заселения земель, разработанной партией «Алаш». Это был один из путей спасения казахской нации от колониального ига и построения независимого национального государства. Эту мысль он открыто излагал и на старницах печати.

Что касается подпольной организации, то официально такая организация не существовала. Только встречались, обменивались мнениями, обсуждали будущую судьбу родного народа. Каким бы ни было обсуждение, они не имели права оставаться безмолвными в земельном вопросе. «Коммунистическая колониальная» политика эту акцию осуществила через 32 года под предлогом «освоения целины». До этого момента казахская нация пережила еще три тяжелейших испытаний: голод 1931-1932 годов, репрессии 1937-1938 годов, Великую Отечественную войну. И после таких потрясений численность казахов от 6 миллионов, которого они достигли в 1913 году, в 1948 году опустилась до 1 миллиона 400 тысяч человек. Редко, какая нация в мире пережила такой геноцид. Другого бесшумного и безжалостного пути освоения пустынной степи, где кроме человеческих костей ничего не было, трудно было найти. Пшеница, которая возшла на обогащенной прахом умерших от голода казахов, кормила весь Советский Союз.

Против такой «коммунистической колонизации» открыто выступали такие деятели, как Смагул Садвакасов, Ыдырыс Мустамбаев, Ныгымет Нурмаков, Жалау Мынбаев, Ораз Жандосов, в разные годы возглавлявшие Советскую власть в Казахстане. Комментируя решение о передаче Елекского района Актюбинской области Оренбургской области, Председатель Совета народных комиссаров Казахской АССР Ныгымет Нурмаков сказал: «Если центр судьбу отдельных районов будут решать таким образом, то в будущем невозможно сохранение Казахской республики».

А председатель Центрального исполнительного комитета Жалау Мынбаев с болью в душе сказал:

«Речь идет о проблеме, суть которой мы еще не поняли, но в будущем она не раз будет вставать на нашем пути... Лично я неоднократно заметил заботу центральных органов только о русских крестьянах... Почему вы думаете, что казахские крестьяне не могут предъявить требования Казахстанскому правительству? Если хотите знать, скажу, положение казахов с каждым днем ухудшается. Безусловно, они спросят нас: «почему забирают наши земли?». Мы ответим: «там большинство жителей русские». На это они могут сказать: «А кто просил царскую Россию отбирать нашу землю и заселять его русскими». Что мы тогда им ответим? Сегодня в народе говорят: «кто в Казахстане радеет за народ, тот у власти долго не задерживается». Это, конечно, сказано касательно сотрудников казахов. Мы бы согласились с этим, но не хотим быть опозоренными перед казахским обществом. Здесь меня товарищ Боярский спросил: У вас от чего голова болит? Я ответил: нет, у меня сердце болит. Действительно, для этого предостаточно».

Второй секретарь Казахского краевого комитета БКП(б) Султанбек Кожанов отмечал:

«...Вся наша республика напичкана национальными проблемами.... Мы не хотим, опасаясь ставить проблемы с национальной точки зрения, потерять экономически плодородные районы. В настоящее время полным ходом идет переселение.... На мой взгляд, Казахскую республику надо рассматривать не как край или как один из районов России, а как отдельное государство, которое нужно укреплять... Если дать волю, некоторые товарищи готовы упразднить эту республику» (Койгелдиев М. Национальная политическая элита. А., 2004, 268 с.).

В феврале 1927 года на совещании политбюро ВКП (б) специально обсуждался «План проведения конфискации баев». Председательствовал на совещании сам Сталин. Председатель Краевого Совета народных комиссаров Ныгмет Нурмаков выступил категорически против проведения этой кампании. Ф.И. Голощекин и его идеологический марионетка О. Исаев «оскорбились» выступлением Нурмакова и назвали его прихвостнем баев.

Постановление Правительства о конфискации баев вызвало массу недовольств, тут и там то и дело вспыхивали стихийные восстания. Это усугубило положение национальных деятелей. Все недочеты и перегибы Советской власти, как «хомут проклятия», навесили на шею национальных лидеров. Соответственным был и приговор. Лучшие следователи Москвы и Алматы в результате своей пятилетней работы по «по разоблачению контрреволюционной деятельности национальных лидеров» предъявили руководителям «Алашорды» следующие обвинения.

Члены подпольной организации, стремясь решить свои основные задачи по земельному вопросу, искажали суть проводимых в Казахстане политических кампаний и мероприятий.

В 1928 году во время конфискации имущества баев они завышали количе-

ство (норму) скота и имущества, подлежащих конфискации (например, количество скота, подлежащего конфискации, нельзя занижать ниже определенного уровня, здесь имеется в виду, что казахи, имеющие 50-60 баранов, не должны быть причислены к числу баев – Т.Ж.). Таким образом, они выступали против ликвидации крупных хозяйств.

Члены организации переписывались между собой, обменивались мнениями, формировали общественное мнение по этому вопросу. Члены организации в своих целях использовали советских работников, подверженных национальным идеям и задетым в подготовке этой кампании. А члены организации в учреждениях планирования правительства напрямую способствовали этому.

Проживавший в городе Ташкенте, обвиняемый А. Ермаков в 1928 году писал члену этой организации М. Ауэзову, который находился в Ленинграде: «Вновь происходит раздел земли, приходится сохранять соотношения при размещении на участках. Сердце кровью обливается, когда вспоминаю прежнюю практику раздела земли, когда наш народ выгоняли с насиженных мест (экспроприация). Теперь степь не смирится с такой практикой» (дело – №541784, 5 т., стр.192).

А Тынышпаев показал: «В 1928 году, когда правительственные учреждения Казахстана готовились к проведению конфискации имущества и скота баев, чтобы уменьшить количество баев, чье имущество и скот подлежат конфискации, а они сами переселению, мы формировали общественное мнение, чтобы количество скота и имущества, в хозяйствах, подлежащих конфискации, искусственно завышать.... Все это зависела напрямую от Учреждения государственного планирования и Комиссариата по земле. В то время в Учреждении государственного планирования работал член нашей организации

Халел Габбасов, он старался реализовать наши планы. А Султанбеков, который находился под влиянием нашей организации, встречался с нами, вел переговоры, работал в Комиссариате по земельным вопросам» (Из ответов Тынышбаева ночью 04.10. 1930 г. дело – № 2370, 1 т., стр. 313).

Наряду с этим члены организации, предварительно узнав списки баев, подлежащих конфискации, объездили районы, и навредили предстоящей компании. Они создавали лжеколлективные хозяйства, расформировывали крупные хозяйства. Кроме того, привлекли в это дело аулнаев и сотрудников районных администраций, имеющих родственные связи с баями. (дело № 2370, 1 т., стр. 313).


Свидетель Байсенгиров показал: «Миржакып Дулатов, будучи в Меркенском районе, собравшимся вокуг него баям рассказал о конфискации, давал советы, направленные против этого мероприятия» (из ответов Байсенгирова ночью 25.09 1928 г. Дело – №2370, 2 т., стр. 888-890).

«Мы, члены организации, выступили против переселения баев и конфискации их имущества и скота, и как могли противодействовали этому, заблаговременно предупреждали их о предстоящей конфискации. Лично я через своих людей предупредил баев рода «Найман» Турысбековых, Танирбергеновых и Есенкула, выходцем которого был сам» (из ответов Тынышбаева, дело № 2370, 1 т., стр. 125 и ответа Х. Досмухамедова, стр. 207).

Вот такое жалкое обвинение предъявил лидерам казахской нации орган уголовного преследования целого государства в результате пятилетней работы. И это не удивительно, когда государством правят кухарка и пастух. Да и что можно ожидать от полуграмотных следователей, которые толком не знали уголовный кодекс.

Не зря сказал Чаадаев: «Эх, Россия! Не можешь сделать счастливым человека, хоть научилась бы правильно убивать!»

Перевод
Кайрата Матрекова






Алғашқы «Айқаптан»

Жер туралы

Рас, қазақ халқының жер – суға ие болып, жаз – жайлау, күз – күзеу, қыс қыстауда тарлық көрмей төрт түлігі сай болып, тай құлындай, тоқты қоздап, қосты жылқы, желілі түйе, отарлы қой, қайғы жоқ, еріккеннен бірінің малын бірі қуып, кең далادا құлан-киікше сайран етіп жүрген күні болған, ол күндер енді көздерінде ғана елестейді. Мұның себебі не, халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты хукіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тәуелсіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, ата-мекеннен ірге қозғалып, қазақтың шаруасының күйзелуі, 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітіруінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал. Жер көп-аз болса да бұл заман өнер-білім заманы болған шақта, әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақұрыл қалармыз. Нәдан халық білімді халықтардың қасында өзінің дінін, хақын сақтай алмай дүниеден ақыры есебін бітіруі ықтимал.

Жер жүзіндегі халықтардың һәммесі бір аз ғана болмаса, қала болып отыр. Мал бағып көшіп жүрмегендіктен қырылып қалғаны естілмейді. Қайта бұл күнде көзіміз көріп, зақымлымыз жетпей тұрған не түрлі тамаша нәрселерді отарба, телеграмм шығарып тұрған солар.

Азамат Алашұлы



Болатбек НӘСЕНОВ

Автор туралы: тарих ғылымдарының докторы, құрметті профессор.

About the author: Doctor of Historical Sciences, Professor.

Об авторе: доктор исторических наук, профессор, почетный профессор.

КӨЗ ЖАСЫН ТӨККЕН ХАТТЫ КІМ ЖАЗҒАН?

Аңдатпа: 2007 жылы Мәскеудің Әскери-тарихи мұрағатынан 1878 жылы 23 маусымда Ресей Әскери Министрінің атына жазылған хат табылды. Ол сауатты жазылған. Бұл хатпен бұрын ешкім таныспаған, кейбір жері өшуге айналған. Жорамал бойынша бұл хатты жазған Ыбырай Алтынсарин.

Bolatbek NASENOV

WHO IS THE AUTHOR OF THE HEARTBREAKING LETTER?

Summary: In 2007 in the Military-Historical Archive of Moscow was found a letter, written in the name of the War Minister of Russia. The letter is written correctly. It will not have read the letter, some places are difficult to read. According to the hypothesis the author of this letter is Ybyrai Altynsarın.

Болатбек НАСЕНОВ

КТО АВТОР ДУШЕРАЗДИРАЮЩЕГО ПИСЬМА?

Аннотация: В статье идет речь о событии 2007 года, когда в Военно-историческом архиве Москвы было найдено письмо, написанное на имя Военного министра России. Письмо написано грамотно, однако некоторые места читаются с трудом. На основе глубокого анализа выдвигается гипотеза, что автором данного письма является Ибрай Алтынсарин. Работа будет интересна научным специалистам в области истории и педагогики.

2007 жылы Мәскеудің Әскеритарихи (Военно-исторический) мұрағатынан мына төмендегідей хат табылды. Ол 1878 жылы 23 маусымда соғыс Министрінің атына жазылған. Оны жазған адам өте сауатты жан. Өз аты-жөнін көрсетпеген. Кім? – деп ойлаған дұрыс. Бұл хатпен бұрын ешкім таныспаған. Кейбір жері өшуге айналған. Ғалымдарға, әрі қазақ халқына қажет құжат деп есептеп көшіріп алдым. Оны орыс тілінде жазылған калпында беріп отырмын. Кім жазды? – деп ойлайсыздар. Менің жорамалдауым бойынша бұл хатты жазған Ыбырай Алтынсарин.

Осы хат арқылы Ресей Империясының қазақ халқына мұжықтары мен казактары арқылы қандай қысымшылық көрсеткенін анық көреміз. Өз жерімізге өзіміз қожа бола алмағанымызды дәлелдейді.

Бұл хатты орыс тілінен қазақ тіліне аудардым.

**Военно-исторический архив
г. Москвы.
Фонд 1099
Опись 1
Дело 163**

Записка

без подписи (киргиз) с критикой проекта Военного Министра об отводе земель киргизам в Тургайской области.

23 мая 1878 г. на 2 листах

Ознакомлены: нет.

Стр. 1. Издревле киргизы нынешней Тургайской области владели землями, или ныне населяемыми с каковыми они и приняли русское подданство в 1732 году. Часть этих земель по Высочайшему повелению 1835 года была причислена к территории Оренбургского казачьего войска с оставлением на них киргиз, там проживавших. Поводом к этой мере послужили волнения в киргизской степи, в которых однако же районные киргизы не принимали никакого участия, неизменно со-

храня верность и преданность своему Государю и Отечеству, за что в свое время они потерпели много обид и претеснений со стороны своих же неблагонамеренных соплеменников. С течением времени землепользование киргиз и казаков, как через полосное стало породить много недоразумений и повело к утрате между сторонами, добрых соседских отношений. Для устранения этих неудобств, по приказанию бывшего Оренбургского Генераль-губернатора, была назначена в 1874 году комиссия из представителей войскового и областного начальств, которая пришла к убеждению что для проснаго поземельного устройства киргиз Новолинейнаго района необходимо, в интересах как киргиз, так и самих казаков:

а) Отделить их друг от друга непрерывной границей, хотя бы и извиистой, которая связывала бы киргиз со степью и представляла бы имь свободное перекочевание во время лета к своимь одноплеменникам;

б) Отвести районнымь киргизамь для пользования в эту полосу сопредельную с киргизской степью, до одного миллиона десятинь, и

в) Присоединить эту землю к государственнымь землям Тургайской области. При этомь комиссия заключила, что, при такомь лишь урегулировании надела, условия быта районных киргиз не подвергнутся никакимь насильственнымь изменениямь и судьба их хозяйственного и общественнаго устройства не будет разобщена с судьбой степныхь соплеменниковь, а войсковая территория, хотя и отделиться новой границей от Тургайской области, но за то граница эта будет разобщать, как столкновения смешаннаго соседственного пользования землей киргиз и казаковь, так и существующую неопределенность административной и судебной зависимости означенных инородцевь.

Вследствие сего 23 мая 1878 года последовало Высочайше утвержденное мнение Государственного Совета следующего содержания:

1) Изъ присланнаго къ Составу земли Оренбургскаго казачьяго войска Новолинейнаго района отделить от 800000 до 1000000 десятинь земли въ пользование киргизовъ, кочующихъ въ названномъ районе, обеспечивъ при этомъ киргизамъ доступъ для летней перекочевки изъ сего района въ Зауральскую степь.

2) Представить Оренбургскому Генерал-губернатору войти, установленнымъ порядкомъ, съ особымъ представлениемъ относительно, способа приведения вышесказанной меры въ исполнение. Въ силу этого высочайшаго повеления оставшагося неисполненнымъ за упразднениемъ Оренбургскаго генералъ-губернаторства господин Военный Министръ 4-го марта сего 1879 года за №75 вошелъ въ Комитетъ Министровъ въ следующемъ проектѣ:

1. Выделить изъ земельного отвѣда, проектированнаго киргизамъ, зимующимъ въ (стр.1 об.) Новолинейномъ районе. Оренбургскаго казачьяго войска, заключающаго 999003 десятины удобной и неудобной земли, которое войдетъ и наделены 9 казачьихъ селений, оставленныхъ на месте настоящаго ихъ расположения, и къ отвѣду этому прирезать соответствующее количество земли по смежности казачьяго войска.

2. Отвезти сверхъ сего, 53251 десятины удобной и неудобной земли по смежности границъ означеннаго отвѣда взаменъ земли, состоящей подъ караванными дорогами, проходящими въ пределахъ отвѣда.

3. Отказать въ прирезке 51439 десятинь удобной земли взаменъ 50442 десятинь неудобной, вошедшей въ составъ отвѣда, и для доведения количества удобной земли отвѣда до 1-го миллиона десятинь.

4. Не присоединять означенный отвѣдъ къ территории Тургайской об-

ласти и оставить долженствующихъ разместиться на немъ киргизъ по прежнему в ведении Тургайскаго Военнаго Губернатора.

Отсюда видно, что проектъ господина Военнаго Министра совершенно игнорируетъ основания наделения районныхъ киргизъ землею, выработанная комиссией 1874г. составленной изъ представителей казаковъ и киргизъ и ободренные Генералъ-губернаторомъ, которому были одинаково близки, интересы обеихъ сторонъ.

Изъ этого проекта между прочимъ усматривается, что общая площадь отвѣда лишь на бумагѣ составляетъ 999003 десятины, ибо въ прирезке 50442 десятинь удобной земли взаменъ 50442 десятинь совершенно неудобной земли, вошедшей въ составъ этого отвѣда и состоявшей изъ однихъ каменистыхъ местъ, под водою и чистыми солончаками, отказано это фактическое уменьшение общей площади отвѣда не удовлетворяя насущнымъ земельнымъ потребностямъ киргизъ, повлечетъ за собой, безъ сомнения разстройство ихъ благосостояния и окончательное разорение ихъ, и это темъ несомнѣтельнее, что в числѣ 948561 десятины уступаемой киргизами земли, признаваемой удобною, имеется 266578 десятинь мало удобныхъ солончаковъ, которые при наделении землями по закону принято насчитывать три десятины за одну, при чемъ размеръ киргизскаго отвѣда въ сущности определится цифрою въ 770842 дес. Более 7000 кибитковладельцевъ – районныхъ киргизъ, занимающихъ ныне 2300000 десятинь земли въ Новолинейномъ районе, могли бы, хотя съ большимъ стеснениемъ себя съ землепользованиемъ, разместиться на полномъ миллионѣ отвѣде, но едва ли кто разместитъ ихъ, безъ потрясения киргизскихъ хозяйствъ, на площади состоящей изъ 770842 десятинь удобной земли. Законъ 23 мая 1878 года о районныхъ киргизскихъ имеетъ, въ виду, безъ

сомнения, прочное устройство и упорядочение их быта, тогда как заселение их на месте мало удобныя и слишком ограниченныя по пространству породить лишь разстройство скотоводства, составляющаго главный источник их благосостояния и разорения киргизь.

Затемъ, хотя проектъ оставляетъ районныхъ киргизовъ въ ведении Тургайского Военнаго губернатора, но не присоединяетъ миллионнаго отвода къ территории Тургайской области. Между темъ киргизы более ½ века испытываютъ все неудобства двоевластия на одной и той же территории Оренбургской и Тургайской администрации каковое не удобство и имела въ виду устранить комисии 1874 г. и самое Высочайшее повеление 1878г. въ основании котораго легли решения означенной вполне компетентной комисии съ присоединениемъ миллионнаго отвода къ территории Тургайской области (стр. 2) районные киргизы, в силу взаимопомощи, присущей родовому ихъ быту могли бы съ большимъ удобствомъ извлекать пользу изъ совместнаго проживания со своими сородичами Тургайской области. Сверхъ того, въ этомъ случае районнымъ киргизамъ была бы открыта возможность такого же постепеннаго спокойнаго и нормальнаго приобщения къ русской культуре, какой пользуются ихъ сородичи Тургайской области, где дело русскаго образования стоитъ на прочномъ фундаменте.

Еще разъ повторяемъ, что районные киргизы всегда были добрыми русскими верноподданными, а потому они уверены что правительство окажетъ имъ справедливость и удовлетворитъ ихъ насущныя нужды, заключающаяся въ прирезке къ отводу 51439 десятинъ удобной земли и въ присоединении отвода къ территории Тургайской области согласно с решениемъ комисии 1874 года, на основании котораго последовало и самое Высочайшее повеление 1878 года.

Объ этомъ районные киргизы, от мала до велика, отъ мужчинъ до женщинъ, просятъ со слезами.

№1099 қоры, 1 опись, 163-іс.

Торғай облысындағы қырғыздарға (қазақтарға Б.Н.) жер бөліп беру жөніндегі соғыс (Әскери) Министрінің жобасын сынаған қол қоймай (қырғыз) жіберілген хат. Таныскандар: жоқ.

Бүгінгі Торғай облысының қырғыздары (қазақтары Б.Н.) ерте заманнан осы жердің иесі болды. Қоныстанып келе жатқан қалпында 1732 жылы Орыс елінің қоластына кірді.

Бұл жерлердің біраз бөлігі ұлы мәртебелінің жарлығымен 1835 жылы Орынбор казак әскерлеріне беріліп, ал қырғыздар өз тұрған жерлерінде қалдырылды. Оған қырғыз даласындағы толқулар әсер етті. Бірақ бұл қозғалысқа аудан қырғыздарының ешбір қатысы жоқ еді. Олар өзінің мемлекет қожасына және Отанына адалдықтарын сақтай отырып қызмет етті. Сол үшін олар өздерінің көршілес қандастарынан да көп қорлық және қысымшылықтар да көрді.

Уақыт өткен сайын жерді пайдалану мәселесі қырғыздар мен қазақтардың арасында көптеген келіспеушілікке әкеліп соқты. Олар көршілік тату қарым-қатынастарынан айырыла бастады. Осы қолайсыздықты жою үшін бұрынғы Орынбордың Генерал-Губернаторының бұйрығымен 1874 жылы әскер және облыс басшыларының өкілдерінің қатысуымен комиссия тағайындалды.

Олар Новолинейный ауданының қырғыздарының жерге орналасуын реттеу үшін, әрі қырғыздармен қазақтардың мүддесін бірдей қорғау мақсатымен мынадай шаралар қажет деп шешті.

Оларды бірінен бірін бөлу керек. Шекарасы үзілмейтіндей тіпті айналмалы немесе ирелеңдеген жол бол-

са да шекара белгілеу керек. Ол жол қырғыздарды даламен байланыстыратын әрі жаз айында қандастарымен бірге еркін көшіп қона алатындай болсын.

Қырғыз жерімен шекаралас жерден қырғыздардың пайдалануына 1 миллион десятин жер бөлінсін. Ол өз руластарымен жаз айында бірге еркін көшіп қонуына мүмкіндік береді.

Ол жерлер Торғай облысының мемлекеттік жеріне қосылсын.

Комиссияның қорытындысы бойынша егер жерді бөлуді осылайша реттесе онда аудан қырғыздарының әлеуметтік жағдайларын зорлық-зомбылықпен өзгертуге жол бермейді. Қырғыздардың шаруашылық және қоғамдық құрылыстарындағы тағдырлары дұрысталып, даладағы ағайындарымен ара-қатынастарына бөгет болмайды. Ал әскерлердің жері Торғай облысынан жаңа шекара арқылы бөлінеді. Оның есесіне ол көрші қырғыздар мен казактардың жерді аралас пайдалану дауынан құтқарады. Онымен қоса әкімшілік және сот мәселесіндегі тәуелділікті және бүгінгі күнгі орын алып отырған кемшілікті жояды.

Осының нәтижесінде мемлекеттік кеңестің шешімін жоғарғы мәртебелі бұйрығымен бекітті. Оның мазмұны мынадай:

1) Орынбордың Новолинейный ауданындағы казактардың әскеріне бөлінген жерден 800000-нан 1000000 десятинға дейін жер сол аудандағы көшпелі қырғыздарға пайдалануға берілсін. Сонымен қоса оралдың сыртындағы жерлерге жазғы еркін көшіп қонуына жағдай жасалсын.

2) Белгіленген тәртіп бойынша Орынбор Генерал-Губернаторына осы шешімді іске асыру үшін табыс ету керек.

Бірақ Орынбор Генерал-Губернаторының қысқартылуына байланысты бұл шешім-ұсыныс орындалмай қалды. Сол себепті соғыс (әскери) Министрі

1879 жылы 4 наурызда Министрлер комитетіне мына төмендегі жобаны ұсынды:

1. Орынбор казактарының әскері орналасқан Новолинейный ауданындағы қыстамадағы қырғыздарға сол жердің жарамды және жарамсыз жерлерінен 999003 десятин жер бөлінсін. Ол жерлер казактардың – селосына бөліп берілген жерлер болғандықтан солардың қоластында қалады. Сондықтан казак әскеріне іргелес жерлерден белгілі мөлшерде бөліп берілсін.

2. Жоғарыдағыдан басқа қосымша көрсетілген көршілес жерден 53251 десятин жер бөлінсін. Ол керуен жолдары өтетін жерлердің орнына берілсін.

3. Бөлінген жерден жарамсыз 50442 десятинді 51439 десятин жарамды жермен ауыстыру, сөйтіп 1 млн десятин жарамды жерге жеткізуді сұраған тілектері қанағаттандырылмасын.

4. Бөлінген жері Торғай облысына қосылмасын. Ол жердегі қырғыздар қызмет бабымен бұрынғыша Торғай Әскери Губернаторының қарамағында қалдырылсын.

Міне, көріп отырғаныңыздай Әскери Министр мырзаның аудан қырғыздарына бөлетін жер жобасы 1874 жылғы комиссияның шешімін жоққа шығарды. Ол кезде казактар мен қырғыздардың өкілдері келісіп шешкен. Оны Генерал-Губернатор қолдаған еді. Өйткені ол жоба екі жақтың да мүддесін қанағаттандырған болатын.

Бұл жоба бойынша жалпы жер көлемі қағаз бетінде 999003 десятин болғанымен оның 50442 десятині ешбір әжетке жарамайтын тау-тасты, судың астында жатқан сортаң жерлер. Ол қырғыздардың тілегін қанағаттандырмайды. Олардың әлеуметтік жағдайын төмендетіп, шаруашылықтарының ыдырауына әкеліп соғады. Оның үстіне қырғыздарға қолайлы деп берген 948561 десятинанан жерлердің 266578 десятинын пайдалануға қолайсыз сортаң жерлер. Заң бойынша ондай

жерлердің 3 десятины 1 десятин жарамды жермен теңеледі. Осылайша есептегенде қырғыздарға берілген жерлер бар-жоғы 770842 десятин ғана болады.

7000-нан астам отбасы (ауданның қырғыздары) бүгінде 2300000 десятин жерде Новолинейном ауданында орналасып отыр. 1 млн десятин жердің өзіне тығыз орналасқан болар еді. Ал оларды 770842 десятин жерге орналастыру дегеніміз көптеген қырғыздардың шаруашылықтарының ыдырауына әкеліп соғады.

Ал 1878 жылғы 23 мамырдағы заң аудан қырғыздарының шаруашылығының іргесін берік етіп, әлеуметтік жағдайларының жақсаруын қамтамасыз етер еді. Мына жоба жерді тарылтады, малшаруашылығын дамытуға зиянын тигізеді. Ал ол халықтың күн көріп отырған – бірден бір тіршілігінің көзі.

Одан кейін бұл жоба бойынша аудан қырғыздары Торғай Әскери Губернаторының қарамағына бұрынғысынша қалдырғанмен оларға, бөлінген миллион десятин жерді Торғай облысының жеріне қоспай отыр. Ал қырғыздар жарты ғасыр бойына қосбасшылықтың кеселінен көп қиындық көруде. Бір жерді Орынбор және Торғай Губернаторлықтары басқарып халыққа қиыншылық туғызып келеді.

1874 жылғы тәжірибелі, білікті комиссия мүшелерінің шешіміне сәйкес 1878 жылы жоғары мәртебелінің бұйрығының арқасында бөлінген миллион десятин жерді Торғай облысына

беру осы қолайсыздықты жойған болар еді.

(2 беті). Ауданның қырғыздары ертеден келе жатқан рулық негіздегі біріне-бірі көмектесу мүмкіндіктерін пайдаланып өз туыстарымен бірге тұрып әлеуметтік жағдайларын жақсартқан болар еді. Оның үстіне аудан қырғыздарын біртіндеп байыпты, сабырлы жолмен Орыс мәдениетіне тартуға болады. Олардың Торғай облысындағы тумалары (тұқымдастары) орыс білімін орнықты түрде қабылдауда.

Тағы да қайталаймыз, аудан қырғыздары әруақытта орыстардың қоласында кеңпейілді адал жандар болды. Сол себепті олар үкіметтің әділетті шешім қабылдайтынына сене отырып, аса қажет мұқтаждарын қанағаттандырады деп сенеді. Ол 51439 десятин қолайлы жерді алатынына және оларға бөлінген жерлерді Торғай облысына қосады деп сенеді. Ол үшін 1874 жылғы комиссияның шешіміне сәйкес қобылданған 1878 жылғы жоғары мәртебелінің бұйрығын қабылдаса жеткілікті.

Осы ауданның қырғыздары баладан үлкендеріне дейін, еркектерінен әйелдеріне дейін көз жастарын ағыза отырып сұрайды.

*Құжатты мұрағаттан тауып,
редакцияға алғысөзімен және
аудармасымен ұсынған Болатбек
НӘСЕНОВ, тарих ғылымдарының
докторы, құрметті профессор*



Қайролла МҰҚАНОВ

Автор туралы: 1957 жылғы С. Киров атындағы ҚазМУ түлегі, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, білім беру саласының ардагері, өлкетанушы

About the author: graduate of the Kazakh State University, 1957 Honored Worker of Culture of the Republic of Kazakhstan, Honored teacher, local historian.

Об авторе: выпускник КазГУ им. С. Кирова 1957 года, Заслуженный работник культуры РК, ветеран сферы народного образования, краевед.

АЛҒАШҚЫ «АЙҚАПТЫҢ» СОЛТҮСТІК Өңірдегі тілшілері

Андатпа: Ұлттық баспасөз тарихында М. Сералин құрған журналдың ағартушылық миссиясы жақсы белгілі. 20 ғасыр басында кең тараған басылымның ұйымдастырушысы әрі редакторы Сералин журналдың мазмұнының терең болуын және ауқымды тілшілер желісін қамтамасыз ете білді. Алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары, соның ішінде Солтүстік Қазақстандық зиялылар басылымның оқырмандары әрі тілшілері болды. Мақала авторы осы тамаша адамдардың шығармашылық мұрасы мен тағдырларын ұзақ жылдар бойғы зерттеудің нәтижелерімен бөліседі. Олардың көпшілігі саяси жазалау құрбаны болған.

Kairolla MUKANOV
JOURNALIST OF THE FIRST «AIKAP» FROM THE NORTHERN REGION

Summary: In the history of the national media is well known educational mission of the magazine «Aikap» who created M.Seralin. Organizer and editor demanded publication of the early 20th century, Seralin able to provide deep content of the magazine and a wide network of correspondents. Readers and publication correspondents were good representatives of the Kazakh elite, including – from the Northern Kazakhstan. The author shares the results of research creativity and the fate of these remarkable people. Most of them were the victims of political repression.

Қайролла Муканов
ЖУРНАЛИСТЫ ПЕРВОГО ЖУРНАЛА «АЙКАП» ИЗ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА

Аннотация: В статье прослеживается хорошо известная в истории национальной печати просветительская миссия журнала, созданного М. Сералиным. Организатор и редактор востребованного издания начала XX века Сералин умел обеспечить глубокое содержание журнала и широкую сеть корреспондентов. Читателями и корреспондентами издания была передовая казахская интеллигенция, в том числе из Северного Казахстана. Автор статьи делится результатами многолетних исследований творческого наследия и судеб этих замечательных людей, большинство из которых оказались жертвами политических репрессий.

Журналға Қазақстанның әр өлке-сінен мақалалар, хабарлар көптеп келіп жатты. Солардың ішінде солтүстік өңірден (сол кездегі Ақмола облысы Петропавл уезінен) де зиялы азаматтар мақалаларын, өлеңдерін жіберіп жариялатып тұрды. Солардың біразын келтіре кетейін.

Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген жас ақын Мағжан Жұмабаев журналдың 1911 жылғы санында «Жатыр» атты толғау өлеңін бастырған. Өлеңнің бастапқы шумақтары мынадай:

Басқа жұрт аспан көкке асып жатыр,
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.
Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр...

Жас ақын (18 жаста) бұл өлеңінде қазақ елінің басқа елдерден артта қалғанын суреттеп, қазақтың аянышты халін көрсетеді. Ол журналдың сол 1911 – жылғы сандарында «Шын сорлы» (қазақ әйелінің аянышты халі), «Күз күні» (суықкүздің бейнесі мен қартайған кісінің бейнесін салыстырған) атты өлеңдерін жариялаған. 1912 жылы оның «Жазғытұры», «Бұлбұл» атты өлеңдері мен «Дала, қала» деген әңгімесі де осы журналда шыққан. Мағжан бұл әңгімесінде дала мен қаланың кейпін суреттей отырып, әрқайсының жақсы жағы мен кемшіліктерін көрсеткен. Даланың тамаша табиғатын суреттесе, қалада өнер, білім, оқу барын көрсеткен.

Онда автор: «Бұл күндерде бізден басқа халықтар бәрі де оянып, не нәрсе өзіне пайдалы, не нәрсе зиянды, соның себебіне кірісіп, пайдалы жағын ұстап, зиянды жағынан безіп жатыр. Біздің қазақ өз қызығында жүр. Кәнеки, біздің қазақ жер-судан айырылып қалса, не күн көрмекші? Соның үшін әркімге керекті, керексізді білуге біздің жұртта құрал жоқ. Біз алдымен сол құралға жабысуымыз керек. Ол құрал – ғылым, білім. Пайдаға жабыстырып, зияннан қашыруға себеп болған сол ғылымды

келетұғын заманда өзімізге құрал қылуға бір жол бар. Ол жол – шамамыз келгеніміз балаларымызды қолын жеткізіп оқыту керек. Сол оқу, білім құралыменен құралданған соң ешкім үйретпей-ақ өз бағдарын біледі», – дей келе ол қазақ арасындағы оқу оқыту ісін дұрыс жолға қою керектігін, орыс тілінде оқудың пайдасын айтады, бірақ ана тілін ұмытпау керектігін ескертеді.

Журналдың 1912 жылғы № 2 санында Ғ.Мәмековтың «Ғұмами бір маслихат» атты мақаласы шыққан. Онда автор жер мәселесіне тоқталған, отырықшы болудың пайдасын сөз еткен. Қазақ елінің артта қалғандығын орыс тіліндегі мәліметтерден мысал келтіріп жазған. Татар елі мен қазақ елін салыстырған.

Журналдың 1913 жылғы № 2 санында шыққан «Өлең-жырларымыз туралы» деген мақаласында автор қазақ тілі туралы айта келіп, өлең жырларды бастырып шығару керектігін сөз еткен және қазақ тіліндегі афоризмдер туралы жазған.

Кезінде Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген, Алаш партиясының мүшесі болған, Кеңес үкіметі уақытында мектепте бала оқытқан, болыстық атқару комитетін (волисполком) басқарған. Бірақ 1929 жылы бай адам ретінде тәркіленіп Қарақалпақстанға жер аударылған, тек 1956 жылы ғана ақталып елге оралған. Кейін Оңтүстік Қазақстанның Шәуілдір қаласына қоныс аударып, сонда 1967 ж. 80 жасында қайтыс болған Әбуһайра Жұсыпов та қиын тұрмыстағы халқына жаны ашып, сол тұстағы «Айқап» журналына проблемалық мақалалар, өлеңдер жазып тұрған.

«Айқаптың» 1911 жылғы 3-нші санында басылған «Көңіл тілегі» деген өлеңінде:

Ер болсаң пайдалы бол бірдей көпке,
Ел қамын ойлайтұғын жатпай текке.
Халыққа жан аямай қызмет етіп
Әліңше білгеніңмен сен де есепке.

Нұрландыр ғылым шашып жатқан жұртты
Ұрығын білімнің салып ек те.
Бейнетпен аздап тапқан алтыныңды
Құр бекер ысыраптап жерге төкпе.

Төксең төк, орнына төк білдір жұртқа,
Ағартып милләтінді көтер көкке.
Білгендер білімнің арқасында
Өрмелеп ұшып жүр ғой аспан көкке, –

деп қазақтың оқыған азаматтарын халыққа қызмет етуге, оны ағартып санасын көтеруге шақырады.

Журналдың 1911 жылғы №5 санында «Оқыту жайында шарифат не айтады?» деген мақаласында діннің оқуға, білім алуға қарсы еместігін сөз етсе, сол жылғы № 7 санындағы «Тағы да жер хақында» атты мақаласында жер туралы әртүрлі пікірлерге тоқтала отырып, отырықшылыққа көшуді жақтаған. Журналдың 1913 жылғы № 2 санында «Көшу турасында» атты мақаласында жақсы, жайлы қоныс іздеп көшушілерге қарсылығын білдіреді. Ел тұрмысын жөндеу үшін көшудің орнына қазаққа оқуға, білімге ұмтылу керек дейді. Сол жылғы № 4 – 5 сандарда шыққан «Керекті өтініш» деген мақаласында қазақ тілін басқа тілдерден енген сөздермен шұбарлауға қарсылығын білдірген.

«Айқаптың» белсенді тілшілерінің бірі халық жанашыры Ахмет Жанталин. Ахмет Жанталин Троицк қаласындағы «Расулия» медресесін бітірген зиялы азамат. 1908 ж. ол өз ауылында өз қаражатына қазақ балаларына арнап орысша қазақша мектеп ашқан. Оны бітірген біраз түлектер кейін алашқа қызмет еткен. А. Жанталин Алаш партиясының құғын-сүргін кезінде елден шығып Ресейдің Түмен облысына қоныс аударған. Сол жақта қайтыс болған.

Ол журналдың 1912 жылғы бірнеше санында «Күнелтуіміз турасында» атты мақала жариялаған. Оларда қазақ елінің отырықшылыққа қарсы пікірлерін жазған, отырықшылыққа көшу туралы мәселе көтерген. Журналдың 1913 жылғы № 7 санында шыққан

«Көзімізді ашу турасында» деген мақаласында қазақ елінде оқыту ісі туралы тоқталып, мәдениеттің артта қалу себептерін басқа елдермен салыстырып көрсеткен. Журналдың 1914 ж. 8-ші санында ол жер бөлу туралы өз ойымен бөліскен.

«Айқаптың» белсенді тілшілерінің тағы бірі Байбатыр Ержанов Құлақбаев. Ол туралы академик жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Бостандық туы» газетінің редакциясында секретарь (хатшы) болып істеген кезі туралы жазған естелігінде былай дейді:

«Жас жазушылардың Қызылжарда тұратындары 1925 жылдың күзінен бастарын қосып әдебиет үйірмесін жасады. Басқарушысы мен болдым... Совет партия мектебінің, педагогикалық техникумның, «Ақтас» аталатын қазақ орта мектебінің қасында әдебиет үйірмелері ашылды. Совпарттың үйірмесін мен басқардым, техникумның үйірмесін Мәжит Дәулетбаев басқарды, «Ақтастың» үйірмесін сол мектепте әрі меңгеруші болған, әрі – тіл, әдебиет сабағын оқытатын, революциядан бұрын «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде өлең, фельетондары басылған, «Тұр, қазақ!» деген есіммен өлеңдер жинағы шыққан, «Бостандық туына» да мақалалар, фельетондар жазатын, ұсақ пьесалары клубтарда қойылып жүретін Байбатыр Ержанов-Құлақбаев». (Сәбит Мұқанов. «Есею жылдары», Алматы, 1964, 189-190 беттер).

«Айқаптың» 1911 жылғы № 7 санында Байбатыр Ержанов-Құлақбаевтың «Бір қазақ қызы» атты фельетоны басылыпты. Онда ескі әдет-ғұрыптың шырмауынан шыға алмай, сүймеген адамға малға сатылған қыздың аянышты халі мен зары берілген. Ұзақ өлеңмен жазылған фельетонын автор былай аяқтаған:

«Осыны ойлаңдаршы, ағаларым,
Ғақылмен жұрт билеген даналарым.
Жігітке қарамай малына қарасаңыз
Түспей ме көп қорлыққа балаларың».

1913 ж. журналдың 24-нші санында Байбатырдың «Әй, күнелту» деген өлеңі басылған. Онда опасы жоқ, бейнеті көп өмір туралы айтылған. «Айқаптың» 1914 жылғы 5 санында Байбатырдың бірнеше мақаласы мен өлеңі шығыпты. «Бозбалаларымыздың түрі» деген мақалада кейбір қазақ жастарының еңбексіз, білімсіз, ел қыдырып, уақытын босқа өткізіп, білімге, еңбекке ұмтылмайтындығын Құрмаш деген жігіттің мағынасыз өмірінен мысал келтіріп көрсеткен.

«Біздің жайлар» деген мақалада қазақ елінің оқу ағарту мәселесі, шариғат заңы туралы пікірін жазған. «Мұқтаждық» деген өлеңінде өмір тартысы, жоқшылық туралы айтылған. «Жаңбырлы дауыл» атты өлеңінде дауылды жоқшылыққа теңеген. Жоқшылықтың бұлттай аумалы-төкпелілігін бейнелі түрде жеткізген.

Тағы бір жерлесіміз Шоқаев Ғабдолла «Ғалия» медресесін бітіргеннен кейін көп жыл Солтүстік Қазақстан (бұрынғы Ақмола облысы) Петропавл уезінің қазақ ауылдарының мектептерінде мұғалім болып бала оқытты. Көптеген жастарға білім берді. 1949 жылы оның көп жылғы ұстаздық еңбегі бағаланып Ленин орденімен наградталды.

«Айқап» журналында 1913 ж. оның екі мақаласы жарық көрді. Басқармаға келген хаттар айдарымен шыққан мақаласында ол дәрігер емінің пайдалы екенін дәлелдеп жазған «Қазақтың білім өнерімен жұрт қатарына кіру турасынан бір екі сөз» деп аталған мақаласында қазақ елінің оқу ағарту жұмысы артта екендігін атап көрсеткен.

1915 жылдың сентябрінде «Айқап» журналы қаражаттың жетіспеушілігінен және патша үкіметінің қыспағынан жабылып қалды. Тек еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақтың асыл азаматы, көрнекті жазушы, қоғам қайраткері, баспасөз жанашыры Қоғабай Сәрсекеевтің ұйымдасты-

руымен «Айқап» қайта шыға бастады. Бірақ ол кісі қайтыс болғаннан кейін журналдың шығуы тоқтап қалған еді.

Биылғы (2016 ж.) сәуірден бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры академик Ғ.М. Мұтановтың бастауымен «Айқап» осы университет қабырғасында шыға бастады. Журналдың ақылдастар алқасына еліміздің белгілі жазушылары, ғалымдары, қоғам және мемлекет қайраткерлері кірген. Сонымен бірге бірнеше шет елдердің зиялы өкілдері де кірген. Бұл журналдың әлемдік деңгейде шығатынын білдіреді.

Журналдың жаңа шыққан бірінші саны академик Ғ.М. Мұтановтың алғы сөзімен ашылған.

Онда мынадай лебіз айтылған:

«Қысылтаян тұс, қытымыр кезеңде ұлтқа таяныш болған басылымды шығаруды жалғастырып, оны болашақ көшіне ілестіру – жекелеген ұйымға, тұлғаға ғана емес, ұлтқа сын. Сондықтан да жауапкершілік жүгін, парыз пайымын зерделей келе журнал жұмысын ұлттық ғылым мен білімнің қара шанырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қолға алып отыр. Мұндағы мақсатымыз – «Алаш баласы, жұрт қызметіне кіріс» деп Әлихан Бөкейханов айтқандай, жауапкершілікті сезіне отырып, сындарлы кезеңде ел болашағына алаңдайтын азаматтардың сөзі мен ісін, ой-қимылын Қазақстан халқына қызмет етуге жұмылдыру болып табылады».

Бір кезде «Айқап» журналында қазақтың зиялы тұлғалары қазақ балаларын оқытып, сауатын ашып, білім беруді армандаса, енді міне, Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағында қайта шығып отырған жаңа «Айқапта» Қазақстан ғалымдары мен жазушылары, ел қайраткерлері өздерінің озық ойларымен бөліседі, еліміздің экономикасы мен мәдениетін көтеруге атсалысады. Бұл биыл 25 жылға толғалы отырған еліміздің Тәуелсіздігінің жемісі деп білеміз...



Мұхамеджан Сералин
(1872-1929) – жазушы, ақын, публицист, журналист

Алаш қайраткерінің айтындары

Біз басқа халықтардан артта қалмауымыз керек.

* * *

Қазақ жастары профессорлық лауазым туралы ая ойлануы керек.

* * *

Халықтың қай қәрежеде алға кеткенігі – халық арасында таралған газет-журнал һәм кітаптардан білінегі...

* * *

Заман – ғылым заманы болған соң әрбір жұрт қатарынан кейін қалмас үшін ақша аямай кітап, газет һәм журнал бастырын халыққа тарату (керек).

* * *

Бізден басқа халық қазіргі күнде жұрт үшін не нәрсе пайға, не нәрсе зарар екенігін түсініп, зарардан құтылуға, пайғаны табуға талынын жатыр...

* * *

Қай жұрттың болса ая ең үлкен қорғаушысы – баспасөз...

* * *

Жұрттың пайғасын кездестіретін, жұртқа жол көрсететін, жұртты болашақ күнін болжауға тырыстыратын – баспасөз...

* * *

Заман жаңаға айналғы. Не істесең ая, не жазсаң ая, барлығына тірі қәлел керек...

* * *

Басшы болып қатарға енгіземіз қегендер алқыменен баспасөз арқылы білімін, өнерін таратсын...



Мәуен ХАМЗИН

Автор туралы: «Болашақ» академиясының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

About the author: Doctor of philological sciences, professor, Director of the Research Center «Miras» at the «Bolashak» University.

Об авторе: профессор Академии «Болашақ», доктор филологических наук.

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ЖӘНЕ ЖҰМАБЕК ТӘШЕНОВ: ҰЛТТЫҚ РУХТАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Андатпа: Алаш арыстары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ә. Ермеков, т.б. саяси ұстанымдарында жер мәселесі басты назарда болды. 1920 жылы бір топ зиялыларымен Мәскеуде Ә. Ермеков Халық Комиссарлары Кеңесінің арнайы мәжілісінде Қазақстан территориясының тұтастығын дәлелді дәйек, ғылыми деректер арқылы сақтап қалды. XX ғасырдың екінші жартысында КСРО империясының басшысы Н. С. Хрущевке Ж. Тәшенов қарсы шығып, сол ерлікті қайталады.

Maugen KHAMZIN

ALIMKHAN ERMEKOV AND JUMABEK TASHENEV: CONTINUITY OF THE TRADITION OF THE NATIONAL SPIRIT

Summary: In the political attitudes of leaders «Alash» A. Bokeikhanov, A. Baitursynov, Yermekova A. and others the land question took an important place. In 1920 A. Ermekov together with a group of intellectuals at a special meeting of the Council of People's Commissars could keep the territory of Kazakhstan by the specific and scientific arguments. In the second half of the twentieth century Zh. Tashenov was against the head of the empire of the USSR S. Hrushev, thus repeating that feat.

Мауен ХАМЗИН

АЛИМХАН ЕРМЕКОВ И ЖУМАБЕК ТАШЕНОВ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИЙ НАЦИОНАЛЬНОГО ДУХА

Аннотация: В данной статье прослеживается деятельность партии «Алаш» и ее активных членов. В политических установках лидеров «Алаша» А. Бокейханова, А. Байтұрсынова, А. Ермекова и др. земельный вопрос занимал важное место. В 1920 году А. Ермеков вместе с группой интеллигенции на специальном заседании Совета Народных комиссаров сумел сохранить территорию Казахстана конкретными доводами, научными аргументами. Во второй половине XX века Ж. Ташенов выступил против главы империи СССР С. Хрущева, повторив таким образом тот подвиг. На основе анализа автором делаются соответствующие выводы.

...Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес. Өткелі тұрған ғасырдың соңғы он жылдығының зиялылары топтық мүддеден биік тұрса, өлермен атаққұмарлықтан аулақ болса, мұны Қазақстандағы мамыражай тыныштық пен тұрақтылықтың басты бір факторы деп білу керек», – деп жазды Алашорда қайраткерлерінің еңбектеріне баға бере отырып.

Егер қазақтың басым бөлшегі ғасырлар бойы өмір сүрудің негізгі тетігі көшпелілікте деп ұғынғандықтан, мал шаруашылығына қажетті жайылым, яғни жер болуына байланысты, ру аралық жекелеген қақтығыстар да сол жер төңірегінде болып тұрғандығын ескерсек, сол жер ұғымының қазақ санасында Атамекен, Жер-ана болып орын алғанын бағамдаймыз. Ертедегі дәуірлерде де жер дауының ұлттық әдет-ғұрып, құқықтық нормаларында айрықша орын алғанын баса айтуға тиістіміз.

Қазақ тәуелсіздігі үшін арпалысқан Алаш арыстары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ә. Ермеков, т.б. саяси ұстанымдарында да халықтың жері, яғни атамекені басты назарда болды. 1920 жылы бір топ пікірлес зиялылармен Ресей астанасына барған Ә. Ермеков Халық Комиссарлары Кеңесінің арнайы мәжілісінде Қазақстан жері территориясының тұтастығын нақты тұжырым, дәлелді дәйек, ғылыми деректерден В.И. Лениннің алдында сақтап қалып, арнайы шешімнің шығуына теңдессіз еңбек сіңіргені тарихтан мәлім. Патшалық заманда шовинистік пиғылдың қазақ ұлтын отарлау, оны кемсіту сияқты элементтерінен арыла қойма-

ғандар алдында өзінің ұшан-теңіз білімі мен біліктілігін көрсетіп, биік зияткерлік өре-деңгейін аңғартқан Ә.Ермеков аса даулы да күрделі отырыста ұлт мүддесін осылайша қорғап шығып еді. Ал, бұл – тарихи жетістік, атап айтқанда,

– қазақтың ұлттық санасының оянып, жұмыр жерде болып жатқан әділетсіздік пен өктемдікке қарсы бас көтеруі еді, бейқамдық пен салғырттықтан іргесін аулақ сала бастауы еді;

– өз көсемдерінің, яғни халқының сөзін сөйлеген ұлтшыл перзенттерінің төңірегіне топтасуы еді;

– ғасырлар бойы халықтың армандаған тәуелсіздігіне жаңа жағдайда, жаңа уақытта алғышарттар жасап, берік сенімін оятқан құбылыс еді.

Алаш қайраткерлерінің бірі Қ. Кеменгерұлының: «Қазақты үздік ұлттығынан айыруға тырысқанда, қалың ел һәм оның оқығандары не істеді? Қалың қазақ екі-ақ орында наразылық білдірді: 1. Шоқындыруға тырысқанда; 2. Сыпырып жерін алғанда...», – деп жазғаны да қазақ ұлты үшін жер мәселесінің қаншалықты мән-маңызға ие екендігін көрсетсе керек.

Қазақ өмірінде Жер-ананың қандай киеге болсын лайықты екендігін ұлттық болмысқа сіңген менталитеттен бөліп алып қарауға болмайтынын ХХ ғасыр басында Алаш арыстары жете түйсінсе, кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында айрықша түсінген қайраткер – Жұмабек Тәшенов еді.

Егер Ж. Тәшенов 1915 жылы емес, одан ертерек яғни ХІХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келсе, жоғарыда біз атап көрсеткен Алашордашы ұлы перзенттердің қатарынан табылатыны анық еді. Дәл осы тұжырымды тереңдете түссек, бірнеше мәселені де ортаға салудың реті келетін сияқты.

Біріншіден, көптеген зерттеулерде айтылып жүргеніндей, Алаш арыстары айдалып, атылып, қуғын-сүргінге ұшырағанымен, түгелдей дерлік жойылғанымен, олардың ұлы идеялары, ұлты үшін қалдырған өсиет, өнегесі жойылып

кеткен жоқ. Олар жүрегінде ұлттық намысы бар көптеген азаматтың болмысынан берік орын алды. Демек, Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алашорда үкіметі атты ұлы феномен ұлттық мүдде ұғымымен тұтаса келіп, еліміздің 1991 жылы жарияланған тәуелсіздігіне ұласты. Яғни ата-бабамыздың, күні кешегі Алаш арыстарының тәуелсіздік үшін күрескен ұлы эстафетасын XX ғасырдың соңғы жылдары Н.Ә. Назарбаев қабылдап алды да, Қазақстан Республикасын жаңа жағдайға негізделген уақыт аясында дүние жүзіне небәрі жиырма жылдан сәл астам мерзімде-ақ әйгілі етті.

Екіншіден, өткен ғасырдың сексенінші жылдарында-ақ КСРО сияқты алып империяның іргесінің бекем еместігі мәлім болған-ды. Сол күдік шындыққа айналды. Токсаныншы жылдардың басында Одақ құрамындағы ұлт республикалары бөлініп шығып, өз еншілерін де алар-алмастан тәуелсіздігін жариялады. Ал мызғымастай көрінген, идеологиялық саясаты аса қуатты, сол тұста ең үздік ілім боп мойындалған марксизм-ленинизм идеясымен қаруланған КСРО империясының бір оқ атылмай-ақ, табан астында жалп етіп құлауының себебі нендей еді? Жетпіс жылдай мерзім ішінде салтанат құрып, «халықтың ақыл-ойы, абыройы және ар-ожданына» айналған коммунистік партияның КСРО тарамай тұрып-ақ тарап кетуінің сыры нендей еді?

Міне, осы мәселелерге толыққанды жауап беруге тырыссак қана өз мақсатымызға жеткендік болып табылады.

Тоталитарлық жүйенің іргесін шайқалтып, әлемнің бірде-бір елінде жоқ зұлым империяның түбіне жеткен халықтың ақыл-санасы, адам баласының ешуақытта да әділетсіздікпен ымыраға келмес тәуелсіздікті аңсағыш күші еді. Сол халықтың ұлы перзенттері еді. Олар: XIX ғасырдағы Махамбет, Абай, Шоқан, т.б. еді де, XX ғасырдағы Алаш арыстары еді, олардың идеясын жүректерінде имандылық етіп ұстаған Е. Бекмаханов, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов,

Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, І. Есенберлин, Ж. Тәшенов, т.б. еді. Осынау тізімді әрі жалғастырсақ, қаламгерлер, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, т.б. еді.

Ұлтшыл азамат қандай қоғам тұсында ғұмыр кешсе де, өз ұлтының қамын ойлайды. Жұмабек Тәшенов есімі ірі қаламгерлігімен, атақты тарихшы немесе философығымен шыққан жоқ. Ірі қайраткерлігімен шықты.

Осынау ірі тұлға жөнінде «Халықтың қайсар перзенті Жұмабек Тәшенов туралы естеліктер» атты кітап, Ә. Шәріповтің «Көргенім, көңіліме тоқығаным», Р.С. Әл-Қаренидің «Жұмабек Тәшенов – Алаштың жүз жылда бір туар алып тұлғасы» т.б. ірілі-ұсақты еңбектер жарияланды.

Осынау шағын еңбектің басында айтқанымыздай, қандай уақытта болса да, қазақ ұлты үшін ең қасиетті, ең киелі, ең қастерлі нәрсе – Жер-ана болатын. Қазақ өзге кейбір халықтар сияқты табиғатты бағындырамыз деп тепсінген жоқ, керісінше, сол табиғатпен адамның арасындағы үйлесім тепендігін сақтауға тырысты, өздерін қоршаған ортаның қожасымыз демей, табиғаттың бір перзентіміз деп есептеді. Міне, осынау мәселелерге бүгінгі күн тұрғысынан үнілсек, тарих сахнасына Ж. Тәшеновтей атақты тұлғаның шығуында да белгілі бір заңдылық бар сияқты. Оның тарихи жадымызда мәңгі-бақи қалуына алғышарттар жасап тұрған да қазақтың бір сүйем жерін өзгеге бермей, қасқая тұрып алғанында болса керек.

Ж. Тәшенов Б. Момышұлындай хас батырға Кеңес Одағының Батыры атағын алып беру туралы іске белсене араласты.

Ж. Тәшенов күдіреті күшті Мәскеу билігінің дегеніне көне бермей, өзінің бай да қуатты республиканың басшыларының бірі ретіндегі ұстанымына олардың көзін жеткізіп, санасуына мәжбүр етті.

Ж. Тәшенов саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш қайраткерлерінің отбасыларына шама-шарқынша жәрдем қолын созды.

Ж. Тәшенов еліміз облыстарындағы басшы қызметтерде жүргендегі азаматтық, біліктілік, білгірлік қасиеттері арқасында халыққа жасаған қамқорлығы өз алдына, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы, әсіресе, Қазақстан Министрлер Кеңесін, яғни үкіметті басқарған кезінде елі үшін айрықша еңбек сіңірген тұлғаларды мәңгі есте қалдыру үшін тегеурінді істердің бастамашысы болды. Ал, ол айрықша еңбек сіңірген сала, бәрінен бұрын, қазақ елінің жерін тұтастай сақтап қалуында еді. Тарата айтсақ, Ж. Тәшенов Маңғыстау өңірін Түрікменстан республикасына беру туралы ұсынысқа мейлінше тойтарыс берді.

Ж. Тәшенов Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру науқанында Тың өлкесі деп атала бастаған солтүстіктегі облыстарымызды Ресей Федерациясына беру туралы Орталықтың ұйғарымына үзілді-кесілді қарсы болды да, зымиян әрі өктем саясатты жүзеге асыртпай тастады.

Ж. Тәшенов Оңтүстік өңіріміздегі мақта өсіретін аудандарды Өзбекстанға беру жөніндегі өкімге барынша қарсы болып, қуатты тойтарыс берді.

Империя басшысы Н.С. Хрущевке тайсалмай: «Никита Сергеевич, бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсымын... Никита Сергеевич, егер Жоғарғы Кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті орындарсыз шеше беретін болса, КСРО-ның және ұлт

республикаларының Конституцияларын жою керек қой» – деуі осынау танымал тұлғаның барша болмыс-бітімі мен ұлтшылдық қасиетін, азаматтық, қайраткерлік тұлғасын паш етсе керек.

Егер XX ғасырдың басында Алаш арысы Ә. Ермеков қазақ ұлтының жері тұтастығын Мәскеуде, В.И. Ленин басқарған Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде қорғап қалса, сол ғасырдың екінші жартысында КСРО империясының азулы басшысы Н.С. Хрущевке қарсы шығып, Ә. Ермеков ағасының аманатын мүлтіксіз орындаған асыл азамат – Ж. Тәшенов еді.

Егер дәстүр, оның жалғастығы мен сабақтастығы сияқты тарихи-философиялық ұғымдар тұрғысынан келсек, XX ғасырдағы қос қайраткердің ұлылық, ұлтшылдық қасиет, сипаттарына бірден ден қоятынымыз анық.

Әрине, өзіңе өктемдік жүргізіп отырған кешегі отарлаушы Ресей патшалығының XX ғасырдағы бірден-бір мұрагеріне айналған кеңестік биліктің бірінші басшысына қарсы шығу қаншалықты қиын болатыны, үлкен зардап әкелетіні еді. Расында да солай болды. Ж. Тәшенов Орталықтың лауазымды адамдар үшін жасалған тізімінен шығарылды. Қызмет бабын төмендету үдерісі қолға алынды. Яғни ол құдіреті күшті КСРО үшін керексіз адамға айналды. Алайда оның есімі өзі қызмет етіп, мүддесін көздеген халқының жүрегінде мәңгі-бақи қалатыны ақиқат.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Алаш мұрасы және осы заман. Кітапта: Алаштану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1 т. – Семей: Таным, 2010.
2. Кеменгерұлы Қ. Қазақ тарихынан. – Мәскеу: Ұлттар комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы, 1924.
3. Халықтың қайсар перзенті. Жұмабек Тәшенов туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, 2005.
4. Шәріпұлы Ә. Көргенім, көңіліме тоқығаным. Естелік // Жұлдыз, 1994.
5. Әл-Қарени (Қаренов) Р.С. Жұмабек Тәшенов – Алаштың жүз жылда біртуар алып тұлғасы. – Қарағанды: Қазақстан-Ресей Университетінің баспасы, 2014.



Жұмабек Ахметұлы Тәшенов
(20.03.1915 – 18.11.1986) – мемлекет және қоғам қайраткері.

Айтулы тұлғаның айтындары

Елімнің мұрағесі үшін қияметке болса да қайынмын.

* * *

Мен елімнің жерін таққа айырбастамаймын.

* * *

Қазақ тілі мемлекеттік шеңберге қолданылсын.

* * *

Абайдың алдына түсу ешкімнің қолынан келмейді, Мұхтарға сыйлықты бергеніміз – Абайға бергеніміз.

* * *

Қызметімнен аламын қесең ала бер, қызметімнің маған керегі жоқ. Маған елдің, жердің тұтастығы керек.

* * *

Солтүстік облыстарды Ресейге қоса салу қазақты қорлау, намысын жер ету. Қалыптасқан шаруашылық-экономикалық қарым-қатынасты біржолата құрту деген сөз. Халықтың тағдырына балта шабумен бірдей.

* * *

Мен өзім Ақмолаға туын-өстім, менің ата-анамның, ата-бабамның жаны осы жерге жай тапқан. Енді осы жерді бізден алып, Ресейге бергелі отырсыздар. Мұндаймен ешбір қазақ келіспейді. Ойланыңыздар, жолдастар! Мен осындай мәселені көтергеннің өзіне жан-тәніммен қарсымын!

* * *

Жоғарғы кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті орындарсыз шеше беретін болса, онда СССР-дің Конституциясын жою керек қой. Ал Ата заңда әр республика өзінің тарихи жерін, өз менигізім деп пайдалануға құқығы бар. Егер де заңмен санаспайтын жағдай туса, онда біз халықаралық заңды мекемелерге дейін шағым берумен де тайынбаймыз. Ондай құқығымыз да бар.

* * *

...өзгелерден киіммен емес, ақылмен ерекшелену керек.



Об авторе: доктор филологических наук, профессор, академик Российской Академии гуманитарных наук, заслуженный деятель науки РФ, заслуженный деятель науки Республики Татарстан, лауреат госпремии Республики Татарстан.

About the author: Literary critic, Professor, academic, Academician of the Russian Academy of Human Sciences, Honored Scientist of Russia, Honored Worker of Science of the Republic of Tatarstan, RT State Prize winner, member of the Union of writers of RT.

Автор туралы: филол. ғылымдарының докторы, профессор, Ресей гуманитарлық Ғылым академиясының академигі, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Татарстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ТР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Хатип МИННЕГУЛОВ

МЫСЛИТЕЛИ АНТИЧНОСТИ И СРЕДНЕВЕКОВЬЯ О ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

Аннотация: Идеи государственности, положенные в основу многих сочинений древней и средневековой тюрко-татарской литературы, имеют многовековую историю. В статье освещаются взгляды некоторых античных и средневековых мыслителей, таких как Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель, аль-Фараби, Макиавелли и др.

**Hatip MINNEGULOV
ANCIENT AND MEDIEVAL THINKERS ABOUT THE STATE**

Summary: The ideas of statehood, laid into the basis of many works of ancient and medieval Turkic-Tatar literature, have a long history. The report highlights the views of some ancient and medieval philosophers such as Confucius, Socrates. Plato, Aristotle, al-Farabi, Machiavelli and others.

**Хатип МИННЕГУЛОВ
ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫР ОЙШЫЛДАРЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ТУРАЛЫ**

Андатпа: Ежелгі және ортағасырлық түрік-татар әдебиетінің көптеген шығармаларына арқау болған мемлекеттілік идеясының көп ғасырлық тарихы бар. Мақалада Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель, әл-Фараби, Макиавелли секілді ойшылдардың мемлекеттілік туралы кейбір қозғалыстары сарапталды.

Государство, которое является центральной формой в политико-административной системе, «обладает верховной властью на определенной территории» [1, с. 370], «располагает специальными средствами управления» [2, 48], присуще многовековой истории человеческого сообщества. Как известно, оно как общественно-социальная властная структура существовало задолго до нашей эры в различных уголках земного шара. Конечно, такие государства – своего рода макроинституты – были неоднородными, имели различные формы и содержания; с течением времени они в той ли иной степени изменялись, эволюционировали, исчезали, появлялись новые. Но основная сущность их, в целом, сохранилась: это – властность, иерархичность, относительно единое проживание населения на определенной территории, борьба за имущества. «...Правительство есть совокупность средств для удержания подданных в страхе и повиновении» [3, с. 48]. В этих словах выдающегося итальянского политического деятеля и мыслителя Никколо Макиавелли (1469–1527) сконцентрировано выражено одно из главных свойств, присущих государственной структуре.

«Что значит государство?», «Каким должно быть его устройство?», «Кто и как должны управлять государством?» – эти вопросы издавна волновали людей, особенно выдающихся умов человечества, начиная с Конфуция (551 – 479 гг. до н.э.) в Китае и Каутильи (Чанакия) в Индии, кончая классиками марксизма-ленинизма и Карлом Ясперсом (1883–1969) в Европе. В их трудах имеются различные мысли о сущности и функциях государственной системы, высказываются многообразные пути и средства по совершенствованию управления страной. В частности, Конфуций в основу своих политических взглядов положил принцип следования тради-


Мәселеге осы уақытқа дейін ұлтқа қойылатын талаптар тұрғысынан келетін болсақ, біз жеке ұлт, жеке ұлттық тіл ретінде атап отырғандарымыздың біразы ондай өлшемдерге толық жауап бере алмайды. «Ұлт – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этнокалық қауымының жоғары түрі» (Ғ. Райыс. Эстетика. Алматы, 2012, 422-бет). Нақтылай түссек, ұлт дегеніміз, белгілі бір территорияда өмір сүретін, басқалардан ерекшелендіріп тұратын тарихи қалыптасқан экономикасы, мәдениеті, ұлттық болмысы, тілі бар этностық қауым. Ұлттың басты айқындаушысы, темірқазығы – оның тілі. Десек те, жоғарыда біз атағандардың біразы мұндай өлшемдерге сай келе бермегенімен де, қалыптасқан дәстүр бойынша, бұлар жеке тіл ретінде аталып жүр. Бұл жердегі

мәселенің анықтығын айқындау ғалымдардың алдында шешімін күтіп тұрған уақыттың еншісіндегі міндет болып табылмақ.

Қырықтай тіл дегенімізбен, бұлардың түбі бір, бір-бірімен түсінісе алатындай жақын; көршілері өзара сөйлескенде, еркін ұғыныса алады да, тұрағы қашықтаған сайын түрлі жағдайлардың әсерінен болған айырмашылықтар сезіле бастайды. Сол жақын-қашықтығына қарай түркі тілдері негізінен қыпшақ, оғыз, ұйғыр, Сібір, аралық топтарына бөлінеді. Бұларға Ресейде тұратын 2 миллиондай халқы бар шуваштар мен Ирандағы 42 мыңдай Халаж қосылмайды.

Түркі халықтарының кейбіреулерінің тегі жайында басқаша пайымдайтын пікірлер де бар. Мысалы, шуваштарды бір зерттеушілер түркіленген моңғол тектілер десе, енді біреулері керісінше, моңғолданған түркілер санайды. В. Радлов сахаларды моңғолданған түркілер десе, «сахалар Байкал жағалауына қоныс аударған түркі тілдес халықтар мен жергілікті тұрғындардың араласуынан қалыптасқан көне халықтың көзі» (И. Қабышұлы. Тұран әлемі. Алматы, 2007, 277-бет) деген де пікірлер бар.

Ал алтайлықтар болса, өздерін жоңғардың бір үрім-бұтағы санайтын ойрат әулетінен таратады. Белгілі түркітанушы, моңғолтанушы Ислам Қабышұлы да «моңғол тектес ойрат халқының төрт руынан тараған шағын халық» деп жазады (сонда, 268-бет).

Түркі халықтарының ішінде қазақ, әзірбайжан, қырғыз, өзбек, түрік, түркімен ұлттары өздерінің мемлекеттігін құрып, тілдеріне мемлекеттік тіл мәртебесін беріп, дамуына жан-жақты жағдайлар жасап отыр. Мемлекеттік тұрғыдан қорғалып отырған бұл тілдерге дәл қазір төніп тұрған қауіптің жолы біршама жабық деуге болады.

Ал екінші топқа алтай, башқұрт, балқар, қарашай, құмық, саха, татар,

тыва, ұйғыр, шуваш, хакас тілдері жатады. Бұл халықтардың ұлттық толық тәуелсіздігі жоқ, сондықтан да тілдерінің тіршілік еркіндігі шектеулі. Ресей мен Қытайдың құрамындағы бұл елдердің саяси хұқы автономиямен шектеліп, тілдеріне жергілікті ресми тіл дәрежесі берілген. Бұл тілдер жергілікті автономиялық облыс, аудан аумағында ғана, онда да сол өздері өмір сүріп жатқан елдердің мемлекеттік тіліне қосымша ретінде ғана қолданылады.

Ресми тіл болғанымен де бұл топтағы тілдердің болашағы жарқырап тұрған жоқ; тіпті оның дамуына кедергілер, қыспақтар көбеюде. Ресми жағынан тіл еркіндігіне қарамастан, іс жүзінде қоғамдық өмірде қолданылу аясы тарыла түсуде. Осындай жағдайлардың салдарынан аз санды халықтар түгілі, 8 миллиондай татар мен 3 миллионнан астам башқұрт халықтары да ұлттық даму жағынан қысым көріп жатыр.

Түркілік ұлттардың көбірек тұратын жері – Ресей Федерациясы. Енді әлеуметтік желіден алынған мына бір мәліметтерге көз салайық. 1897 жылғы санақ бойынша, Ресейде 20 түркітөктес халық тұрған екен. Бүгінгі күндері осылардың ішіндегі 118 мыңдай теп-тәри, 54 мыңдай мешчеряки сияқты кейбіреулерінің жеке ұлт ретінде аттары кездеспейді де. Демек, олар дербес ұлт ретінде өмір сүруін тоқтатқан. Сондай-ақ бұл тізімде қазіргі Ресейде ресми түрде ұлт ретінде танылатын алтайлықтар, долғандар, ингуштар, нағайбақтар, тувалар, тофалар, телеуіттер, хахастар, шұлымдар, шорлар, гагауыздар аталынбаған да.

Қазір Ресей халқының 80 пайыздайын құрайтын 150 миллиондай орыстармен бірге осы елде атам заманнан бері өмір сүріп келе жатқан алтайлық (69 400), балқар (78 300), башқұрт (3 000 000), долған (6 600), ингуш (215 100), қарашай (150 300), құмық (277 200), нағайбақ (8 000),

ноғай (73 700), татар (7 500 000), телеуіт, тофа (700), тыва (206 200), хахас (78 500), шуваш (1 773 600), шұлым (1 000), шор (15 700), якут (380 200) секілді тұрғылықты халықтармен әзербайжан, гагауыз, қазақ, қарайым, қырғыз, қырым татары, түрік, түркімен, өзбек, ұйғыр секілді ұлттық және этникалық азшылықтар, тағы да басқа көптеген мигранттар тұрады. Ресейдегі түркітілдестердің жалпы саны 30 миллионның үстінде.

КСРО кезіндегі аз ұлттардың тағдыр-талайын мына бір фактілерден-ақ байқауға болады. 1926 жылы КСРО құрылғанда, ресми түрде 194 ұлт-тіл болса, 1979 жылы соның 101-і ғана қалған. Сонда жарты ғасыр уақыт ішінде бір ғана Ресейде 93 ұлт жойылып кеткен. Ал ХХІ ғасырдың басында тағы да 20-дан аса ұлт тағы да тарихтың сахнасынан кетуге мәжбүр болған. Осындай жағдай күні бүгінге дейін жалғасуда. Қазір ғалымдар саны 1000-ның о жақ, бұ жағындағы ұлттар мен вод (сөйлеушісі 10 адам), селькуп, эскимосс, алеут сияқты тілдерді өліп бара жатқан тілдердің қатарына қосады. Бұлардың ішіндегі шұлым, тофалар тілдердің түркі тобына жатады. Осы таблицаға қарап отырып, Ресей Федерациясында орыстардан басқа барлық ұлттардың дамуында түрлі проблемалардың барлығына көз жетеді.

Ресей империясы тұсындағы отаршылдық саясаттың түркі тілдеріне тигізген зардабы жайлы профессор М. Мырзахметов төмендегідей мәліметтер келтіреді: «...Ресей осы кезден бастап түркі халықтарының жендетіне айналғаны шындық қой? Ресей 49 топқа бөлінетін түркі халықтарының 47-ін жаулап алуы, бүгінде солардың 27-ін шоқындырып, орыстандырып жіберуі ата-бабаларымыздың ескерткен қауіптің өзі емес пе? Мысалы, Ресей империясының ірі халық ретінде саналатын ноғай, қазақ, қырым татарын ыдыратып, санын жыл өткен сайын

қысқартып жіберуі – осының айғағы. Он алтыншы ғасырда орыстар төрт миллион болса, қырым татары мен ноғайлардың саны да төрт миллион болатын. Ал бүгінде орыс халқы 140 миллионнан астам болып тұр. Ноғай бүгін 90 мыңға түсіп кетсе, қырым татарлары жарты миллионға жетпей отыр. Ал қазақтар 1916 жылы 47 түрік халқының 5,7 пайызы болса, бүгінде үш есе азайып, 2,3 пайызға түсіп кетуі нені көрсетеді? Әрине, Ресей империясының түркі халықтарының «жендетіне» айналғанын айғақтап отыр» (М. Мырзахмет. Қазіргі кезде қазақ елі дүниетаным жағынан әрісәрі күйде тұр. «Қазақстан-Заман», 29.05.2014).

«РСФСР халықтарының тілдері туралы заңда» «РСФСР халықтарының тілдері – Ресейдің ұлттық мақтанышы» («Языки народов РСФСР – национальное достояние Российского государства»), Мемлекет РСФСР-дің барлық жерінде ұлттық тілдерді, қостілділікті, көптілділікті дамытуға жағдай жасайды» («Государство на всей территории РСФСР способствует развитию национальных языков, двуязычия и многоязычия»), «Мемлекет барлық тілдердің сақталуға, дамуға тең құқылығын мойындайды» («Государство признает равные права всех языков народов РСФСР на их сохранение и развитие»), «халықтар мен жекелеген адамдардың тіл суверенділігі заңмен қорғалады» («Языковой суверенитет народов и личности охраняется законом»), «РСФСР халықтарының тілдері мемлекеттің қорғауында» («Языки народов РСФСР пользуются защитой государства») деген баптардан бұл елде тіл мәселесі біржола шешімін тапқандай көрінеді.

Шындығында бұл заңда ұлттық тілдерге белгілі бір деңгейде екінші кезектегі мәртебе берілгенімен де негізінен орыс тілінің қамы, оның басқа тілдерге басымдығы заңдастырылған.

Ресей стратегтерінің жоспарлауынша, қазіргі кездегі қостілділік, көптілділік біртіндеп, бір тілге, яғни орыс тіліне орын беруі керек. Бұл дегеніміз – түптің түбінде орыс тілінің басқа тілдерді жұтып қоюы, болмаса, аз ұлттардың ассимиляцияланып, орысқа сіңіп, жұтылып кетуі деген сөз.

Академик А.Н. Баскаковтың пайымдауынша, орыс тілі жуық арада қандай да жағдай болмасын, өзінің ғылымдағы, білім беру саласындағы, информатикадағы, өндірістегі басымдығын сақтап қала береді (А.Н. Баскаков. Социоллингвистический анализ языкового законодательства в Российской Федерации. «Языковые проблемы Российской Федерации и законы о языках». Москва, 1994, 40-бет). Бұл жоспарлардың жүзеге асуы бір жағынан, бұрын империя кезінде 350 миллион болған, қазір 270 миллиондай сөйлеушісі бар орыс тілінің қуаттылығына, өміршендігіне байланысты болса, екінші жағынан, осы елдегі басқа ұлттардың еркіндікке деген мүмкіндігін, ұмтылысын басу, шектеу арқылы жүзеге аспак.

Бұл жерде Ресейдің тіл саясатына әсер етіп отырған мына бір факторды да ескерген жөн. Арада ширек ғасырдай уақыт өтсе де орыс ұлтшылдары Ресей империясының шынымен ыдырап, келмеске кеткеніне сенгісі жоқ. «КСРО-ның бұрынғы шегараларында қайтадан қалпына келу мүмкіндігіне сену қиын, дегенмен де «соңғы империя» мәңгілік келмеске кетті, бөлініп шыққан 14 мемлекеттің бір де біреуі ешқашан да енді Ресеймен бірікпейді дегенге де негіз жоқ» (В.М. Алпатов. 150 языков и политика: 1917-2000. Москва, 2000, 200-бет).

Міне, осы сияқты факторлар орыс тілін айналасындағыларға жақсы жағынан гөрі теріс әсерлерін көбірек тигізген, мұндай әрекеттерін әлі күнге дейін жалғастырып келе жатқан өктем тілге айналдырып отыр.



About the author: Ph.D. in Literature, University of Tokyo Associate Professor, Waseda Institute for Advanced Study, Japan.

Автор туралы: Ph.D. Токио Университеті. Перспективалық зерттеулер институты, Васада, Жапония, доцент.

Об авторе: Ph.D. Токийский Университет. Институт перспективных исследований, Васада, Япония, доцент.

Jin NODA

JAPANESE SCIENTISTS ABOUT THE HISTORY OF THE KAZAKH STATE AND IDENTIFICATION (New scientific publication)

Summary: Japanese researcher Jean Noda trained on the basis of Institute of Oriental Studies in Almaty, on the theme «International relations of Kazakhstan with Russia and China in the 18th-19th centuries.». Works in Tokyo. This year, he published his new book «Kazakh Khanate between Russia and the Qing Empire: International relations in Central Asia, 18 – early 19 centuries.» The publication reflects the position of the Kazakh ruling elite in the vast expanse of the Kazakh steppe, Western Siberia and Xinjiang.

Джин НОДА
ЖАПОН ҒАЛЫМДАРЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАНУЫ ТУРАЛЫ (Жаңа ғылыми басылым)

Андатпа: Жапон зерттеушісі Джин Алматыдағы ҚР БҒМ ҒК Шығыстану институтында «XVIII – XIX ғасырлардағы Қазақстанның Ресеймен және Қытаймен халықаралық қатынастары» тақырыбы бойынша бірнеше жыл тағылымдамадан өтті. Қазір Токиода жұмыс істейді. Үстіміздегі жылы сәуірде оның «Ресей және Цинь империялары арасындағы Қазақ хандықтары: Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар, 18 ғасыр – 19 ғасырдың басы» атты жаңа кітабы жарық көрді. Басылым Қазақ даласының, Батыс Сібір мен Шыңжаңның байтақ кеңістігіндегі қазақ билік элитасының (шыңғызидтердің) алған орнын бейнелейді.

Джин НОДА
ЯПОНСКИЕ УЧЕННЫЕ ОБ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВА И ИДЕНТИФИКАЦИИ (Новое научное издание)

Аннотация: Автором статьи является японский исследователь Джин Нода, который несколько лет стажировался на базе Института востоковедения КН МОН РК в Алматы по теме «Международные отношения Казахстана с Россией и Китаем в XVIII – XIX вв.». В настоящее время работает в Токио. В апреле т.г. увидела свет его новая книга «Казахские ханства между Российской и Цинской империями: международные отношения в Центральной Азии. 18 – начало 19 вв.». Статья посвящена данному изданию, которое отражает место казахской правящей элиты (чингизидов) в обширном пространстве Казахской степи, Западной Сибири и Синьцзяна.


In *The Kazakh Khanates between the Russian and Qing Empires*, Jin Noda examines the foreign relations of the Kazakh Chinggisid sultans and the Russian and Qing empires during the 18th and 19th centuries. Noda makes use of both Russian and Qing archival documents as well as local Islamic sources. Through analysis of each party's claims –mainly reflected in the Russian-Qing negotiations regarding Central Eurasia–, the book describes the role played by the Kazakh nomads in tying together the three regions of eastern Kazakh steppe, Western Siberia, and Xinjiang.

In «*The Kazakh Khanates between the Russian and Qing Empires*», Jin Noda examines the foreign relations of the Kazakh Chinggisid sultans and the Russian and Qing empires during the 18th and 19th centuries. Noda makes use of both Russian and Qing archival documents as well as local Islamic sources. Through analysis of each party's claims mainly reflected in the Russian-Qing negotiations regarding Central Eurasia, the book describes the role played by the Kazakh nomads in tying together the three regions of eastern Kazakh steppe, Western Siberia, and Xinjiang».

Research Topics

My research topic is history of Central Asia located between Russia and China. Especially much attention is focused on the process of the formation of ethnic identities in 1860s – early twentieth century. The important facts for this research are the demarcation between Russian and Qing empires, and crossing borders by such ethnic groups as Kazakhs, Uyghurs, Hui Muslims.

Associate Professor, Waseda Institute for Advanced Study Ph.D. is Associate Professor at the Waseda Institute for Advanced Study, Tokyo, Japan. He has published many works on the history of Central Eurasia, including «A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to



the Qing Dynasty» (2010). My research topic is history of Central Asia located between Russia and China. Especially much attention is focused on the process of the formation of ethnic identities in 1860s – early twentieth century. The important facts for this research are the demarcation between Russian and Qing empires, and crossing borders by such ethnic groups as Kazakhs, Uyghurs, Hui Muslims.

Biographical note

Jin Noda, Ph.D. is Associate Professor at the Waseda Institute for Advanced Study, Tokyo, Japan. He has published many works on the history of Central Eurasia, including *A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty* (2010).

Membership of Academic Organization
Society of Inner Asian Studies

Japan Association for Central Asian
Studies

Central Eurasian Studies Society

Shigakukai (The Historical Society of
Japan)

Toyoshi-kenkyu-kai (The Society of
Oriental Researches)

Honors
2006 Third Prize of the Society of
Inner Asian Studies (Japan)

References:

1. Noda Jin; Onuma Takahiro, A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty, Tokyo: Department of Islamic Area Studies, University of Tokyo, 2010.
2. Jin Noda, The «Kazakh khanate» between Russia and Qing Empires, Tokyo: University of Tokyo Press, 2011. (in Japanese)
3. T. Uyama ed., Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts (J. Noda, «Russo-Chinese Trade through Central Asia: Regulations and Reality,» pp. 153-173), London: Routledge, 2011.
4. Chengzhi ed., Birth of the Border (J. Noda, «Kazakh Nomadism and Crossing-border in the Historical Context,» pp. 169-206) Kyoto: RinsenShoten, 2012. (in Japanese)
5. Jin Noda, «Beyond the Imperial borders: The Kazakh Steppe as a borderland between Russia and the Qing,» *RekishigakuKenkyu*, no. 911, pp. 10-18, 2013. (in Japanese)etc.

**Noda, Jin. The Kazakh Khanates Between the Russian and Qing Empires: Central Eurasian International Relations During the Eighteenth and Nineteenth Centuries. Brill Academic Pub; Lamedition, 2016. 352 pages.*

*Information prepared
G. Mukanova*



Автор туралы: Солтүстік Қазақстан облыстық архивінің директоры, тарих ғылымдарының кандидаты.

About the author: Director of the North-Kazakhstan State Regional Archive, Candidate of Historical Sciences.

Об авторе: директор Северо-Казакхстанского областного архива, кандидат исторических наук.

Сәуле МӘЛІКОВА

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚИҒАЛАРЫ

Андатпа: Жаңадан табылған архив материалдары негізінде Қазақстанның солтүстігінде 1916 жыл болған көтеріліс оқиғалары жаңа әдістемелік көзқарас тұрғысынан көрсетіледі. Бұдан 100 жыл бұрын Есіл өңірінде орын алған оқиға бүгінде нақты деректер негізінде қалпына келтірілді. Автор әлеуметтік қатығыстардың шынайы себептерін ашып көрсетеді, аймақтың қоныстандырылу тарихы мен этнодемографиясы туралы мәліметтер келтіреді.

Saule MALIKOVA
EVENTS OF NATIONAL LIBERATION UPRISING OF 1916 IN NORTHERN KAZAKHSTAN

Summary: The article, based on newly discovered archival material, the first time, with new methodological positions, shows the events of the uprising in 1916 in the north of Kazakhstan. The events that took place 100 years ago in Priishimye now found real outlines, details. The author reveals the true causes of social conflicts, presents data on the history of settlement and ethno-demography of the region.

Сауле МАЛИКОВА
СОБЫТИЯ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА НА СЕВЕРЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация: В статье, основанной на вновь обнаруженных архивных материалах, впервые с новых методологических позиций показаны события восстания 1916 года на севере Казахстана. Имевшие место 100 лет назад в Приишимье события теперь обрели реальные очертания, детали. Автор вскрывает истинные причины социальных столкновений, приводит данные по истории заселения и этнодемографии края.

Патшалық Ресейдің XX ғасырдың басында Қазақстан мен Орта Азияның шығыс аудандарын отарлауы өте күшті қарқынмен жүргізілді. Тек 1907-1912 жылдары империяның Еуропалық бөліктерінен бұл жаққа 2 млн 400 мың адам келіп қоныстанды. Әсіресе, Қазақстанда отарлау кең ауқымда жүргізілді. Қазақстанның жерлерінде патша өкіметі шаруаларды қоныстандыру үшін жер қорын жасап, 1916 жылға дейін олардың 45 млн десятина ең шұрайлы жерлерін тартып алды, сөйтіп жергілікті халықтар таулар мен шөл далаға ығысуға мәжбүр болды. Бұл жерлерде не су, не мал жаятын жеткілікті шабындық болмады.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында бұрынғы Түркістан аймағында (Хиуа мен Бұқараны қоспағанда) 941 жаңадан қоныстанған поселкілер пайда болды. Бұл кезде Түркістанда орыс поселкілерінің әрбір тұрғынына 3,17 десятина егін егетін жерден келсе, жергілікті тұрғындарға (қазақ, өзбек, қырғыз және т.б.) 0,21 десятинадан ғана жер келді. Сөйтіп, ешқандай жері жоқ қазақ-қырғыз тақыр кедейлердің үлкен тобы құрылды. Жетісу губерниясында көшіп келген орыс кулак шаруашылықтарының 90 проценттен астамы қазақ кедейлердің жалдамалы еңбегін пайдаланды [1, 186 п.]. Қазақ жерлерін күшпен тартып алу жергілікті халықтар мен орыс-украин қоныстанушыларының арасындағы қайшылықтарды шиеленістірді, жер мәселесі жөніндегі күштеу сияқты шеткі аймақтарда да кеңінен тарады.

1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бұл Бірінші дүниежүзілік соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да аса ауыр зардаптарын тигізді. Ол патша чиновниктері мен жергілікті әкімдердің және байлардың зорлық-зомбылығы мен озбырлығын күшейтті. Соғыс қажетіне Қазақстаннан орасан көп жылқы, ауыл шаруашылық өнімдері жөнелтілді. Жергілікті халықтан алына-

тын салық 3-4 есе көбейді, шаруалардың ірі қара малы мен мал азығын соғыс қажетіне алу күшейді, осының бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басының азаюына әкеп соқты.

Қазақ жастарын майдандағы тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы халықтың шыдамын тауысып, олардың отарлау езгісі мен қанауға қарсы көтерілуіне себеп болды. Жарлық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға окоп қазуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық облыстарынан – 100 мыңнан астам, Жетісудан 87 мың адам жіберу көзделді [2, 289 п.]. Қазақтардың тууы туралы куәлігінің жоғын пайдаланып, болыстық басқармалар мен ауыл старшындары жастарының асқандығына қарамастан кедей жігіттерді майданға жұмысқа алынатын «қара тізімге қосты», ал ауқаттылар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын жасап бақты. Майдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразылығын тудырды. Елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, қатыгез байларды өлтіру, иеліктеріне шабуыл жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым-салық қағаздарын, тағы басқаны жойып жіберу секілді ашу-ыза әрекеттері кең орын алды. Сойыл, кетпен, шалғы, мылтық, қылышпен қаруланған ел адамдары байлардың ауылдарын өртеп, малдарын әкетуі жиілей түсті.

Қазақстандағы бұл қозғалыс көпшілік аудандарда ұлт-азаттық сипатта болып, патша өкіметіне, отаршылдыққа, тонаушылық соғысқа және отырған феодал-байларға қарсы бағытталды.

Бұл арада тағы бір мәселенің бетін ашып кету қажет. Ол 1916 жылы қазақ интеллегенциясының көсемдері, яғни ұлт-азаттық қозғалысты бастаушылар, халық көтерілісіне қалай қарады? Олар патшаға қарсы қарулы көтерілісті жақтаған жоқ. Өйткені құр қол халық

патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне қарсылық көрсете алмай, тағы да қырғынға ұшырайтынын сезді. Бірақ тасқыны тау суындай дүркіреген стихияны – халық көтерілісін тоқтату мүмкін болмады. «Қазақ» газетінің ашық көтерілу қауіпті, одан да мобилизацияны кешеуілдетуді ұсынайық, жеңілдіктер сұрайық, ол екі ортада патша да бір жайлы болар деген сияқты шақыруларын халық ескермеді.

Бір сөзбен айтқанда, стихиялық халық көтерілісінен ұлт-азаттық қозғалыстың көсемдері бөлініп қалды. Өмір олардың болжамы дұрыс екендігін дәлелдеді. Қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді, ал 1917 жылы 27 ақпанда бас-аяғы бірнеше айдан кейін патша да тағынан құлады. Осындай жағдайды ескермей кей зерттеушілер тарапынан «Алаш» партиясының өкілдері 1916 жылы патшаны жақтады, тіпті көтерілісті басып, жанышты деген ұшқары сөздер айтылды. Алашордалықтардың көтеріліс кезіндегі тактикасын түсінбеді.

Ал көтеріліс басылып, қазақ жігіттері майдандарға окоп қазуға жіберіле бастаған кезде, оларға бас-көз болып, кейін аман-есен оларды ауылға жеткізу қажет болған жағдайда Әлихан Бөкейхановтың өзі бастаған қазақ зиялылары (мұғалімдер, заңгерлер т.б.) серіктерімен бірге майданға (реквизицияланғандармен) аттанды. Бұны нағыз патриотизм деп түсіну керек. Өйтпегенде сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін көптеген қазақ жігіттерінің елге аман оралуы екіталай еді.

1916 жылғы шілде, тамыз айларында көтеріліс бүкіл қазақ даласын қамтыды. Оны басу үшін патша өкіметі жазалаушы отрядтар жіберді. Оның құрамына жан-жақты қаруланған әскер бөлімдері, жергілікті казак-орыс шоғырлары кірді.

Көтерілістің бірыңғай басшылығы және ұйымдастырушы орталығы болмаса да, Қазақстанда болып жатқан оқиғалар басқа аймақтарға ықпал жа-

сап, өзара байланысты болып отырды. Көптеген аудандарда көтеріліс антифеодалдық сипат алды. Алайда, көтеріліс стихиялы түрде дамып, онда тұрақты, жергілікті біріккен басшылықтардың болмағандығының салдары айқын көрінді. 1916 жылғы көтеріліс қазақ еңбекші бұқарасының саяси санасезімін арттыруға зор рөл атқарды.

Майданға қара жұмысқа 19 бен 43 жастың арасындағыларды алу жөнінде патшаның жарлығы бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндірді. Халықтың ашу ызасы бір сәтте тасыған судай ақтарылды. Көтеріліске шыққан аудандар – Торғай, Орал, Маңғыстау, Ақмола, Сырдария, Жетісу өңірлері.

Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтып, царизмнің әскери-отаршылдық және кең көлемді орыстандыру саясатына қарсы әрі белгілі бір дәрежеде ауылдардың бай-феодалдық басшы топтарына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысына ұласты. Осымен бірге бұл көтеріліс халық шаруашылығының дағдарысына және халықтың қайыршылануының ең шеткі шегіне алып келген соғысқа қарсы бағытталды. Осы жағынан ол Ресей жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық күресімен қабысты. 1916 жылғы көтерілістің басты мақсаты қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолдарындағы бұдан бұрынғы барлық күресіне қорытынды жасайтын ұлттық және саяси азаттыққа жету болды.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күші – ұлттық шаруалардың қалың топтары, сондай-ақ жаңадан туындап келе жатқан жұмысшы тобының өкілдері, қолөнершілер болды. Оған қазақ халқының өзге топтарының (байлар, болыс басқарушылары, билер), сондай-ақ демократиялық интеллигенцияның өкілдері де қатысты.

Тұтас алғанда Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қазақтармен қатар ұйғырлар, өзбектер, дұңғандар және кейбір өзге халықтардың өкілдері қатысқан, оның оңтүстік облыстарын (Жетісу және

Сырдария облыстары) айтпағанда бір ұлттық сипатқа ие болды.

Көтерілістің аса ірі орталықтары Жетісу мен Торғай жері болды. Жетісу әскери қарулы қарсылықтың шілде-тамыз айларында-ақ бұқаралық сипат алды. Барлық жерлерде найза-сүңгілермен, аңшылық мылтықтармен, суық қарулармен қаруланған көтерілісшілердің жасақтары ұйымдастырылып жатты. 17 шілдеде Жетісу мен Түркістан өлкесінде соғыстық жағдай жарияланды. Патша өкімет орындары да ірі әскери күштерді жеткізе бастады, әскери гарнизондарды нығайтты, қазақ және қырғыз көтерілісшілерін жазалау үшін Жетісудың қоныс аударған халқының дәулетті топтарынан қарулы жасақтар құрып жатты. Көтерілісшілердің патша жазалаушыларымен ірі қақтығыстары Асы мен Қарқара жайлауларында, Самсы станциясы маңында, Қастек, Нарынқол, Шарын, Қорам өңірлерінде, Лепсі оязының Садыр-Матай болысында және басқа жерлерде болып өтті. Қыркүйек пен қазан айының басында барлық жағынан жазалаушы отрядтар қыспаққа алған жетісулық көтерілісшілердің едәуір бөлігі табан тірескен шайқастармен шегінуге, сөйтіп, Батыс Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болды.

22 қазанда А. Иманов бастаған 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршауға алды. Қаланы құрсау бірнеше күнге созылды. Сол аралықта қалаға қарай үш бағыттан генерал-лейтенант А. Лаврентьевтің жазалаушы корпусы келе жатты. Патша жазалаушыларының басым күштері жақындап қалғандығы туралы хабар алып, көтерілісшілер Торғайды қоршауды қойды және патша әскерлері отрядтарының алдынан шықты. 16 қазанда А. Иманов бастаған жалпы саны 12 мыңға жуық адамнан құрылған сарбаздар Топқойма почта станциясы ауданында подполковник Катоминнің жазалаушы отрядтарына шабуыл жасады. Көтерілісшілердің негізгі бұқарасы адам күшін сақтап

қалу мақсатында 1916 ж. қарашасында Торғайдан 150 шақырым жерге әкеліліп, Батпаққара ауданында шоғырландырылды. Осы арадан 1917 ж. ақпанның орта шегіне дейін жазалаушыларға қарсы партизандық жортуылдар жасалып тұрды.

Қазақстанның басқа аймақтарында да көтерілісшілерге патша жазалаушы отрядтарының басым күштерімен кескілескен ұрыстар жүргізуге тура келді. Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы 12 кавалерия жүздігі, 11 күшейтілген жаяу әскер ротасы қимыл жасады. Ал Торғай көтерілісшілеріне қарсы патша өкіметі құрамында 17 атқыштар ротасы, 18 қазақтар жүздігі, 4 кавалерия эскадроны, 18 зеңбірегі, 10 пулеметі және басқалары болған экспедициялық корпус жіберді. Алайда, жазалаушылар тура ақпан революциясына дейін көтерілісті сол бойы басып-жанши алмады. Тек царизм құлатылғаннан кейін ғана Торғай облысындағы көтеріліс тиылды.

Тек генерал-губернатор Куропаткин биіктен сот үкімдерімен Түркістан өлкесінде 1917 ж. 1 ақпанына дейін өлім жазасына 347 адам, каторгалық жұмыстарға – 168, түрмеде тұтқындалуға – 129 адам кесілді [3, 294 п.]. Ал мұның сыртында сотсыз және тергеусіз атылып, жазалаушылар мен қоныс аударған селолар тұрғындарынан жасакталған отрядтардың қолдарынан қаза тапқандар тағы бар.

1916 ж. көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалыстың тарихында ерекше орын алды. Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайларында Амангелді Иманов пен көтерілістің басқа басшылары халықты өз уақытында Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Кенесары мен Наурызбай Қасымовтар бастаған тәуелсіздік жолындағы күреске көтерілді. Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалысынан кейін бірінші рет 1916 ж. көтеріліс кеңбайтақ өлкенің барлық аймақтарын

камтып, бүкілқазақтық сипат алды. Көтеріліс отарлауға және империалистік саясатқа қарсы бағытта өрбіді. Халықты ұлттық және саяси азат ету жолындағы көтерілістің басты міндеттерімен салыстырғанда бұл көтерілістің таптық жағы (ауылдың феодалдық басшы топтарына қарсы күрес) екінші кезектегі мәселе болып қалды.

Зерттеушілер [4, 79 п.]. (М. Қозыбаев, А.К. Бисембаев) қозғалыстың бұқаралық сипатын, көтеріліс барысында жалпыұлттық ұран көтерілгенін, көтерілісшілердің жекелеген билік жүргізу институты элементтерін құрғанын (мысалы, хан сайлау фактісі) ескеріп, 1916 ж. оқиғаларын патшалық Ресей отарларында бірінші рет болып өткен ұлт-азаттық революциясы ретінде бағалау қажеттігі жөнінде тезис ұсынды. Қызықты-ақ тезис, бірақ 1916 ж. көтеріліс тарихының сюжеті А.В. Пяковскийдің редакциясымен жазылған еңбекте сонау 1960 ж. айтса да, қазір ұмыт қалған тезісі сияқты арнайы зерттеуді талап етеді. Ал ол Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 ж. көтеріліс отар халықтарының (Қытайдың, Парсының, Оңтүстік Америка одағының және басқаларының) империалистік езгіге қарсы барған сайын өрши түскен... революциялық күрестердің бір буыны болғандығы сөзсіз [5, 19 п.]. – деген пікір айтқан еді.

Солтүстік Қазақстан өңіріндегі қозғалыс осы оқиғалардың құрамдас бөлігі. Ұлан-байтақ қазақ даласын дүрліктірген осынау қанды оқиғаның талай мысалдарын Солтүстік Қазақстан облыстық архив құжаттары да дәлелдейді.

1916 жылғы көтерілістің тарихнамасы сол оқиғалардың он жылдығына байланысты 1926 жылдан бастап жасала бастаған. Сол кездегі Қазақстанды зерттеу қоғамы деп аталған ұйымның ынтасымен көтеріліске байланысты құжаттар мен естеліктер жиналған. Оның ішінде Ақмола губерниясының орталығы болған Петропавл қаласындағы өлкетану ұйымы да өз тара-

пынан әрекет жасап, жергілікті мұғалімдерге, қызмет адамдарына үндеу жолдап, көтерілістің басталуы, өрістеуі және күшпен жаншылуы туралы материалдар жіберуді сұраған. Осыған байланысты жер-жерден хаттар келген. Бұл хаттардың авторлары ішінде көтеріліске тікелей қатысқандардың естеліктері құнды дерек болып табылады. Сондай-ақ, халық басына түскен қасіреттің салдары тарихи өлеңдер түрінде де қағазға түскен.

Айта кету керек, біраз өлеңдер мен естеліктер кезінде Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінің бетінде жарық көрген. Алайда, көпшілігі басылмай қалған да, архивқа тапсырылған. 1916 жылғы оқиғаларға байланысты арнайы тапсырыспен жиналған мұндай маңызды жазбалардың арнайы кітап болып жарияланбауының себебін де байқаған сияқтымыз. Дәл осы 1926 жылы Республика басшылығына Ф.И. Голощекин келіп, мемлекеттің басшы қызметіндегі ұлтжанды қазақ қызметкерлерін қуғындап, «екінші қазан төңкерісін» жасаймын деп, елдің берекесін алғаны мәлім. Соның салдарынан үкімет деңгейінде арнайы шешім қабылданып, 16-жылғы оқиғалардың онжылдығын атап өту жөніндегі бастама аяғына жеткізілмей қалғаны күмән туғызбайды. Демек, жоғарыда айтылғандай, жиналған материалдар архивқа өткізілген.

Тағы бір ескертетініміз, Қазақстанның басқа аймақтарында, мысалы, Торғай, Жетісу, батыс өлкелерде болған оқиғалар біршама зерттеліп, ғылыми және көркем әдебиет түрінде жарық көрді. Ал, мына солтүстік аймақтағы оқиғалар ескерілмей, көтерілістің тиісті бағасы берілмей қалғаны өкінішті. Әрине, уақыт өтіп кетсе де, ұлт тарихындағы мұндай аса елеулі құбылыстар халық жадынан өшіп қалмауға тиіс. Тұтас халықтың басынан кешкен мұндай тарихи оқиғалар жүйеленіп, хатталып, бүгінгі ұрпақтың назарына ұсынылғаны жөн.

Осы мақсатта облыстық мемлекеттік архивтегі қорларды ақтарып, 100 жыл бұрынғы оқиғаларға зер салдық. Патша үкіметінің және оның жергілікті билік орындарының тарапынан шыққан құжаттарды көтердік. 1926 жылы жиналған материалдарды арнайы зерттеп, топтастырып, «Сарыарқаны өрт алды» – деген кітап түрінде жарыққа шығаруды жөн санадық [6, 163 п.]. Әлбетте, бұл – оңайға түскен де жоқ. Кезінде араб әлібімен қағазға түскен, сауаты жағынан көп кемшілігі бар, бірсыпырасы өшіңкіреп қалған жазбаларға жан бітіруге тура келді. Әрине, әр нәрсе өз кезінде, бұл жазбалардың әдеби сапасы жоғары болмағанымен, бүгінгі талғамы биік, сауаты жоғары ұрпақтың талабынан төмен жатса да, олардың танымдық құны әлі де қымбат.

Петропавл қаласы Қазақ автономиялы республиканың құрамына алғашқы болып кірген губерния орталығы болғандықтан, мұндағы архив еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда мол деректердің көзі болып табылады. Орынбор қаласы республика астанасы болған кезде, Петропавл архивінен орталыққа әкетілген біраз құжаттарды есептемегенде, мұнда кеңес өкіметі орнағаннан бергі кезеңді қамтитын бағалы құжаттар бар.

Облыс архивіндегі құжаттар өлке тарихының әр кезеңін сипаттайды. Кеңес өкіметіне дейінгі және одан кейінгі құжаттар тек орыс тілінде кездессе, 1916 жыл оқиғасын тұңғыш рет араб әлібімен қазақ тілінде жазылған құжаттармен толықтырып, таныстық. Бұл құжаттар өлкенің тарихын байыта түсетініне күмән жоқ. Архив құжаттарынан сол кезеңнің қоғамдық-саяси ахуалын көреміз. Мысалы:

– «Соғыс, солдат» деген сөздер көп ұзаған жоқ, шындыққа айналды. Жұрт қайғыға салынды. Жұрттың көзі кеш болса ақ дуан жағасына қандай хабар келеді, не түрлі іс болады, деп аңыз қылысуда. Ауыл у-шу, азан-қазан

кемпірлер жылап жатыр, қотандағы айғай құлағыңды тұншықтырады. «Қарағым менің Балташым!» – деп сарнаған дауысқа адам шыдап тұра алатын емес. Түні бойы ұйқтаған ауыл жоқ, кәрі шалдар «ақыр заман орнағаны» деп уайым қылады. Біреу солкылдап жылап жатыр, біреулер баласына көрісіп, «Боз қасқаға құрмалдық айтып жатыр».

Ертеңіне жігіттер аттанып, Шолаққайың, Жарықкөл, Шарықтас барамыз деп бір-бір аттарын сайлап мініп алды. Біраз күн өтіп кетті, біздің Көкшетау болысының жігіттері соғысамыз деп жиналып қалған. Қызылжар уезінен, там-тұмдап Тайынша болысынан, Құлансу, Қады деген елдерінде жігіт қосылып қалыпты [7, 1 п.]. Сол сияқты:

Сарыарқаны өрт алды.
Мезгілінен ерте алды,
Көк тарлауы қуармай.
Көк ала түгін қаптады,
Ішкен асым батпады.
Жүрегімді дерт алды,
Мал садақа, жан пида.
Бала сұрап ерік алды... –

деген өлең жолдарында сол оқиғаның басталуын ақынның жан-күйімен бейнелейді.

Құжат беттерінде оқиғаның басталуы жөнінде Полудин болысының ақсақалдары 1916 жылғы 19 шілдеде Ақмола губернаторына: «Біз тыл жұмыстарына баруға әзірміз, бірақ біз Сібір казактары сияқты майдан шебінде соғысуға қатыссақ, өзімізді бақытты деп санар едік», [8, 370 п.] деген жауабында олардың екі-үшті ойы көрінеді. Осындай жауап бергенімен, казактар жарлықты жүзеге асыруға асықпай, керісінше, қарсылық әрекеттер көрсеткен. Бұл жөнінде Злотаус кентіндегі казактардың әрекеті жөнінде Пресногорьковтан: «1916 жылғы 16 шілде кешке қарай Қаратал болысының жүздеген адамдары болыс кеңсесін талқандап, бастығы мен писарьді тұтқындап, арнайы белгілерін, мөрдi, тізімдердi

тартып алды» [9, 370 п.] деп хабарлайды. Қарапайым, қараңғы халық мобилизацияға дайындалған тізімді жойып жіберсе, «кімнің кім екенін» анықтауға болмас деген аңқау ойда еді.

Петропавл жандарм пунктінің унтер-офицері Лесняченконың Омбы жандарм басқармасына хабарынан:

«Шілденің 26 жұлдызында Петропавл ояздық басқармасына арнайы шабарман келіп, Петропавл қазақ болысының қазақтары осы болыстық мекемені талқандап, қазақтардың отбасылық тізімдерін, барлық қағаздарын құртып жіберген» [10, 371 п.] – деді. Бұл құжаттар біздің өңірімізде, қозғалыстың стихиялы түрде басталып, біртіндеп өрши түскенін көрсетеді.

Ақмола губернаторы Масальскийдің Қыр өлкесінің генерал-губернаторына жіберген мына жедел хабары оған дәлел:

«1916 жылы 28 шілдеде қазақтардың әр жерге жиналып жатқаны, орыс селоларына басып кіріп тонағаны, ауыл ағасының мөрін тартып алып, тізім жасаттырмай, өлтіреміз деп қорқытқаны туралы хабар алып отырмын.

Шаруа бастықтарына әскери жасак алып, қазақтарды тыныштандыру шараларын жасауға, бас көтерерлерін, арандатушыларды тұтқындау жөнінде бұйрық бердім.

Автомобилмен Явленое және Николай селоларына өзім шығып, қазақтардың толқуы мен топтасып жатқанын байқадым, қазақтарды жасақтап жөнелттім.

Петропавлда беделді деген бес адамды тұтқындадым, оның ішінде болыстарды аралап, үгіт жүргізген Тоқсан Тілемісов бар; оны тұтқындағаннан кейін Тайынша болысының бұрын көнбеген қазақтары бүгін маған келіп, тексеруден өтуге және қара жұмысқа баруға дайын екенін айтты» [11, 372 п.].

Сол губернатор Масальский Қыр өлкесінің губернаторына жазған жедел хабарында уез селоларына барған сапарын айтады. Ол Николай селосындағы

оқиғаларды хабарлап қана қоймай, терең мәселелер төңірегінде ой қозғайды:

«Жүздеген қазақ жиналып, қырда ойран салып жатыр, шабындықтар мен егістіктерді қасақана таптауда, үйлерге басып кіруде, озбырлық көрсетіп, жергілікті орыстарды өртейміз, қырамыз деп қорқытуда.

Кейбір қазақтар аңшы мылтықтарымен, алтыатармен, ұзын сапты балталармен қаруланған. Мен Явленое селосына, одан кейін Омбы казак жасағына келгенімде, Құмдықөл көлі маңына жиналған тобыр тез тарап кетті, олармен тілдесе алмай қалдым» [12, 372 п.].

Одан кейін чиновник бүлікшілерді тұтқындап, Петропавл түрмесіне жібергені жөнінде айтады, ал Явленкада өзінің көмекшісін елу казак және қосымша келген рота солдаттармен қалдырған.

Губернатор Атбасар уезіндегі «ерекше қобалжулар» жөнінде айта отырып, сол жаққа тыныштандыру үшін баратынын жазады.

Қаруланған көтеріліс отрядтары жерлікті әкімшілік өкілдерін жазалап, бай-феодалдардың, болыс басшыларының мүліктерін қиратты, полиция және патша әскерлерімен қақтығысқа түсіп, әскер жасындағы жастарға толтырылған тізімдерді тартып алып, жойып отырды.

Қозғалысты бәсеңсіту үшін 1916 жылы 20 шілдеде патша «мүсіркеушілік білдіріп» жігіттерді егін орағы біткенге дейін әскер қатарына шақырудан қалдырды. Кейін оны сол жылдың 15 қыркүйегіне дейін ұзартты, әйтсе де, барған сайын күшейе түскен ұлт-азаттық қозғалысты бұл жолмен тоқтату мүмкін емес еді. Көтеріліс елеулі саяси күрес сипатындағы қарулы қақтығыстарға айнала бастады.

Олар шағын топтарға бірігіп, орыс қоныстарының маңайын торуылдап, өрттейміз, талқандаймыз, деп қорқытты. Кей кездері полиция өкілдері мен жеке тұлғаларға өктемдік

көрсеткен.

Мысалы, осы жылдың 3 тамызында Ұзынкөл маңында, Новоникольск станицасының уряднигіне көмекке бара жатқан үшінші станның полиция уряднигі Попов пен он адам казактарға қарулы қарсылық көрсетілген. Қарсылықтың күштілігі сондай, урядник казактарымен кейін шегінген [13, 375 п.].

Солтүстік Қазақстан өлкесіндегі ұлт-азаттық көтерілістің басшыларына келсек, олар: Құсайын Байдашов, Малдыбай Байбарақов, Токсан Тілемісов, Нұрпейіс Тастембеков, Мұхаметжан Шұртулаев, Мұхаметжан Тоқанов, Жаппархан Күшіков, Нығман Оранкин, Оспан Жүсіпов, Әбен Шоқаев, тағы басқалары.

Құжаттар басқа да түрлі қобалжулар болғанын баяндайды.

Чехов селосының саудагерлері екінші ауылда «көптеген қазақтардың», соның ішінде 40 адам қызыл жалаушыларымен болғанын хабарласа, Ақмола уезінің бастығы хабарлағандай, «Анна селосының маңына жиналған қазақтар Ахмет Мусин басқаратын Орта болыстың оныншы ауылына шабуыл жасап, ас-суын тартып алып кеткен, 88 қойды және үш жылқыны сойып тастап, той жасаған» [14, 376 п.].

Жергілікті халықтың қарсылығына,

мындаған адамдардың көз жасына қарамастан, тыл жұмыстарына күштеп жұмсау жалғаса берді.

Ақмола губерниялық газетінің ақпары бойынша, 1917 жылы 5 қаңтарда үкімет Торғай облысының Ырғыз, Қостанай уездерінде әскери жағдай жариялаған. Сонда Ақмола облысы бойынша қазақтарды мобилизациялау жөнінде мәліметтер бар:

Әскери ведомствоға қабылданып, тапсырылған – 8147 адам, жарамсыз деп табылғандар – 8685, реквизициядан босатылғандар – 10481, уақытша босатылғандар, артельге бірігіп армияға нан тасу үшін ұйымдасқандар – 1211 адам.

Көріп отырғанымыздай, окоп қазауға қазақтардың бір бөлігі ғана аттанған, олардың басымы өз еліне көп кешікпей оралды.

Құжаттар мен естеліктер сол оқиғалардың Солтүстік Қазақстан аймағында нақты қандай жағдайда өткенінен хабар береді деп есептейміз. Мұндай мағлұматтар өлкетану ісіндегі кейбір олқылықтардың орнын толтырады, сондығымен де құнды.

Сонымен, осынау ұлт-азаттық көтерілістің мәні мен мағынасы тек тәуелсіздік жағдайында ғана ашуға мүмкіндік туып отыр.

Әдебиеттер:

1. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2003. – 186-бет.
2. Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994. – 289-бет.
3. Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994. – 294-бет.
4. Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Алматы, 1992. – 79-бет.
5. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане: Сб. докум. – М., 1960. – 19-бет.
6. Мәлікова С. Сарыарқаны өрт алды. – Петропавл, 2009. – 163-бет.
7. Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағат (СҚОММ). 1634-қор, 1-тізбе, 4-іс. 1-парақ.
8. СҚОММ. 1370-қор, 3-тізбе, 138а-іс, 370-парақ.
9. Сонда.
10. СҚОММ. 1370-қор, 3-тізбе, 138а-іс, 371-парақ.
11. Сонда, 372-парақ.
12. СҚОММ. 1370-қор, 3-тізбе, 138а-іс, 372-парақ.
13. СҚОММ. 1370-қор, 1-тізбе, 138а-іс, 375-парақ.
14. Сонда, 376-парақ.

Автор туралы: филология ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы.

About the author: candidate of Philology, ethnographer

Об авторе: кандидат филологических наук, краевед.



Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАН ТАРИХИ ТӨБЕ

Аңдатпа: Автор 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте құрбан болған баатырлар мен патшаның жазалаушы отрядтары қырғынға ұшыратқан жазықсыз жандардың рухына арнап Ораз Жандосов, Ыдырыс Көшкінов секілді мемлекет қайраткерлері бас болып тас үю рәсімімен орнатқан және Ереуілтөбе деп аталған тарихи обаның кейінгі тарихы мен бұрынғы тарихын айтады. Төбе археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде б.з.б. 2-3 ғасырда да тас үю ғұрпымен орнатылғанынан тарихи сабақтастықты анықтайды.

Sagatbek MEDEUBEKULY
Historical top with deep roots

Summary: The author told the backstory and little-known details of creating a memorable top named Ereuiltöbe, led by Oraz Dzhandosov, Idris Koshkenov and other public figures, in honor of the heroes of the national liberation uprising of 1916 and the innocent victims of punitive royal troops. Shape «töbe» demonstrates the historical continuity with the tradition of bulk stone structures known by the results of archaeological excavations, in the 2-3 centuries BC.

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ
Историческая вершина с глубокими корнями

Аннотация: Автором описываются предысторию и малоизвестные подробности создания памятной возвышенности под названием Ереуілтөбе под руководством Ораза Джандосова, Идриса Кошкенова и других государственных деятелей в честь героев национально-освободительного восстания 1916 года и невинных жертв карательных царских отрядов. Раскрывается суть содержания слова «төбе», демонстрирующего историческую преемственность с традицией насыпных каменных сооружений II-III веков до н.э., известных по результатам археологических раскопок.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл

Қанша уақыт өтсе де ел санасынан өшпейтін тарихи уақиға болады. Ел жадынан кетпейтіні – бүкіл халық өз басынан кешірген ол уақиғаның мәні мен маңызы тек сол кездегі емес, кейінгі ұрпақтарға да тиесілі болған соң да жылдар өткен сайын қайта жаңғырып, қоғамдық санаға қозғау салып отырады. Сондай уақиғаның бірі – 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс. Сол көтерілісті ұрпақ жадында жаңғырту мақсатында 1926 жылы тас үю ғұрпымен қалдырылған тарихи төбе туралы шындықты айту – бүгінгінің парызы.

1. «Жұлдыз» журналына жарияланған Сер-ағаңның арманы

Қазақтар 1916 жылы патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы көтерілген; осы көтерілісті басамыз деп патша әскері қазақтарды сай-сайдан қуалап жүріп атқан; атарға оғын аяп асқан, екіқабат әйелдің қарнын жарып, ішіндегі баласын алып шапқан; топтап апарып киіз үйге қамап қойып сыртынан өртеген; сол қырғыннан Қарқараның қызғалдағы қан сасыған, бүлдіргені қан татыған ...

«Жұлдыз» журналы 1976 жылғы бір санында осы көтерілісте шейіт болған батыр аталарымызға және нақақтан қырылған балалар мен аналарға арнап 1926 жылы Ораз Жандосов, Ыдырыс Көшкінов, Әубәкір Жүнісовтер бастап, Қазақ драма театрының іргетасын қалаған Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Қанабек Бәйсейітов, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Күләш Бәйсейітова, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақовтар қоштап, жәрмеңкеге жиналған бүкіл елді ұйымдастырып, қазақтардың шешім шығарар, ант қабылдар төрі, кешегі көтерілістің ордасы болған Айттөбеге шығыс жағындағы Желқарқара арнасынан тас тасып үйіп, оны намысты көтерілістің құрметі-

не, басқаша айтқанда, азаттық үшін айкастың қадірі мен қасиетіне арнап «Ереуілтөбе» деп атағанын жазыпты. Осы Ереуілтөбе тұрғызуға қатысқандары туралы Иса Байзақов та, Елубай Өмірзақов та, Қалибек Қуанышбаев та өз естеліктерінде де айтқан.

Осы Ереуілтөбе сол 1926 жылдан кейін коммунистік басқарушы және атқарушы орындар тарапынан елеусіз қалған. Олай болуының басты себебі қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты еді: 1929-1931 жылдарғы колхоздастыру және кәмпеске; 1932-1934 жылдардағы аштық; 1937-1938 жылдардағы сталиндік-голощекиндік қуғын-сүргін; 1941-45 жылдардағы Отан соғысы; 1945-54 жылдардағы соғыс зардаптарын жою науқаны; 1954 жылғы жаппай тың және тыңайған жерлерді игеру ісі; 1955 жылдан 1962 жылға дейін кешегі қуғын-сүргіндерден шет елге босқандардың Отанына қайта оралғандарын орналастыру, қайта қоныстандыру шаралары; 1974 жылы тың игерудің 20 жылдығын атап өту және соған байланысты тағы да тың жерлерді жырту науқаны ел басындағыларға ес жидыртпағаны анық. Бірақ қарапайым халық жадынан Ереуілтөбе өшпеген болатын.

Сер-ағаң оның тарихын айта келіп, «жұмыр жердің бетінен жоғалып кетпесе екен, соған бір белгі қойылса» деген тілегін білдіріпті. Менің қиялыма қанат бітіп, сыныптас достарым Мерғали Жөргенбаев пен Дихан Мұратбековке барып айттым. Үшеуміз Сер-ағаңның «белгі қойылса» деген тілегін орындамаққа бел шештік. Қоятын тасымызды таптық. Ол өзі трактордың кабинасына ұқсайтын, үлкендігі де сол шамалас құйылған темірбетон. Жазуын да алдын ала дайындап алдық: «Бұл жерге 1926 жылы ұлт-азаттық көтерілістің 10 жылдығына байланысты тас үйіліп, оған Ереуілтөбе деп ат қойылған».

Диханның туған ағасы Хасеннің тракторының тіркемесіне тиіп апара-

мыз деп онымен келістік, тіркемеге көтеріп тиетін де, Ереуілтөбенің үстіне апарып түсіретін де – менің қран айдайтын туған ағам – Тоқтасын. Олармен уәделестік. Ендігі басты сұрақ – Ереуілтөбе қайда? Жауапты ауылымыздың ақсақалы – Оқан атамыз (Жолдасбайұлы) берді: «Желқарқараның Батыс бойына жақын жатқан ең биік төбе. Үстіне шықсаң, көз жетер кеңістіктің бәрі, бүкіл Қарқара көрінеді. Төбесі ой. Ойдың аузы шығысқа қарай сұғынған. Төбенің айналасы дөңгелене орылған сай. Анықтап қараған адамға шығысқа қарап жатқан қалпақ іспетті. Үстінде Желқарқарадан тасып әкелінген тастар көрініп жатыр...». Оқан атаны ертіп бардық. Көрдік.

Өкінішке орай біздің ағаларымыз уәделескен күні жұмыстан шыға алмады. Хасен Құмтекейге құм тасуға кетіпті. Тоқтасынның қраны дөңгелегі істен шығып, гаражда қалыпты. «Әне барамыз, міне барамыз» деп жүргенде Мерғали мен Дихан әскер қатарына алынды. Күзде мен де кеттім. Ешкімге дабыра қылмай өзіміз-ақ орната сап, бір азаматтық-патриоттық іс тындырайық деген арманымыз сөйтіп орындалмай қалды.

2. Ескерткіш орнатылды, бірақ нағыз Ереуілтөбеге емес...

Әскерден келген соң Алла жар боп оқуға түстім. Ауылға келген сайын ауыл ақсақалдарына сәлем беріп болған соң, кеңшар (ол кезде «совхоз») директорына міндетті түрде кіріп шығамын. Сарғаңның әлгі «Жұлдыз» журналында айтқан «Ереуілтөбеге ескерткіш орнатылса» деген аманатын жеткіземін.. «Жақсы екен, аудан басшылығына ұсыныс беремін», – деді марқұм Кеңесжан Алиев. «Қолға аламыз», – деді одан кейінгі директор Избасар Есбергенов. «Мынау жүзеге асырылуға тиіс іс екен», – деді одан кейінгі директор Бексырға Данышпанов.

Архивке бардым. Сарғайған сан қағазды ақтардым. Біршама дерек

жидым. Сол жылы, яғни 1986 жылы бұқаралық ақпарат құралдарында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 70 жылдығына арналған әр түрлі жазындар жиі-жиі жарық көріп жатты. Көп ұзамай Алматы облыстық «Жетісу» газетіне менің «Қарқара көтерілісі» деген зерттеу мақалам жарияланды. Онда патшалық Ресей әскерінің қазақтарды жаппай қырғынға ұшыратқанын және патша үкіметінің көшіп келіп қоныстанған мұжықтардың да әр отбасына «қорғану» үшін қару таратқанын, ол қарулардың қорғану үшін емес қыру үшін жұмсалғанын айғақтайтын деректерін келтірдім. Фон Берг басқарған 23 казактың үш күннің ішінде Қарақолдан Текеске дейін 1110 адамды атқанын, асқанын, шапқанын мақтана жазып рапорт бергенін келтірдім. Тек адамдарды қырып қана қоймай, солардан қалған мал-мүлікті тонап, түгел Ресейге жібергені жөнінде мәліметтер келтірдім. Одан кейін тағы да бірнеше жазалаушы отрядтың қырғын салғанын ашына жаздым. Ал «Қазақ әдебиетіне» Бексұлтан Нұржекеев ағамыздың «Тарихи төбе» деген мақаласы жарық көрді (кейін білдім, сонау 1976 жылы «Жұлдыз» журналына шыққан «Ереуілтөбе» деген мақаланы Сарғағамыздың аузынан жазып алып, сол кісінің атынан «ескерткіш орнатылса» деген ойды жариялаған осы Бексұлтан аға екен). Бұл мәселеге жазушы Тұрсын Жұртбаев та өз үнін қосты. Ұлт-азаттық қозғалыс, әсіресе Қарқара көтерілісі туралы пікір айтқандардың Ереуілтөбені ауызға алмағаны кем де кем.

Осындай қоғамдық пікірдің қалыптасуынан кейін ғана Кеген ауданының коммунистер бастаған басшылары іске кірісті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске 1987 жылы Ұлы Қазан төңкерісінің 70 жылдығына орайлас ескерткіш қойылды. Ол ескерткіш нағыз Ереуілтөбенің үстіне емес, басқа төбеге орнатылды. «Ереуілтөбе осы» дегенге жұрт нана қоймады. Өйткені, бұл

төбенің басында, не айналасында, бауырында, тым болмаса етегінде кешегі 1926 жылы «бүкіл халық екі қабат үйдің биіктігіндей» (Серке Қожамқұловтың сөзі) етіп үйген тастардың бір де бірі жоқ еді. Шығысындағы Желқарқара да, батысындағы Басқарқара да алыс. Жаяу-жалпы да, арбамен де, қоржынға салып бөктеріп те тас тасуға тым шалғай еді. Үлкен Қарқара өзені мен бұл төбелердің арасында тас көтерген емес, жай жаяу адамның өзінің өтуі қиын саздауыт бар-тын. Осындай күмәнді төбеге қойылған ескерткіштің мәрмәр тақтасына «Тасүйік» деген дүдәмал атау жазылды. Коммунистер «қазақтар орыстарды қырған, реакциялық характері бар көтеріліске ескерткіш қойды» дей ме деп жасқанса керек. Бірақ БАҚ араласып, жоғары жақтан Өзбекәлі Жәнібеков нұсқау беріп, көп ұзамай осы орнатылған ескерткіштің аты өзгертілді. «Ереуілтөбе» делінді. (Б. Данышпановтың Қанаділ ақсақал мен Амангелді ағалардың «бір ай бойы іздеп тапты» дегені сол жерді жақсы білетіндерге күлкілі. Екі қабат үйдің биіктігіндей етіп үйілген төбені сол жерде өмір бойы еңбек еткен әрі бала күнінде өз көзімен көрген Қанаділ қарияның бір ай бойы іздеуі ақылға сыймайды. Ол шөп арасында жатқан ине емес қой. Мыңжылқы жазығында төбенің бәрі сонадайдан менмұндалайды. Бір күнде бәрін көріп шығуға болады.)

Ескерткіш ашылды. Бұл шараға мен шақырылмай қалдым. Себебі түсінікті. Ішкі есептері бойынша Ереуілтөбеге ескерткіш орнату жөнінде мәселе көтерген Серке Қожамқұлов емес, Бексұлтан Нұржекеев те, мен де емес, аудандық партия комитетінің басшылары болуы керек, оның үстіне мен барсам «Нағыз Ереуілтөбе бұл емес!» деуім мүмкін ғой!

3. Жана Ереуілтөбе жаңғыртылды...

Жолға жақын жердегі қатар тұрған қос төбенің біріне қойылған ескерткіш

1996 жылы қайта жаңғыртылды. Жаңғырту жұмыстарын және мәрмәр тас-тан қашап сом ескерткішті қайта тұрғызуды кәсіпкер Рысбек Тұңғатаров бастаған жігіттер атқарды. 2006 жылы осы жерде көтерілістің 90 жылдығы атап өтілді. Ескерткіш айналасы қоршалды, шыршалар отырғызылды. Тағы да жақсарту жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарды кәсіпкер Болсынбек Тұрғынов бастаған жігіттер жүзеге асырды. Биыл да Қарқараның Жанболат Жөргенбаев бастаған, ауыл әкімі Кеңес Күнгейбаевтар қоштаған патриот азаматтары жаңа Ереуілтөбеге су тартып, айналасына шырша отырғызып, жанындағы мұражай үйін жаңғыртып жатыр. Жолдың бойына, Ереуіл ауылына жақын орналасқан бұл төбе шын мәнінде 1916 жылы бүкіл Қарқара мен Қарақолда болған қырғын құрбандарына қойылған мәні де маңызы да жоғары ескерткіш болып қалмақ.

Солай болса да нағыз Ереуілтөбенің қайда жатқанын білетін бұқараның жүрегіне жаңа Ереуілтөбе орныға алар ма екен?.. Өйткені, шындықтың бәрі тас үйілген төбеде еді...

Сер-ағандардың аманатын білетін менің санам өзін өзі былай деп сабырға шақырды: Қарқара жазығында жатқан кез келген төбенің басына белгі қойып, «мұнда 1916 жылы болған қырғынның құрбандары жатыр» деп жазып қойса, еш артық болмайды. Өйткені, жоғары айтып өткен Фон Берг, Иванов секілді қанішерлердің қырғынынан кейін де казактардың ойраны тоқтамаған. Мысалы, сол жылы желтоқсан айында Тұзкөлдiң шығысында Ылайлы деген жерде таудың ішін ықтасындап, қыстан шығуды жөн көрген босқындарды Быдырев бастаған екі казак екі кештің ортасында Охотничийға сөйлесуге апарамыз деп алдап, бас көтерер 27 ер азаматты қасат қарда жаяу айдап бара жатып, жолда түгел қырып тастайды. Ол өліктер келесі жылдың ма-

мырына дейін көмілмей жатқан. Ал басқа қырғындарда өлген адамдардың сүйегін кім арулап жерге тапсырды дейсіз?! Қарақолдан Текеске дейінгі аралықтағы сай-сала, қырат-қырқа, жазық далада қалған жоқ па көмусіз... ендеше бүкіл Қарқара алабы тұтасымен ұлт-азаттық көтерілістің ордасы және сол жолда шейіт болғандардың сүйегі жатқан киелі жер ретінде әр нүктесі тәу етуге тұрарлық.

Бәрі жөн. Бірақ халық жадын алдау мүмкін емес. Басты мәселе ата-бабалар аманатына адалдықта. Міне, 90 жыл өтті. Шын Ереуілтөбе өзінің тарихи орнында жоқшысын әлі күтіп жатыр...

4. Ескі Ереуілтөбе – елдік пен ерліктің аманаты еді...

2008 жылы нағыз Ереуілтөбеге бардым. Режиссер әрі оператор Молдахан Абдраев бейнетаспаға, фотограф Асылхан Абдрайымов фотосуретке түсірді. Кең жазықтың төрінде жатқан төбенің айналасы әу баста айналдыра орылған. Шығысында ортасына қарай кіретін жол қалдырылған. Төбенің үсті ой, шығысқа қарай жырылған. («Әу баста төбесінен кіретін тесік болған, соны қазып ішіндегі заттарын тонаған» дегенді айтушылар әл күнге өз айтқандарына сенеді). Төбенің бетінде, бөктерінде, етегінде өзен аңғарынан әкелінген тастар жыпырлап жатыр. Ең басына шығып айналаңа қарасаң, бүкіл Қарқара алабы алақанындағыдай көрінеді. Мұндай биік төбелер Иірсу алабында да, Шәлкөде жайлауында да (Қатартөбелер), Кеген жазығында да бар. Мұның ерекшелігі солардан да биікте орналасқандығында. Зерттеушілердің біразы бұны «сақ қорғаны», кейбірі «ғұндардан қалған бейіт», басым бөлігі Үйсінтөбе деп атайды. Осы Үйсінтөбені кейін Қарқара қазақтары Айттөбе деп атап кеткен. Бұлай аталуын ауызша тарих әр түрлі жорамалдайды. Біріншісінде: «бұл төбеде және оның

айналасында Айт деген ру басы және оның елі отырғандықтан» дейді. Екіншісінде: «осы төбеде Айт деген арғы бабамыз және оның ең жақын туыстары жерленгендіктен» делінеді. Үшіншісінде: Қарқара алабын жайлаған қазақтар елдік мұрат, ұрпақ мүддесіне қатысты келелі жиын, алқалы мәжілісін осы төбеде ғана жасаған. Әр кім айтатын ойын осы төбенің басына шығып айтатын болған. Сондықтан да «Айттөбе» аталған дейді. Төртіншісінде: «Айт деген сөздің мағынасы той, мереке, мейрам дегенді де білдіреді. Бабаларымыз ондай думандарын осы төбеде, соның айналасында өткізетін болған. Сондықтан ол төбе «Айттөбе» аталған дейді. Айтылған жорамалдың әр қайсысының өз шындығы бар осы Айттөбеде 1916 жылы Жәмеңке Мәмбетов (76 жаста), Ұзақ Саурықов (65 жаста), Әубәкір Солтанбековтер (45 жаста) бастаған Албан тайпасының үш буынының елтұтқалары бас қосып, «патша әскеріне бала бермейміз» деген мәмлеге келеді, боз бие сойып, қанына бармақтарын матырып, анттасады. Қарулы көтеріліске шығады. Сол 1916 жылғы Қарқара көтерілісі – берісі Қазақстанды, әрісі Орта Азияны тұтас қамтыған ұлт-азаттық көтерілістердің басы болды.

Бұл көтерілістің халықаралық мәні бар. Өйткені, көтеріліске себепші болған *біріншіден*, Патшалық Ресейдің; *екіншіден*, патша жарлығын желеу етіп, отарлау саясатына қарсы шыққан Қазақ елінің; *үшіншіден*, отарлау саясатына және Қарақолда орыс автономиясын құруға қарсы көтерілген Қырғыз елінің; *төртіншіден*, босқан елді тосып алған және кері қайтарған Қытай үкіметінің; *бесіншіден*, «түрк бауырларымыз неге қырғынға, одан босқынға ұшырады» деген алаң көңіл білдірген Түркия мемлекетінің қатысы болғандықтан, бұл көтеріліске бір ғана Албан деген тайпаның бас көтеруі емес бірнеше

мемлекеттің қатысы бар әрі еларалық мәні үлкен ірі тарихи оқиға деп қараған дұрыс. Ереуілтөбенің маңызының салмақтылығы сонда.

Қарқара көтерілісі:

– үш жүз жылға ұласқан патшалық империяның отарлау бұғауын тас-талқан еткен;

– жазықсыз жандарды, бейбіт тұрғындарды қорлау, азаптау, қуғындау, қырып-жою арқылы жерді босату, босаған жерлерге өз азаматтарын орналастыру арқылы иен далаға ие болу шараларын үзіксіз жүргізген патшалық Ресей әрекетінің саяси астарын ашып берген;

– қазақ халқына патшалық Ресей тарапынан жүргізілген геноцидті айғақтаған ұлы оқиға. Ол осындай мәнімен де бағалы. Сонымен бірге Қарқара көтерілісі:

– қазақ халқының өз ұрпағының келешегі үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған ынтымағын паш еткен саналы әрекеттер нәтижесі;

– Азаттыққа ұмтылған ата-бабаларымыздың ұлы ерлігінің куәсі.

Ереуілтөбе – осындай қасиетті де киелі істерге қойылған, тарихи тағылымы бар ескерткіш. Ереуілтөбеде – елі үшін басын бәйгеге тіккен Ораз Жандосов, Ыдырыс Көшкінов, Әубәкір Жүнісов, Қапез Байғабылов бастаған қайраткерлер мен Сер-аған Қожамқұлов бастаған өнер тарландарының алақандарының табы, табанының ізі қалған, маңдай терлерімен бірге азаматтық-патриоттық сезімі сіңген рухты төбе, тарихи мағынасы зор құнды мұра. Бұл Ереуілтөбе – азаттық үшін айқас, тәуелсіздік үшін күрес символы. Қазақ деген халықтың алдыңғы буынының кейінгі буынына қалдырған тарихи аманаты.

5. Ереуілтөбеде ежелгі тарих жатыр...

Былтыр Қожбанбет биге арналған астан кейін ауылыма бардым. Әдетте-

гідей бабалар рухына тәу ету үшін Ереуілтөбеге арнайы ат басын бұрдым. Қасымда М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, фольклорист-ғалым Тоқтар Әлібек, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері ғалым Рашид Ешен және шәкіртім Досжан Балабекұлы бар. Қасына жақындадық.

Көз алдымдағы көрініске танданып, тұрып қалдым. Ереуілтөбе басында қыбырлаған топ адам. Анадай жерге шатыр тігіліпті. Өткенде археолог жолдастарымның бірі «Қарқарада қазба жұмысы жүргізіліп жатыр» деген еді. Мынау сол болды. Төбенің қажартысының беті шымнан аршылыпты. Адамның басындағы шашының тең жартысын ұстарамен сыпырып алып тастағандай. Жартысы жасыл түкті қыртыс, жартысы бір тегіс етіп тізілген жарқыраған әппақ тас. Қыртыс бетінен 1926 жылы үйілген тастарды теріп алып, бір бөлек, шым мен топырақты бір бөлек төбенің сыртына үйіп жатыр екен. Қазба жұмысының жетекшісі – археолог Ахан Оңғар деген азаматты менің жанымдағы тарихшы інім білетін болып шықты. Рашид оның сыртынан мақтауын жеткізді. «Самашев деген мықты археологтың талантты шәкірті» деді. Сайдың тасындай шымыр денелі ауыл жігіттері қолдарында күрек, арба басқа да құралдары бар, бас көтермей қызу жұмысқа кіріскен. Менің санама сан сұрақ оралды.

Бұл төбені әу баста кімдер үйген? Ғұндар ма? Сақтар ма? Үйсіндер ме? Түріктер ме? Кімдерден біздерге тікелей мұра болып қалды екен? Әрине, мұның бәріне Ахан Оңғар бастаған археолог тарихшылар күні ертең жауап беретіні сөзсіз. Бізге айтқаны – бұл төбеде біздің заманымыздан бұрынғы 6-7 ғасырға тән белгілер де және біздің заманымыздың 2-5 ғасырларына тән нышандар да бар көрінеді.

Мен 1926 жылы қазақтардың ескерткіш қалдыру әдісін еске ала тұрып, сонау көне замандардан жалғасқан ұлы сабақтастықты байқадым. Байырғы сақ, Үйсін бабаларымыз ел жадында қалдырар тұлға жерленген моланың, бейіттің үстіне дәстүр бойынша саналы түрде білгілі бір заңдылықты сақтай отырып тас үйген екен. Тас үю сол заманның әдет-әдебі, ғұрпы, дәстүрінің бөлінбес бөлшегіне айналған.

Ең қызығы – сонау екі мың жылдық уақыт өткен соң кешегі ХХ ғасыр басындағы Ораз Жандосов бастаған саяси қайраткерлер, Серке Қожамқұлов бастаған өнер тарландары және соларға ерген бүкіл аталарымыз да төбенің үстіне тас үйген. Бұл неткен сабақтастық? Тас үю ғұрпы Ораз Жандосов бастаған халықтың санасында қайдан жүр? Соншама әуре болмай-ақ, қарағайдың шанжасын майлап, қазық жасап, оған бір тақтай шегелеп, оның бетіне «Ереуілтөбе» деп жазып, шанши салуына да болар еді ғой. Жоқ, өйтпейді! Жәрмеңкеге келген қазақтың кәрі-жасы қалмай, бәрі жабыла жақын

жердегі өзен аңғарынан жаяулап та, атпен де, арбамен де, дорбамен де тас тасып әкеліп үйеді! Неге?!

Сөйтсек, қадірлі де киелі әрі тарихи маңызы мен мәні бар орынға тас үю дәстүрі халықтың тарихи жадында ежелден, яғни сонау ғұндар мен сақтардан, үйсіндерден бері сақталған екен!. Ондай дәстүр санадан санаға, яғни ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырған екен! Демек, Қарқара алабының қазіргі тұрғындарын ежелгі тұрғындардың ұрығы үзілмеген ұрпағы деп айтуға әбден болады!..

Сонымен, Ереуілтөбенің тарихы ежелгі дәуірлерге жетеледі. Яғни, оның мәні мен маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Ендеше, осы ескерткіштің халықаралық мәртебесін асқақтатып, ұрпақтар қастерлеп өтетін тарихи мәні жоғары, рухани құны өлшеусіз жәдігерге айналуына күш салуымыз керек. Ол үшін алдымен жақсылап қоршап, тақтаға тайға таңба басқандай етіп анықтамасын жазып, бір тасын да шашау шығармай, тарихи маңызы бар ескерткіш ретінде мемлекеттік тіркеуге алып, мемлекеттік деңгейде қорғау керек!





Валентина СУЗУКЕЙ

Об авторе: доктор культурологии, главный научный сотрудник Тувинского института гуманитарных исследований при Правительстве Республики Тыва, г. Кызыл.

About the author: Doctor of Cultural Studies, Chief Researcher Tuvan Institute of Humanitarian Research the Government of the Republic of Tyva, Kyzyl.

Автор туралы: мәдениеттану докторы, Тыва Республикасы Үкіметінің жанындағы Тува гуманитарлық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері. Кызыл қ.

МУЗЫКАЛЬНЫЕ КУЛЬТУРЫ ТЮРКОВ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ (Краткий обзор)

Аннотация: В статье на основе сравнительного анализа исследуется культура тюрков. Мир тюркской музыкальной культуры служит объектом пристального внимания ученых. Помимо своеобразия и уникальности каждой современной тюркской культуры, исследователи неизбежно сталкиваются с очевидностью их генетического родства.

Valentine SUZUKEI
MUSICAL CULTURE TÜRKIS IN THE MODERN WORLD (overview)

Summary: Turks - the descendants of the ancient nomads of Central Asia. World Turkic musical culture is the object of attention of scientists. In addition to the originality and uniqueness of every modern Turkish culture, researchers are faced with the evidence of their genetic relationship.

Валентина СУЗУКЕЙ
ТҮРКІЛЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ (Қысқаша шолу)

Аңдатпа: Түркілер – Орталық Азия ежелгі көшпелілерінің ұрпақтары. Түркілердің музыкалық мәдениет әлемі ғалымдардың жіті назарында. Қазіргі заманғы әрбір түркі мәдениетінің өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігінен бөлек, зерттеушілер олардың генетикалық туыстығының ақиқаттылығымен де бетпе-бет келеді.

Тюрки – потомки древних кочевников Центральной Азии – одна из самых крупных консолидаций этносов, населяющих сегодня значительную часть Евразии – от Северо-Восточной Сибири до Средиземного моря. Естественно, во всех тюркских культурах, значительно разошедшихся во времени и пространстве, произошли существенные сдвиги и перемены: у всех тюркских народов за столетия не один раз менялись и государственная принадлежность, и политические строи, и религия, изменились во многом и традиционные (древнетюркские) представления самих носителей этих культур.

Мир тюркской музыкальной культуры – богатый и разнообразный, издавна служит объектом пристального внимания ученых. Помимо своеобразия и уникальности каждой современной тюркской культуры, исследователи неизбежно сталкиваются и с очевидностью их генетического родства. В настоящее время традиционные музыкальные культуры отдельных тюркских народов достаточно хорошо изучены по музыкально-этнографическим материалам XIX-XX вв. Но необходимо учесть, что к XX веку традиционное музыкальное искусство тюркоязычных народов уже «представляло собой сильно разошедшиеся друг от друга разностадиальные музыкальные культуры» [1, с. 162].

На тюрков Турции, Кавказа и Средней Азии (турок, азербайджанцев, туркмен, узбеков и в меньшей степени на казахов и киргизов) большое влияние оказала арабо-мусульманская культура, повлиявшая на становление и распространение в дальнейшем в их культурах макамной музыкальной системы.

Присоединение к России (XVII-XVIII вв.) и последующая христианизация части тюрков Сибири (алтайцев, хакасов, якутов, шорцев, тофалар...) также сказались на дальнейшем разви-

тии их музыкальных культур, где обычно принято проследживать плавную смену звуковысотных систем: пентатоники, диатоники и хроматики (от монодии к многоголосию).

Исключением среди тюркоязычных народов Южной Сибири являются тувинцы. К началу XX века, несмотря на некоторую поверхностную схожесть с такими культурами, как монгольская и китайская (в силу географической близости, общности государственной принадлежности и буддийской религии), тувинская культура даже в более поздних проявлениях сохранила свои отличительные особенности.

В настоящее время музыкальная культура современных тюркских народов представлена во всем богатстве и разнообразии звукового материала. Тем не менее, в древних (доисламских, дохристианских, добуддийских), архаических пластах музыкальных культур современных тюркских народов, несмотря на все изменения и напластования, которые происходили в последующие столетия, продолжают сохраняться многие элементы устойчивого единства, свойственного только этим культурам. Такая многовековая устойчивость, которая не подверглась разрушению на протяжении ряда столетий, позволяет выдвинуть также предположение о том, что еще в период их исторической общности, т.е. в период кочевых империй древних тюрков, был порожден особый тип музыкальной цивилизации, сформировавшийся на основе четко осознававшейся и активно действовавшей идеологии.

Наиболее очевидным подтверждением выдвинутого предположения является то, что «многие темы, образы, герои эпоса (сопровождающегося музыкой) и различных музыкально-поэтических жанров оказываются общетюркскими и восходят к ранним и поздним кочевникам Евразии» [1, с. 162]. К тому



же периоду, по всей вероятности, можно отнести и формирование у тюрков особого способа освоения звукового пространства «с любовью к густым, гнусавым, насыщенным обертонами тембрам... и обилием бурдонных форм организации материала» [2, с. 131]. Именно для таких древнейших музыкальных жанров, как горловое пение и эпическое интонирование (хоомей-хайкай...), игра на хомусе-кубызе-гопузе..., курае-шооре-сыбызгы..., игиле-икили-кылкобузе..., дошпулууре-топшууре-домбре... и т.д., характерны единые принципы реализации специфических звуковых построений, несущих в себе черты центральноазиатской общности. Впервые специфичность этой звуковой системы более четко была обозначена С.А. Елемановой как центральноазиатский тип музыкальной цивилизации [3, с. 83]. Уже одно это, т.е. более четкое обозначение предмета, как нам представляется, упорядочивает многие аспекты теоретических и методологических проблем музыкальной тюркологии.

Независимо от жанрового разнообразия почти во всех тюркских культурах встречается, например, и такое общее обозначение, как «узун»

(длинный, долгий, протяжный). Это понятие используется в качестве определения как вокальных, так и инструментальных жанров. Например: «узун ыр», «узун хоюг» (тув.), «узун кий» (алт.), «узун кюй» (казах.), «узун кюу» (кырг.), «узун кой» (татар.), «озын или озон кюй» (башк.), «узун хава» (турецк.) и т.д. Во всех случаях это определение «узун» характеризует протяжные песни или инструментальные произведения неторопливого, величаво-эпического характера с наличием специфических протяженных звуков. Свободная метро-ритмическая организация традиционных произведений, которые не вписываются в моторный ритм квадратных построений, также тесно связана со спецификой кочевнического восприятия времени...

Современные методы музыковедческого анализа при помощи нотных расшифровок во многих случаях позволяют судить о традиционных тюркских культурах лишь по отличиям от известных европейских систем звуковой организации, не раскрывая при этом внутреннюю логику их становления. Констатация единства тюркских культур осуществляется в основном в опосредованных, иногда ассоциативных (и трудно доказуемых) формах, но не на конкретных примерах звукового материала. В этой связи особую актуальность приобретает озабоченность исследователей проблемами народной музыкальной терминологии [4, с. 188]. Все отчетливее осознается, что без учета традиционных понятий теоретическое знание рискует быть не только неполным, но и искаженным.

Общеизвестно, что научное знание формируется на основе данных практического опыта путем абстрагирования и логического анализа этих данных. Иначе говоря, теория представляет собой целостное знание о закономерностях уже существующих связей и специфи-

ческих особенностей практического опыта. При этом критерием истинности и основой развития теории выступает, как известно, практика. Однако в процессе как практического, так и теоретического освоения традиционной музыкальной культуры тувинцев (как и других народов) возникла парадоксальная ситуация, когда эта аксиома (неразрывное единство теории и практики), представляющая собой фундаментальную основу гносеологии (теории познания), была фактически проигнорирована. Реально функционировавшая живая музыкальная практика кочевых народов была воспринята «сквозь» призму теоретических установок европейской композиторской музыки.

Между тем, следствием такой методологической погрешности может явиться, как показывает опыт, разрушение традиционных устоев этнической культуры и сущностное изменение ее имманентных свойств. Одним из ярких примеров является многолетняя попытка «усовершенствования» народных инструментов по образу и подобию инструментов симфонического оркестра. Дело в том, что при попытках усовершенствования тувинских инструментов не принималось во внимание то, что за техническими характеристиками академических инструментов, к которым пытались приблизить и народные инструменты, стоит теоретическая концепция равномерно-темперированного строя (гомофонно-гармонической системы), которая сформировалась в процессе исторического становления и развития европейской музыки. Как известно, метод является отражением глубинных свойств самого исследуемого явления.

Противоречия между теоретическим подходом (с последующим освоением, т.е. усовершенствованием МИ с целью создания оркестра) и существовавшей традиционной практикой музицирования возникли в результа-

те априорного признания отсутствия собственной концептуальной основы тувинской музыки. Ошибкой в данном случае является применение к тувинским инструментам (как и к тувинской музыке в целом) общих подходов, принципов и методов, выработанных на европейском музыкальном материале без учета специфики практического использования народных инструментов в контексте функционирования самой тувинской культуры. Даже в том случае, когда носители традиционной культуры отвергали эти «усовершенствованные» варианты инструментов, которые по звучанию не соответствовали этническому звукоидеалу тувинцев, попытки их «усовершенствования», а также обучения игре на этих инструментах по принципу исполнительской техники на академических инструментах продолжались много лет (и продолжают до сих пор).

Возникновение таких противоречий было обусловлено как объективными, так и субъективными причинами. XX век вписался в ход истории человечества со своим мировым масштаба революционными коррективами, которые сметали устои традиционных, особенно кочевых, культур и изменили контекст функционирования музыкального творчества, что повлекло за собой потерю традиционных смыслов. С априорностью слуховой и теоретической установки музыкантов, имевших базовое академическое образование, была также тесно связана и острота многих проблем.

Драматичность ситуации того времени усугублялась еще и тем, что революционность эпохи наложила на европоцентристские предпочтения, определявшие в целом и методологическую направленность почти всех гуманитарных наук.

Не только практика «усовершенствования» музыкальных инструмен-

тов, но и общая нацеленность на «профессионализацию» музыкальных культур народов национальных республик бывшего Советского Союза была инициирована идеологической установкой культурной политики советского государства. Согласно этой установке началась и активная трансформация национально-специфического знания в направлении всеобщей стандартизации и нивелировки. Унификация культуры на всей территории СССР была ориентирована исключительно на европейскую модель развития музыкального творчества. Были образованы национальные композиторские школы, были созданы национальные оперы, балеты, симфонии и другие произведения крупной формы, по аналогии с жанрами европейской композиторской музыки. Теоретические основы академической музыки считались в то время универсальными. Поэтому массовое обучение музыкантов-исполнителей и подготовка композиторов также были основаны на теории европейской музыки.

Самые болезненные последствия для традиционных кочевых культур при этом имел факт дискредитации статуса профессионального музыканта устного типа. Подрыв авторитета народного музыканта повлек за собой не только снижение уровня самооценки народных музыкантов, но и «вынес» за рамки культуры их мнение, опыт и знания и практически привел, например, в тувинской культуре, к потере традиции чисто инструментального исполнительства. «Народным» музыкантам были противопоставлены «профессиональные» (имеющие дипломы училищ и консерваторий) музыканты, которые начали обучать «правильно» играть тувинцев на их же музыкальных инструментах.

При этом сложилась такая ситуация, когда выпускников средних и высших учебных заведений культу-

ры и искусств, т.е. дипломированных музыкантов-«народников» и сегодня нельзя считать специалистами по тувинской музыке. Это, в принципе, и не их вина. Проблема заключается в том, что ныне действующий «Государственный образовательный стандарт» в сфере музыкального воспитания в концептуальном плане почти не претерпел никаких изменений со времен Советского Союза.

Сегодня вполне актуален и вопрос, поставленный Л. Уразбековой: «Как современные художники, музыканты, композиторы [и музыковеды. – С.В.] – представители тюркоязычных народов, обучавшиеся в русле европейской системы искусств, ощущают себя носителями культуры тюрков?» [5, с. 158]. Это тем более важно, потому что именно современным музыковедам предстоит разрабатывать теоретическую концепцию и понятийно-категориальные нормы эстетических воззрений кочевых культур Центральной Азии. Очевидность генетического родства тюркских культур выдвигает проблему изучения этих культур в их исторических взаимосвязях. Этим обстоятельством диктуется и необходимость выхода к общетюркской проблематике на концептуально новом уровне, к обобщению характерных черт музыкального наследия как каждой тюркской культуры в отдельности, так и всех культур в целом. «Актуально, в связи с этим, – как справедливо отмечает Ф. Кароматли, – и совершенствование методики сравнительно-сопоставительных обобщений в музыкальной тюркологии с учетом достижений всей мировой научной практики» [6, с. 161].

Естественно, что в контексте динамики социальных преобразований XX века менялись и ценностные ориентиры в культурах тюркских народов. Трансформация традиционной музыкальной культуры в сценическое эстрадное ис-

кусство, подчинение ее законам шоу – привлечение внимания, произведение эффекта – приводит к искажению ее оригинального, т.е. изначального намерения и цели. Как часть очень личного диалога между человеком и природой традиционная музыка кочевников имеет особый звуковой строй и тембровый колорит, создаваемый за счет артикуляционно-акустической и артикуляционно-аппликатурной специфики, устоявшейся в народной исполнительской практике.

На современном этапе развития традиционных музыкальных культур тюрков все очевиднее становится важность устранения концептуальной несоотнесенности между теорией и практикой, заложенной идеологическими установками культурной политики эпохи строительства социализма. Определение традиции как «устной» или «народной» вовсе не означает отсутствия в ней собственной концепции становления и развития музыкальных построений. Эти знания передавались из поколения в поколение изустно, и задача познания специфических закономерностей, не изложенных в письменном виде, является проблемой исключительно музыковедческой науки, а не самой традиции.

Необходимо сознавать, что результатом опыта «профессионализации» традиционной культуры явилась мутация не только традиционных музыкальных инструментов, но и всей эстетико-нормативной основы традиционной музыкально-звуковой системы. А традиционная культура, будучи принципиально устной, в процессе своего становления и развития выработала свои механизмы и методы передачи знаний, которые до сих пор остаются не изученными. В настоящее время все ощутимее становится неизбежное численное уменьшение носителей традиционной культуры устно-слухового

типа в связи с их естественным уходом из жизни и по этой причине происходит ослабление влияния и снижение их роли в культуре. Современное пожилое население Тувы, как и всех национальных республик бывшего СССР, – это поколение строителей социалистического общества, с детских лет усвоивших идеалы той эпохи. Наблюдается и заметное увеличение числа выпускников музыкальных школ, училищ, консерваторий и университетов, академий культуры и искусств, воспитанных не на традиционных ценностных ориентирах. Эта количественно увеличивающаяся масса дипломированных специалистов начинает активно внедрять академическую терминологию и привносить в тувинскую музыкальную практику несвойственные традиционной музыке критерии оценок. Это в той ситуации, когда по тувинской традиционной музыкальной культуре уже существует достаточное количество серьезных научных трудов как отечественных, так и зарубежных ученых. Тем не менее, результаты научных исследований пока что остаются не задействованными в системе образования при разработке учебных программ, учебно-методических пособий, используемых для обучения музыкантов-народников.

Однако бесспорно и то, что ни одна из существующих в мире культур не находится в изоляции, и не подлежит сомнению то, что столкновение и взаимодействие культур в контексте глобализационных процессов неизбежны. Т.о., изучение закономерностей формирования традиционных ценностных ориентиров и вектора их модификаций является наиболее актуальным и расширяет возможности толкования структуры, положения и роли музыкальной культуры тюркских народов в мировом социокультурном пространстве. Новые тенденции развития региональных исследований являются

следствием мировых цивилизационных процессов, ориентированных на свободное использование и дальнейшее развитие различных аспектов национальных культур в соответствии с потребностями их носителей, а также определяемых общей направленностью и достижениями гуманитарных наук в целом. «Современный этап развития гуманитарного знания характеризуется обновлением научного языка описания и объяснения реальности, усилением междисциплинарных связей, выявлением новых тенденций и процессов. Многие стереотипы сознания и поведения, признанные кон-

цепции сметаются под натиском происходящих изменений. Это состояние науки именуют «сменой парадигм»», – пишет С.Н. Иконникова [7, с. 115]. Тенденция переосмысления культурных ценностей все чаще и отчетливее просматривается почти во всех научных работах конца XX – начала XXI века как отечественных, так и зарубежных ученых в разных областях знаний. Культурологические парадигмы этого периода засвидетельствовали полный крах европоцентристских цивилизационных концепций и создали базу для объективной оценки музыки неевропейских цивилизаций [8, с. 35].

Литература:

1. Каракулов Б. О перспективах развития музыкальной тюркологии в Казахстане // Тезисы I Международного симпозиума «Музыка тюркских народов». – Алматы, 1994.
2. Мухамбетова А.И. Музыкальное пространство тюркской музыки // Тезисы I Международного симпозиума «Музыка тюркских народов». – Алматы, 1994.
3. Елеманова С.А. Казахская традиционная песня как форма профессионального искусства устной традиции // Тезисы I Международного симпозиума «Музыка тюркских народов». – Алматы, 1994.
4. Жузбасов К. Проблемы казахской народно-музыкальной терминологии // Тезисы I Международного симпозиума «Музыка тюркских народов». – Алматы, 1994.
5. Уразбекова Л. Современный миф тюркской культуры // Тезисы I Международного симпозиума «Музыка тюркских народов». – Алматы, 1994.
6. Кароматли Ф. Музыкальное наследие тюркских народов в наши дни // Тезисы I Международного симпозиума «Музыка тюркских народов». – Алматы, 1994.
7. Иконникова С.Н. Векторы и ориентиры культурологии в пространстве глобализации // Фундаментальные проблемы культурологии: В 4-х т. Том I. Теория культуры / отв. ред. Д.Л. Спивак. – СПб.: Алетейя, 2008.
8. Сузукей В.Ю. Культурологические парадигмы конца XX века и традиционная музыкальная культура Тувы // Мир науки, культуры, образования. Международный научный журнал. – № 3 (ВАК). – Барнаул, 2008. – С. 33-35.



Наталья САЦ
(1903-1993)

КҮЛӘШ

Андатпа: Автор қазақ халқының күміскөмей әншісі Күләш Бәйсейітова туралы өз көзімен көрген және көңілі сенген шындықтарды кәсіби маман ретінде еркін баяндайды. Қазақ музыка өнеріне әншінің сіңірген еңбегін ерекше бағалайды. Күләштің айналасындағы өнер адамдары да құнды естеліктер айтады.

Natal'ja SAC
KULJASH

Summary: Music critic, theater director, novelist, bright and addictive personality, devoted his life to his creation - the theater, literally breathe music and art. Passing the torture chambers of Stalin's prisons since 1943 N.Sats, like all artists of the time, was evacuated in Alma-Ata. She decides to open a children's theater in the capital of Kazakhstan. It was supported by: Mukhtar Auzov, Kuliash Baiseitova, Galina Ulanova, Nikolai Cherkasov. N. Sats created this wonderful essay about their unforgettable friend – Kuliash, Kazakh «nightingale».

Наталья САЦ
КУЛЯШ

Аннотация: Автором данной статьи является музыковед, режиссер, новеллист, яркий и увлекающийся человек, всю жизнь посвятившая своему детищу – театру, буквально дышавшая музыкой и искусством. Пройдя застенки сталинского ГУЛАГа, с 1943 года Сац, как и все деятели искусства того времени, находилась в эвакуации, в Алма-Ате. Она решает открыть в казахской столице детский театр. Ее поддерживают Мухтар Аузов, Куляш Байсеитова, Галина Уланова, Николай Черкасов... Свою статью она посвящает незабвенной подруге Куляш, казахскому «соловью».

...Құс ұшпақ керек, балық жүзбек керек, ал режиссер жаңа ойын қоймай тұра алмайды. Бірнеше айдан бері Операдан еңбек ақы аламын, аламын да қайран қаламын. Ойын қойғызбайды. Хош, Бір күні ойламаған жерден шақырту қағаз алдым, ертең мені таңертеңгі онға театр директоры В. Стебловскийге ресми шақырыпты. Түнімен ұйқы көрмей, «ертенді» асыға күттім.

Ақырында директор кабинетіне келіп кірдім. Стебловский орындықты нұсқап, есікті жапты, әдетте ол менімен күлімсірей сөйлесуші еді, енді қарасам байсалды:

– Дирекция қазақ труппасында Пуччинидің «Чио-Чио-Санын» қоюды сізге тапсырғанды жөн көрді. Қойылымды қоюға қажетті қаржы бөлінеді. Бұл опера мұнда ешқашанда қойылмаған: ескі декорация мен костюмдерді іріктеп алудың тіпті де қажеті болмас. Бәрі жаңадан жасалады. Қазақ труппасы – ана тілінде атқаратын бірінші Еуропа операсы. Бәрі де өзіңіздің еркіңізде. Тек бір ғана өтініш бар – Күләш Бәйсейітованы басты рөлге қойыңыз...

– А ... дирижері, суретшісі?

– Егер қарсы болмасаңыз, дирижері Владимир Иосифович Пирадов болады.

– Неге қарсы болайын, тамаша музыкант.

– Ол да режиссер есебінде сіз жөнінен тап осылай деді.

Суретшілеріміз: Анатолий Ненашев өтте талантты кісі, бірақ жұмыста шабандау, бас суретшіміз – Петр Злочевский. Егер бір-біріңізді түсінсеңіз, жақсы. Біз сізге әмір жүргізбейміз.

Тек күллі ісіңізге көмектесуге әзірміз.

– Ендеше, басты рөлге Күләш Бәйсейітованы емес, Ольга Ханды тағайындауға рұқсат етіңіз. Оның өзі корейанка ғой деймін, балғын жас, сүйкімді, биік дауысты...

Стебловский жақтырмай қалды:

– Репетиция кезінде көрерсіз, бірақ ә дегеннен ашық жау тауып жүрмеңіз.

Кабинеттен разы болып, тебіреніп шықтым. Құлағымнан:

«Сізге оңай болмас» деген сөз кетпейді.

Ал, маған оңай болған кез бар ма еді? Ештеңе ешқашан да оңай қолға түскен емес.

Қазақ труппасы мені режиссер есебінде тіпті де білмейді. Ең жуас дегендерінің өзі әрнениң аңлысын аңдап, әліптің артын бағады. Бұл көңілге – дық, иыққа – жүк. Иә, соңғы жылдары мен күрес-тартыстан туатын үлкен шығармашылық мәселелерді шешуден қағыс, қарайып қалған едім...

Сыртқа сыр бермей, жадырап көңілді көрінемін.

Іштегі кейбір тетіктерді бұрап-бұрап қоюға (тот басқасын) кейде сыртқы жайттар да жәрдемдеседі. Құттықтаймын сені, Наташа. Бүгіннен бастап сен енді қайта режиссер болдың. Әжептәуір кісісің. Ал, өзің қайда жатып жүрсің осы? Опера бұйымдары есебінен, тозып біткесін шығарылып тасталған «Риголетто» мен «паяцтердің» пердешымылдықтарын төсеніш етіп жүрсің ғой. Бұл арада біраз нәрсені істеп үлгірдің. Ал, қазақ сауда халкоматына баруға уақыт таппайсың, ә? Операның күн нұрынан қызғылт тартқан үйінің алдыңғы есігінен шықтым.

Маған қарай, кітаптары мен дәптерлерін арқалап, Руся жүгіріп келеді:

– Не болды, қалай болды, мамочка?

– Бәрі де жақсы болды, – деймін салтанатпен, – жолай айтармын, ал қазір ақ жайма мен жастықтарға ордер сұрауға барамыз.

Соғыс. Қазір дүниенің бәрі есептеулі.

Біздің Руся екеуіміздің Қазақстан сауда халкоміне жасаған алғашқы сапарымыз ойламаған жерден ұмытылмас алғашқы күйеуімді, бұрынғы СССР сауда халкомін есіме түсірді. Біз бірінші рет сөйлескен адам бір салауатты, дегдар кісі екен. Ол бізге қажетті нәрсенің бәріне ордер алуға рұқсат қағаз жазып беріп, қол қоюға халком Омаров



жолдастың кабинетіне кіруімді сұрады. Илияс Омарұлы Омаровпен мен он бес минуттай сөйлестім, содан кейін... бүкіл қазақтарға бірден ғашық болып қалдым. Мәдениет, ишара, ізет қандай, сөйлеуші кісіге деген құрмет, менің Қазақстанға келуім үлкен шығармашылық серпін-көмек болады дегенге сенім-нанымы қандай? Ол менің Мәскеуде, шетелдерде қойған қойылымдарымды біледі екен және болашақ «Чио-Чио-Санымның» табысты болатынына шексіз сенеді. Ал біз, Руся екеуміз, қазақ сауда халкоміне барудан жұрексініп едік.

Басымды ой қамап, күндіз-түні тыным бермейді. Бәрі де болашақ қойылым жайлы. Бір білетінім: өзімді-өзім қанша жұбатсам да, осы қойылымды бергенге дейін, қайрат-жігерімнің жартысын ғана жұмсаппын. Енді ертеңгі сағат дәл тоғызда, клавиірлерді қос қолдай ұстап, хабарландыру тақтасының қасынан жүгіріп өтемін, онда: «Пуччинидің «Чио-Чио-Сан» операсының репетициясына кірісу керек. Ойынды қою режиссер Сац Наталия Ильиничнаға тапсырылған» – деген бұйрық ілулі тұр...

«Мың естігеннен, бір көрген артық», – дейді халық. Жиналғандар мені

үн-түнсіз бедірейіп отырып тыңдады. Ат үстінде мығым отырғанын сезетін шағын қазақ труппасы түгел келді.

Стебловский бірде маған, бірде менің болашақ артистеріме жымыып, кулана қарап қояды.

Жандарбеков (Ол да «Чио-Чио-Санды» қоямын деп тілек білдірген) әсіресе, Бәйсейітов маңғзданып, кеудесін биік ұстайды, Күләш күйеуі мен Ольга Ханға алма-кезек қарай береді, Мүсілім тұмау тигендейін есінеп, шикылдай күледі, төменгі сыныптың тентегі сияқты, үстел астында аяғын қозғап, тыныш таппайды.

Осының бәрін байқап, көріп-біліп отырсам да, музыка толқыны түгел билеп, алысқа ағызып алып барады...

...Бізде көпшілік көріністері болмайды. Екінші актінің аяқ кезінде – сахна сыртында хор айтылады, оны әндетіп жатқан мұхит бейнесі десе де болады, Чио-Чио-Санның есіл-дерті сонда. Ол жұртқа сыртын беріп тұр, мұхиттан көзін алмайды, бір сенетіні – ғашығының кемесі со жақтан келеді.

Чио-Чио-Санның туысқандары мен құрбылары бірінші акті сахнасында аз болады. Оның «Текті туыстары» жоқ, мұны өзі де жасырмайды, ашық айтады. Тек жалғыз жарлы шешесі ғана бар. Дегенмен, әдеттегідей, үйлену тойын көруге бірді-екілі кәрі жеңгелері мен құрбы-құрдастары келген...

...Орындаушылардың сезім-түйсігін ояту үшін мен сөзімді музыкамен араластырып, сүйемелдеп отырдым.

– Біздің операмыз қарапайым күйінде, шын көңілден, ағынан жарылып шықсын. «Мен – театрдың адамымын» – деген екен Пуччини. Сіз бен біз де театрдың адамдарымыз. Ойынның ақиқат шындығы тыңдаушыларды еліктеріп, таң қалдырып, тартып әкетуге тиіс.

Шығыстың әйелдері жайлы, Пуччинидің бүкіл дүние жүзіне мәшһүр болған операсын жас қазақ театрының күшімен жаңадан қою ісінің бақыты жайлы тебірене, толқи сөйлегенім есімде...

...Осы кездесуден кейін: – Қалай, жақсы сөйледім бе? – дегенімде, Стебловский былай деп жауап берді:

– Әбден ойланып, іскер кісідей анық, тартымды сөйледіңіз. Бірақ бұл – менің ғана достарымның пікірі. Ал, артистер... Олардың міз бақпай, сазарып отырғанын өзіңіз де көрдіңіз. Әлгі «халық үндемейді» деп айтқандайын. Мен сізді ескерткенмін, кейін күңкілдеп жүрмеңіз, біраз тартыс болады. Және бір байқағаным: кейбіреулері түсіне бастаған сияқты. Олар мұны әлде түсінді ме, әлде кейінірек түсіне ме, бәрібір біздің қолымыздан келетіні – әйтеуір үміт үзбеу.

Труппаның бүгінгі енжарлығы мені жасытпады.

Біріншіден, осынау операны қазақ труппасы қойған кезде, үлкен бір шындық туатынын оқыс сездім. Олардың бет-пішінін тұңғыш рет алдымнан жақыннан көрдім де, ойынға қажетті нәрсенің бәрі бұларға етене түсінікті екенін білдім. Қараторы пішін жапон еліне оның табиғатына жат емес.

Біздің артистеріміз өздері сияқты ойынға «қатысатын кісілердің» терісін оңай жамылып ала қояды. Бірақ гәп сыртқы бейнеде емес. Олардың сараң қимылынан, ым-жымынан, ақиқатшындықтан, топырақтан туатын болашақ құмар күштарлықты сезгендей болдым.

Біз, Пирадов екеуіміз, әр түрлі желлеумен рөлдерді бөлуді кейінге қалдырдық. Әншілерімізді класка бір-бірлеп, екілеп шақырып, олардың әр алуан партияны қалай айтатынын тыңдадық. Олар осы уақытқа дейін операдан гөрі музыкалық драмаға жақын ұлттық репертуарды айтып келген-ді...

Бірте-бірте Мүсілім Абдуллин Горо рөліне таптырмайтын олжа деп білдім. Дене бітімі де келеді, жедеғабыл іс-әрекетке қолы қандай икемді. Алғашқы кездесуде оның не істегенін есіңізге түсіріңіз...

Өзінің Горо рөліне белгіленгенін білгесін Мүсілім біраз басылайын деді,

сыныптағы жаттығу кезінде жинақы жүрді.

Ал, Күләштің күйеуі Қанабек ше? Идея. Горо бейнесін шығару үшін онымен де тәжірибе жасап көрген жөн... Иә, бұл Горо анау сияқты алаяқ қу болмағанымен, өзінің лас ісінде біраз қор жинаған ақылды да қатыгез қожайын Горо болады...

Келісесіз бе? Сіз онда маған талантты артист есебінде ғана емес, режиссерге қол ұшын берген режиссер есебінде де көмектесер едіңіз.

Қанабек разы болды: оның даусы Гороға жетеді, ал өзі – дарынды артист.

Қасынан қайратты бәсекешіні көргесін Мүсілім қиқанды қойып, шынымен іске кірісті.

Ришад Абдуллиннің келісті даусы, әдемі баритоны, аға ретінде өзін салмақты-сабырлы ұстауы (ол шамасы інісінен бір сағат бұрын туса керек) бірден Шарплестің образы мен партиясына «қона» кетті.

Ғажайып драмалық тенордың иесі Әнуарбек Үмбетбаев өз бағасын білетін, труппада жұрттан оқшау жүретін. Ол өзгелерге қарағанда бойшаң да сұңғақ еді, сол себепті де ә дегеннен Пинкертонның тап өзі деп танылды.

Сузукидің рөліне даусы жағынан тек Үрия Тұрдықұлова ғана келетін, ол – кесек бітімді жасамыс әйел-ді. Оны тандап талғап жатпадық. Даусы да... эмоциясы да көңілге қона кетті.

Бірақ ең бастысы – Чио-Чио-Сан-ның өзі. (Реті келгенде айтайын бұл әдетке айналған қате: Чио-Чио-Сан емес. Чо-Чо-Сан, итальянша «о» алдынан «и» айтылмайды. Чо-Чо – көбелек. Оны қазір өзгертеміз бе? Басы артық сұраулар тудырамыз ба? «Мұндай кезде дағдыға айналған сөз қала берсін» деген еді Станиславский, өйткені сұраулар істің мән-мағынасының қадірін кетіреді. Сонымен, менің Чио-Чио-Саным кім болады?

Ольга Хан осы рөл үшін туған тәрізді, бірақ ол – екінші кезекте.

Бірінші кезекте – СССР Халық артисі Күләш Бәйсейітова. Ол онша жас емес, бәден-бітімі де «аһ» деуге келмейді, бірақ жаттығуларда ақылы алдынан жүреді, біріншілігін сездіре бермейді, жұрттың бәрінен бұрын менің айтқанымды ақылмен тыңдап, тиянақты орындай бастады. Кейбіреулер қайта-қайта: «Осы партияны әуелі Ольга айтатын етіңізші, бұларды тіпті салыстыруға да болмайды ғой», деп сыбырлап жүрді. Ал, маған анандан гөрі Күләштің «үш өлшемі де» артық, салмақты көрінеді (кателестім бе, қайттім?) Ол ойынның мақсат-мүддесін кеңірек түсінеді, асықтық арман қиялы да биік, ал қасірет-қайғы шегуі де тереңірек... Бұған қарамақайшы бір мінез-қылық көрсете ме десем, репетициядан-репетиция өткен сайын Күләштің қабілет-мүмкіндігіне тәнті болып, ғашық болып барамын. Ал, маған келгенде Күләш әлденені күткендей сыр бермейді.

Мен солистердің концертмейстерлермен өткізетін сабақтарына жиі барып жүрдім, олардың даусын тыңдап, жақын-жуық таныса-білісе келе, шығармашылық табиғаты мен мүмкіндіктерінің образға сай келетін-келмейтінін анықтадым. Осындай бақылаудан көп ой түйдім. Ольгамен салыстырғанда, Күләш жанының жаңалыққа құмар екенін білдім және көп артистердің бірте-бірте өзіміздің Чио-Чио-Санға елігіп, құмартып бара жатқанын көрдім...

Әуелгі репетицияларды Күләш, Ольга екеуімен алма-кезек өткіздім, Ольга партияны тамаша біледі, ол Чио-Чио-Санды бұрын да орындап айтқан және концерттерде екінші актідегі арияны ұдайы «биске» орындайтын. Бірақ бір өкінішті жері жаттығуда ол самарқау-салқын жүреді, дауыстан басқа ештеңені де білгісі келмейді. Ал, Чо-Чоның жүрегінде қанша адалдық, кісі күтпеген қанша қобалжулар мен қайғы бар десеңізші!

Күләш кейде жоғары нотаны алу-дан именеді.

Осы бір «си» құрғырды саған ертең айтып берейін, жарай ма? Ал, қазір көп-көп машықтанайықшы, арияны жайымен айтайық, сен маған Көбелек қыз жайлы көбірек айтшы, қанша айтсаң да шаршамаймын, мақұл ма?

«Жұлдызымыз» осындай болып шықты. «Мастанып кеткен» деп көп қорқытушы еді – сөз болғаныңа. Күләш жаттығуда бар күшін, жігер-жалынын салады, ол – халықтың қызы, оған артист болудан өткен бақыт жоқ, ол жаңаның бәрін жан-тәнімен қызу қабылдап, бойына сіңіреді және Күләшпен бірге жұмыс істеу маған да зор ғанибет. Ольганы қайтейін енді, жасаған жәрдем берсін. Премьерадан кейін «сарсүрлеуге» саламын да жіберемін. Онымен көрісуге онша құлшынбаймын. Жаңаның оған да қажеті шамалы: «Тырысып қайтемін? Бәрібір премьерда Күләш айтады» – дейді.

Артист шығармашылықты емес, тыныштықты сүйсе, құрыды дей бер.

«Жапон ертегілерінде» Мәскеу артистерінің еденге отыру қажет болғанда, тым болмаса Жапониядағы сияқты көпшік төсеп отыруға келгенде, қатты қорыққаны есімде.

– Әуелі тізелеріңді бүгіп тұрыңдар-дағы, сосын отырыңдар.

Жас артистер:

– Тіземіз ұйып шыдатпайды, жүрелеп отырғаннан да жаман, – деп қарсылық жасайтын.

Бәйсейітова мен Тұрдықұлова бұл мизансценаны оп-оңай орындайтын – еденге отыруға олар әбден дағдыланған, жайғасып отыра кететін. Тұрдықұлова да аса бағалы кісі болып шықты, орысша нашар сөйлесе де, режиссердің талап-тілегін жерге түсірмей, «қағып алып», жүзеге асырып отырды. Ол айтатын деген ойымды көрсеткенімді жақсы көруші еді. Оның ойында бірте-бірте шын көңілден шыққан тазалық пен пластика пайда болды. Өзі-

нің шерлі хозяйкасы Чо-Чоны жақсы көретін кәнизак, оның өмірін мысықтай бүктетіліп тындайды да, музыка әуенінің әр алуан кезеңінде қимыл-әрекет ырғағын дәл тауып, орнынан лып етіп оңай тұрып, оңай отырады.

Күн өткен сайын Күләшті бұрынғыдан бетер жақсы көретін болдым. Ең қиын мизансценалар күрделі вокал қияметімен ұласып-ұштасар сәттерінен ол қиналмай өте шығатын.

– Қазір шықпай қалды ма, ендеше ренжімей-ақ қой. Ертең ән мұғалімімен, Женечкамен жұмыс істеймін, жаттығуға ерте келемін-дағы, айтқаныңның бәрін істеп, ән айтамын. Мақұл ма?

Пинкертонға деген оның махаббаты қандай ғажайып, жігітті тыңдағанда ол шыбықтай иіледі. Күйеуі бұл мұңлыққа болмашы назар аударып, шашынан сипағысы келгенде, анау өз бақытына елітіп, оның аяғына оралып, тынысын тартып отыра кетеді ғой.

Екі жиһан. Тәкаппар американ мен оған төменнен жаудырай қарайтын аңқау Шығыс қызы. Бірінші актінің аяқ кезіндегі махаббат дуэтын айтсаңызшы, Чо-Чо өз бақытына сонда ғана біржолата сенеді; осы көрініс Үмбетбаев пен Күләшта кереметтей шығатын. Жоғарғы ноталарды еркін алуға әбден машықтанған Күләш осы көріністі шексіз махаббат сезімімен аялап, жылытып жіберуші еді.

Ал, екінші актідегі арияны айтқанын көрсеңіз...

Күләш осы арияны баласы мен Сузукиге арнап жай бастайтын-дағы, арман қанатымен шырқау биікке самғап кететін...

Пинкертонның шақыруын тосып, шымылдық сыртында бүрісіп, жасырынып тұрған Күләш бейнесі есіме түскенде, әлі күнге дейін жүрегім қысылып кеткендей болады.

Сезім шындығын терең түсінетін әншіге кереметтей қиынға түсетін оқыс құбылыстар ариясы ғой бұл. Мұнда жігер-қайраты, жарқын үміт пен сәбиге

тән биязы аңқаулық қатталып жатады. Сол себепті де қиын. Күләштан кейін мен осынау арияны ақиқат шындық пен құбылмалы сезім астасып кеткен, соншалық тұтас, табиғи күйінде тыңдап көрген емеспін. «Кім келеді, кім келеді, байқасайшы, Сузуки...» дейді Күләш қазақша шырқап... Осыны есіме алсам, күні бүгінге дейін тамағым жыбырлап, көңілім бұзылып сала береді...

Операда аса маңызды бір рөл – кішкене баланың рөлі бар екені мәлім. Мен осы рөлді орындаушыны ұзақ уақыт іздедім. Хор артистерінің бірінің қызы – Тамара Жукова маған бір байлық болды... Тамара сахнада атқаратын ісіне толық сенетін, кимоно киген байғұс баласын көтеріп тұратын Чио-Чио-Санның қайғысы оған да ортақ еді...

...Жапон әйелдері балаларын арқалап жүреді. Белдігіне балалардың аяғына арналып ағаш жәшік бекітіледі. Мұны мен жапонтану сабағынан білдім. Күләшқа мен: «Тамараны арқалап, оны сол қолыңмен демеп, оң қолыңмен қайыр сұрай тұрып, осы арияны айтып шық» деп кеңес бердім. Осынау қиын арияны ап-ауыр қыз бала мен жәшікті арқалап тұрып айтып шығу, өзіңіз де білесіз, оңай емес... Күләш бір күрсініп, айтқанымды бұлжытпай орындады. Оның бұл арияны, рөлді кереметтей айтып, орындағаны сондай, Евгения Сергеевна Павлова соңғы аккордтардан жаңылып қала жаздады: оның көзінен жас парлап, нотаны көре алмай қалды.

Мәңгі ұмытылмас, қымбатты Күләшшім менің. Оның бұл фәниден кеткені қандай өкінішті! Режиссер мен опера артисінің арасында аса сирек кездесетін, өзара түсінісу бақыты үшін мен Күләшқа өле-өлгенше ризамын. Ілгері озыңқырап барып айтатыным, осы арияны Күләш айтқан кезде көрермендер ғана емес, тіпті жез трубаларын қалқан етіп отырған оркестр артистеріне дейін, дирижер мен кулисте жасырынып тұрған көмекші қызметшілерге дейін жылап қоя беретін.



Дина Нұрпейісова мен
Күләш Байсейітова.
Алматы қаласы, 1938 жыл.

Кейде Күләш маған имене тіл қататын:

– Наташа, бүгін баланы арқаламай-ақ қойсам қайтеді?

Мен оған қиыла, күйіне қарайтыным сондай, аккөңіл Күләш баланы тағы да арқалап алатын. О, режиссердің рақымсыз өктемдігі-ай десейші! Бұдан қайда қашып құтыларсың... соның өзі қажет пе осы?

Екінші актінде консул Шарплеспен сөйлесетін көріністі Күләштың керемет ойнағанын айтсаңыз... Ол жұмсақ сөйлеп, жас әйелді қатал соққыға әзірлемек: Пинкертон енді қайтып келмейді, ол американ әйеліне үйленген. Бірақ Чио-Чио-Сан Шарплестің келгеніне маз, одан тек жақсы лебіз ғана күтеді, сүйкімді де маймандос...

Күләш бұл арада аңқау әйелдің рөлін ойнамайды – оның өзі сол сәтте он бес жасар қызға айналып кетіп еді. Осынау актриса ойын сайын кісі танымастай өзгеріп сала беретін.

Өмір мені әр алуан жақсылығымен ерке-тотай еткен-ді, үлкен-үлкен табыстарымен де талай аялаған. Бірақ 1944 жылдың 14 майында Қазақстанда, «Чио-Чио-Санның» премьерасында басымнан өткерген мереке – өмірімдегі ең бір қымбат мереке шығар... Сахна мен оркестрдегі күллі артистерді құшақтап сүйгім келді, асқан таланты үшін, өзім тапқан асылымды абайлап игеріп, шашпай-төкпей игеріп, менің өзімнен

де асырып, байытып көрсеткені үшін, ең алдымен Күләш Байсейітованы құшақтап сүйгім келді. «Чио-Чио-Санның» қазақ театрындағы тұңғыш Еуропа операсы болғанының өзі қандай бақыт, актерлер әлі опера штампына бой алдырмаған, қара басының табысын ғана ойламайтын таза еді – өз ойындарына өздері қуанатын сәбилер тәрізді, бұлар да сахнада айтқан әндері мен әрекет-қимылдарына шексіз сенетін...

Ойын аяқталғаннан кейін бір минуттай жым-жырт тыныштық орнады. Сосын дауыл соққандай ду қол шапалақтау басталды, жұрт мені сахнаға қайта-қайта шақырды. Қазақ операсының өзіме аса қымбат солистері түгелдей сүйіп жатты, құттықтаулар, гүлдер, бейтаныс біреу берген тау ирисі...

Сахна сыртына сырықтай серейіп Николай Черкасов келді, ол менің қолымды өзінің күректтей қолымен қысып тұрып:

– Тап осындай болып шығады ғой деп әсте ойламап едім... Тамаша! Мен кімнің шікірасы. Тіпті, Эйзенштейннің өзі көзіне жас алды, сосын ұялғаннан: «Тұмауратып қалдым білем», – деді, бірақ онысына тірі жан сенген жоқ... – деді.

Сосын ол Күләштің қасына барды:

– Мен жұрттың тарқауын күттім... Біз таныс емеспіз, бірақ... мәселе онда емес. Сіздей Чио-Чио-Санды мен өмірімде көрген емеспін және көрмеспін де. Сіз әнші ғана емессіз, кісі ақылы жетпейтін артисткасыз. Сіздің көптеген мизансценаныңды білуші едім, Наталия Ильинична оны әуелі маған жасатып, сынап көрген Пуччинидің операсын жас күнімнен жатқа білемін, ал бүгін сіз ойнаған кезде, мен режиссерді де, сазгерді де, либреттошыны да ұмытып кеттім – бұл жарық дүниеде тек сіздің бар екеніңізге ғана сендім, тап осы бір сәтте, мына менің көз алдымда, жүрегіңізді жарып шыққан әнді ғана айтқаныңызға, әрбір

қимыл-қозғалысыңыздың да терең сезімнен туып жататынына сендім. Сіз мені түгелдей билеп алдыңыз да, қатты тебіренттіңіз. Зергерге тән шеберлікпен дәл орындаған мизансценаларыңызды жақсы білсем де, бар дүниені ұмытып кеттім – өйткені оларды сіз өзіңізге ғана тән табиғи шындықпен толтырады екенсіз... Бүгін мен жұрттың бәрінен бұрын сізді ғана көргім келді. Күллі ойында өзіңізбен бірге қиналып, тебіреніп, толқып отырдым, бала сияқты толқыдым. Рахмет!

Қоғамы пікір біздің бәрімізді Ала-таудан да биікке көтерді. Жанға жайлы бұйрықтар туды, күллі ұжымға қала сыртында той-банкет жасалды.

Бірақ таңқаларлық жайт – екінші спектакль басталарда болды. Кассиршаның айтуынша, Сергей Эйзенштейннің өзі кассаға келіп, ақшасына (әйелді қайран қалдырғаны да осы жайт оған тегін пропуск береді ғой) – Чио-Чио-Сан-ға» билет сұрайды.

Операның Эйзенштейннің дуалы аузынан шыққан жаңа аты «Чио-Чио-Сан» қас қағымда күллі Алматыны аралап кетті де, менің даусыз табысқа жеткенімнің куәсі болды.


Әр түрлі рецензиялар: ұзағы да, қысқасы да, таңырқап таңдай қаққандары да, ғылыми да шыға бастады. Бірақ ең үлкен күтпеген бақыт «Казахстанская правданың» бетінде басылған, С. Эйзенштейн, К. Зелинский, С. Бирман мен Н. Черкасовтың мақаласымен бірге келді. Кез келген режиссердің жұмысы жөнінде тап осындай абыройлы-беделді сыншылардың пікірі жазыла бермейді ғой.

1957 жылы СССР халық артисі Күләш Бәйсейітова кенеттен қайтыс болды. Оны әуелгі кезде түсінбесем де, жүре келе, біле келе өз басым өмірбақи жақсы көріп кеткен асыл жан еді ол. Оның таланты алдында бас иемін...

«Дала бекзатының үйінде» кітабынан.

Құраст. Ә. Жұмабаев.

– Астана: Аударма, 2003



Дерек

Күләштің толық есімі – Тұлбаһрам, Тұлбаһрам Жасынқызы Бейісова. Әншілік өнер оған белгілі әнші болған әкесінен дарыған деседі. Күләштің кинода, киножурналда, таспа жазбаларда сақталған үні тыңдаушысын әлі де сүйіндіреді. Күләш өнерде тыңнан жол салғандар қатарында, ал қазақ қыздары арасында кезінде дара шыққан жұлдыз болған.

С. Шүкірұлы



Гульнара АБИКЕЕВА

Об авторе: выпускница киноведческого факультета ВГИК, г. Москва, ведущий киновед и кинокритик Казахстана, доктор искусствоведения, профессор университета «Туран», арт-директор кинофестиваля «Евразия», Алматы.

About the author: Graduate film studies faculty of VGIK, Moscow, Leading Film Critics in Kazakhstan Doctor of Arts, professor at the University «Turan» art director of «Eurasia» film festival, Almaty.

Автор туралы: ВГИК-тің (Москва қ.) кинотану факультетінің түлегі, Қазақстанның жетекші кинотанушысы әрі киносыншысы, өнертану докторы, «Тұран» университетінің профессоры.

ИДЕМ И СМОТРИМ

Кинопроизводство в Казахстане: тенденции и перспективы

Аннотация: Статья посвящена кинопроизводству в Казахстане, его достижениям и перспективам. Из материалов авторского блога *gulnaracinema* и публикаций в СМИ вырисовывается образ автора, чуткого к малейшим колебаниям в киноиндустрии, компетентного профессионала. Имя Г. Абикеевой давно на слуху; она верна себе и выбранному направлению в возвышенной сфере искусствоведения. Раскрывая роль и значимость кино в Казахстане как кинокритик и киновед, она делает соответствующие выводы.

Gulnara ABIKEEVA
COME AND SEE

The film industry in Kazakhstan: Trends and Prospects

Summary: From the blog *gulnaracinema* materials and publications in mass-media image of a competent professional, sensitive to the slightest fluctuation in the film industry clearly emerges. Name of G. Abikeeva long been at the hearing; Critic true to herself and the chosen direction in the higher sphere of art. Like a barometer, her assessment weighted, argumentation, strict.

Гулнар Әбикеева
КӨРУЛЕРІҢІЗ КЕРЕК

Қазақстандағы кино өндірісі: тенденциялар мен келешек

Аңдатпа: Авторлық *gulnaracinema* блогының материалдарынан және БАҚ жарияланымдарынан киноиндустриядағы әрбір құбылысқа жіті қарайтын білікті де білгір маманның айқын бейнесі көрінеді. Г. Әбикееваның есімі елге танымал: ол өзі таңдап алған бағытқа және өнертанудың биік максаттарына адал. Таразыға тартатын безбен сынды оның айтқан пікірлері орнықтылығымен, айғақтылығымен құнды.

В 2015 году в Казахстане было произведено 22 полнометражных игровых фильма. Семь было снято на государственной киностудии «Казахфильм», т.е. 32% от всех картин прошлого года. Остальные 16 – на частных киностудиях, что составило 68%. Причем четыре фильма снято в регионах Казахстана – три в Шымкенте и один в Темиртау. Таким образом, доля регионального кино составляет пока 18%.

На волне патриотизма

Доля казахстанских фильмов, снимаемых на государственные деньги, всегда была довольно высокой. Еще три-четыре года назад она составляла 70%. Но сегодня это соотношение изменилось, потому что «Казахфильм» сейчас выполняет преимущественно государственный заказ. Некоторые фильмы начали сниматься еще в 2014 и даже в 2013 и 2012 годах. Просто их релиз выпал на 2015 год. К примеру, работа над фильмом «Дорога домой» Рашида Сулейменова велась два года, «Аманат» Сатыбалды Нарымбетова – три, «Жол» Аскара Узабаева – четыре. Главное, что эти фильмы снимались не с целью заработать деньги, поэтому киностудия не спешила выпускать их в прокат. Более того, их прокат носил чисто номинальный характер, а, скажем, картина «Аманат» так и не была показана в кинотеатрах.

Из шести фильмов два исторических – «Кунанбай» Досхана Жолжаксынова и «Аманат» Сатыбалды Нарымбетова. Первый об отце великого поэта Абая, второй – о репрессированном историке Ермухане Бекмаханове и национально-освободительной войне хана Кенесары. Полностью идеологическим можно назвать фильм «Дорога домой» Рашида Сулейменова. Он о молодом биологе, который работает на Западе, но, приехав в Казахстан, в дом своего деда, делает открытие, которое спасет весь мир. Идеологический он

потому, что весь построен на штампах, не раскрывает реальных характеров и в чем-то смешон своей схематичностью. «Жол» Аскара Узабаева и «Ореховое дерево» Ерлана Нурмухамбетова, «Кенже» Ермека Турсунова сняты на «Казахфильме» практически случайно. Может быть, поэтому так затруднен был их выход в прокат. Первый фильм рассказывает о сложной судьбе боксера, который вынужден подрабатывать грузчиком на барахолке, второй – о жизни молодой семьи в ауле, где даже в роддом попасть нельзя без звонка местного акима. «Кенже» Ермека Турсунова – о двух братьях, один из которых стал киллером, второй – заказчиком этих убийств. Можно сказать, что все эти семь фильмов были результатом предыдущих лет работы.

В реальности в 2015 году на киностудии «Казахфильм» снимался 10-серийный исторический сериал «Казахское ханство» режиссером Руستمом Абдрашовым, шестой фильм – о президенте страны «Так сложились звезды» – российским режиссером Сергеем Снежкиным, и фильм Акана Сатаева «Дорога к матери». То есть к настоящему моменту совершенно точно оформилась стратегическая линия того, какое кино будет поддержано государством: историческое и идеологическое.

Как правило, фильмы, бюджет которых составляет от одного до трех миллионов долларов, снимаются для шумной премьеры и в прокате проходят почти незаметно, в фестивалях не участвуют и на кинопроцесс практически не влияют. Хотя именно в этом секторе на кинопроизводство тратится больше всего денег. Точных цифр о том, каков годовой бюджет «Казахфильма», нет.

Лицо страны

В Казахстане снимается немало картин и по заказу неправительственных организаций, которые не получают прибыли от своей деятельности. Такие фильмы финансируются грантами или

частными инвесторами и, как правило, ориентированы на кинофестивали. Это малобюджетное кино, и оно не предполагает прибыли с проката. Три ленты из этого сектора действительно имели международный успех: «Шлагбаум» Жасулана Пошанова получил приз «Святого Георгия» на Московском кинофестивале и ряде других кинофорумов, «Первая жена Сагынтая» Данияра Саламата – приз в Коттбусе (Германия), а «Бопем» был показан на МКФ в Варшаве и других фестивалях. Именно по фильмам третьего сектора оценивают наше кино за рубежом. Но фестивально успешными можно назвать также картину, снятую на государственные средства – «Ореховое дерево», а также одну коммерческую. Это «Жат» Еркема Турсунова. Бюджет «Жата» в разы больше обычного: как сказал в одном из своих интервью продюсер Канат Торейбай, больше 1 млн долларов. «Жат» был заявлен на «Оскар» от Казахстана.

Бюджет артхаусных картин в Казахстане составляет 10–15 тыс. долларов. Известно, что бюджет фильма «Шлагбаум» был 15 тыс. долларов, но создатели не получали гонораров за свою работу. Бюджет фильма «Первая жена Сагынтая» и того меньше. Но главное, что эти фильмы ориентированы на художественные качества и, как правило, носят социальный характер.

В погоне за Голливудом

В казахстанском кинематографе существует и бизнес-сектор – 55% от всех производимых в Казахстане картин. Но отнюдь не все картины, снимаемые в нем, рассчитаны на прибыль.

Бюджет коммерческих картин колеблется в пределах от 200 до 500 тыс. долларов. Считается, что вкладывать в фильм более 300 тыс. неразумно, потому что и эти деньги с трудом отбиваются в прокате.

Что касается кассовых сборов, то самые успешные покрывают затраченный бюджет и зарабатывают пример-



но столько же. Наиболее коммерчески успешными в 2015 году были комедии «Побег из аула» Нуртаса Адамбая, «Свадьба на троих» Аскара Бисембина, криминальная драма «Рэкетир-2» Аканна Сагаева, мелодрама «Адель» опять-таки Аскара Бисембина.

Но есть и такие фильмы, у которых сборы не были целью номер один. К примеру, очевидно, что официально заявленный бюджет фильма «Весь мир у наших ног» Саламата Мухамед-Али в 7 млн долларов не был перекрыт сборами от проката. У создателей фильма стояли гораздо более амбициозные задачи – создать фильм голливудского масштаба, где играли бы голливудские звезды. Но чего-то не хватило, чтобы достигнуть голливудских масштабов.

Что касается регионального кино, то оно, безусловно, будет расти. Уже сейчас наблюдается разнообразие в жанрах. Комедия «Потому что шымкентский» Жанибека Жанкараева. «Омир-ай» Шапагата Орынбаева о юношах, которые приезжают в Алматы, чтобы покорить город. К участию в фильме привлечены многие популярные певцы. «Регион 13» Омара Сункара – триллер, рассказывающий о борьбе с терроризмом. Большинство этих фильмов снимаются на казахском языке, а это уже само по себе есть гарантия того, что на них пойдет казахскоязычный зритель. Так что это только вопрос времени, когда региональное кино начнет делать заметные бокс-офисы.

Казахстанская киноиндустрия в целом перестала быть управляемой госу-

дарством. Правда, ведущая киностудия – «Казахфильм» – сосредоточилась на госзаказах. Однако полностью исчезла монополия на запуск и контроль над тем, что снимается на частных студиях. Напомним, в предыдущие пять лет была практика финансового участия «Казахфильма» в проектах частных студий, что, с одной стороны, давало большее количество картин, а с другой – приводило к контролю за контентом этих фильмов на всех этапах производства. Минус в том, что большая киностудия со своими традициями, историей перестала быть местом объединения всех кинематографистов.

И, тем не менее, нам есть чем гордиться и есть, что посмотреть...

Десять лучших казахстанских фильмов за последние десять лет

После того как Олег Борецкий опубликовал статью «Десять фильмов, за которых Казахстану не стыдно» – моя старшая дочь попросила меня опубликовать свою десятку. Правда, я бы перефразировала название:

«Десять фильмов, которые являются гордостью Казахстана, и за что я их люблю»:

1. «Охотник» (2004) Серика Апрымова.

В фильме создан новый тюркский миф о мальчишке, которого, возможно, родила волчица, усыновила женщина и воспитал охотник.

2. «Тюльпан» (2008) Сергея Дворцевого.

История того, как молодой человек верит в то, что можно возродить степь и кочевье, но реальность противостоит его мечтаниям.

3. «Подарок Сталину» (2008) Рустема Абдрашева.

Фильм о том, что Казахстан был не только пристанищем для переселенных народов, но и полигоном для ядерных взрывов. Однако все эти трудности не сделали казахов хуже.

4. «Ойпырмай, или дорогие мои дети» (2009) Жанны Исабаевой.

Народная комедия, которая, с одной стороны, высмеивает национальные традиции, с другой стороны, показывает их созидательную силу.

5. «Секер» (2009) Сабита Курманбекова.

Для меня этот фильм эквивалент эпохи независимости. Девочка Секер, которую родители одевали как мальчишку, должна к 1 сентября надеть платье. Она приходит к этому, осознав и полюбив себя.



6. «Заблудившийся» (2009) Акана Сатаева.

Мне нравится попытка режиссера работать с фактурой и мифологическими персонажами. Не нравится, что эти персонажи представляют темные силы.

7. «Перед грозой» (2011) Ерлана Нурмухамбетова.

В фильме создан особый мир семьи, живущей в горах. Красота природы здесь равна красоте человеческих взаимоотношений.

8. «Шал» (2012) Еркека Турсунова.

Фильм о силе человеческого духа, о том, что человек стоит выше цивилизации, но при этом он должен помнить, что он – дитя природы.

9. «Уроки гармонии» (2013) Эмира Байгазина.

Картина, вскрывающая социальные проблемы общества через контраст физиологического неприятия и эстетскую красоту.

10. «Хозяева» (2014) Адильхана Ержанова.

Гротескная драма, наполненная кинематографическими аллюзиями и живым нервом сопереживания.

«Шал» Еркека Турсунова

Фильм «Шал» как-то сразу все расставил по своим местам. В любой сфере культуры есть лидер, за которым все идут – не в плане организаторском, а в плане творчества. Таким лидером нации в 1960-годы был Олжас Сулейменов. В казахстанском кинематографе постволеновской формации этот лидер никак не определялся. После фильма «Шал» стало понятно, что это Еркек Турсунов. Потому что эта картина создавалась о народе и для народа. Картина настолько глубокая и серьезная, что не было желания сесть и быстро написать про нее. Она входит в тебя, как осознание своего национального бытия, своих корней и силы казахского народа.

Так случилось, что несколько дней спустя после показа, будучи в гостях, мы спонтанно начали обсуждать фильм

«Шал» и, наверное, впервые так единодушно было мнение о фильме, как о большом явлении в казахском кино. Причем высказывались очень уважаемые люди – Мурат Ауэзов, Сейдахмет Куттыкадам, Альмира Наурзбаева, Сафар Абдулло, Алим Сабитов. Друг другу пересказывали наиболее понравившиеся эпизоды, обсуждая детали и разделяя общий подъем от того, что, наконец, появилась картина, достойно представляющая культуру и мировоззрение казахов.

«Шал» – это программная картина, которая относится к разряду таких фильмов, которые формируют понятие нации. К таким фильмам относятся «Земля отцов» Шакена Айманова, «Меня зовут Кожа» Абдуллы Карсакбаева, «Кыз-Жибек» Султана Ходжикова. Сразу после просмотра мы разговорились с известным ученым-иранистом, профессором филологии Сафаром Абдулло, который уже лет двадцать живет в Казахстане. Он сказал: «За все эти годы, что я здесь живу, я ни видел ничего подобного». И я с ним согласилась. Моя реакция на фильм была настолько эмоциональна, что я сразу не могла для себя сформулировать, чем мне понравилась картина. Всем. Редко такое случается, когда у тебя нет никаких претензий к фильму, когда ты принимаешь все – от начала до конца, и более того, эти полтора часа просмотра меняют тебя.

На самом деле, очень трудно словами описать, о чем картина. Хотя очень просто пересказать сюжетную фабулу. Старик решает отогнать на зимовье десяток своих овец. По дороге, попав в туман, сбивается с пути, и несколько дней бродит один в степи, преследуемый стаей волков. Его чудом спасают, когда он уже на грани между жизнью и смертью. Но пересказывать сюжет этого фильма, все равно, что пересказывать повесть Эрнеста Хемингуэя «Старик и море»: старик поймал рыбу,

на нее начали нападать акулы, в конце концов, акулы съели рыбу, а старик чудом остался жив. Но Нобелевскую премию дали Хемингуэю не за фабулу, а за то, какими смыслами наполнено это произведение.

Так вот, разговор о смыслах, о тех мыслях, которые возникают по ходу просмотра картины. Действие происходит сегодня, и к основной фабульной линии – старика и внука добавляется история трех охотников, которые приезжают в степь, чтобы поохотиться на волков. В самом начале фильма они просят старика указать им дорогу, но тот отказывается с ними ехать, потому что не время для охоты на волков, они выводят потомство. Но трое городских мужчин – на огромном джипе, с суперсовременным оборудованием – даже не хотят слушать старика. Они же «хозяева мира», и им не ведомы никакие другие законы, в том числе законы природы, кроме тех, что они устанавливают сами.

По ходу фильма старик, преследуемый волками, плутая в тумане, наталкивается то на труп одного охотника, то другого, а в конце находит третьего, забившегося в упавшую с неба ступень космической ракеты, израненного и находящегося в состоянии шока. Ни суперсовременные ружья, ни джип, ни навигаторы не спасли их от мести волков, потому что они начали истреблять их потомство. Простая и ясная метафора современной цивилизации – природа мстит человеку за то, что отказывается жить по ее законам.

Сильный эпизод: когда старик понимает, что он кружит в степи по одним и тем же местам, он падает на колени и обращается к небу с молитвой: «За что? Что он такого сделал, что не может выйти из этого круга. И просит всевышнего открыть ему верный путь, за что обещает, что будет, возможно, в него верить. В следующее мгновение раздает звонок мобильного телефона – он бежит на этот звук, а это оказывается



телефон одного из убитых охотников. Но ему этот телефон бесполезен, он не может им пользоваться. Однако он хронит охотника в снегу, и сверху кладет его телефон – тоже символ нашей цивилизации, без телефона мы не можем ни минуты, но и представляем из себя не более, чем просто владельцами мобильного телефона.

Старику в отличие от охотников не нужны инструменты цивилизации, он живет в согласии с природой и с уважением к ней. Как отметил М.М. Ауэзов на спонтанном обсуждении картины, это одна из немногих современных кинокартин, в которых воспроизводится органичное для казахов «тенгрианское» восприятие мира.

Надо сказать, что старик сыгран потрясающе! Тем более это удивительно, что роль его исполнил непрофессиональный актер Ерболат Тогузаков, но как он сыграл! Это казахский «Король Лир»! Столько в нем страсти, мудрости, заботы о «королевстве» – о своей земле и о своих потомках. Ключевой диалог происходит, когда они сидят с выжившим охотником у костра, и старик говорит, что хочет своего внука отдать в Йельский университет – «Должно быть «народный» – говорит старик, от слова «ел». И что смысл жизни – вырастить детей, дать им образование, воспитать его так, чтобы стал человеком.

Одно из безусловных достоинств этой картины, по мнению М.М. Ауэзова, – показ мужского национального казахского характера: в быту весельчак, чудаки и отчасти клоуны, «в час суровых

испытаний» становящийся борцом, воином, героем.

Те, кто посмотрел картину, по-разному размышляет о смысле картины: кто-то говорит, что картина о выживании, кто-то о том, что человек и природа неразделимы. Все верно. Но последний план фильма – когда волчица уходит с волчонком, добавляет еще один смысл: каждое живое существо на земле борется за свое потомство. В этом и есть смысл жизни. По сути, об этом же картина «Келин» – только там на передний план выведена женщина, здесь – мужчина. Шал – старик, как столп нации и его внук – как продолжение рода.

Картина, безусловно, тенгрианская, потому что старик и волк показаны как два «вожака» одного рода – дети природы. И в кульминационной сцене старик, оказавшись один на один с волком, демонстрирует свою нестигаемую силу человеческого духа. И волк отступает, прощает старика за его неразумных сородичей. Очень точный монтаж в фильме – старик с внуком уходят в одну сторону, волк с волчонком – в другую. И в природе вновь наступает гармония.


Если в картине «Келин» у меня были какие-то претензии к автору – некоторая театральность в игре актеров, несовершенный монтаж, длинноты, то здесь все сделано на высочайшем профессиональном уровне. Картина держит тебя в напряжении каждую минуту, каждую секунду. Поэтому, отнюдь не будет преувеличение сказать, что все зрители из зала вышли потрясенные. И с чувством особой гордости за то, что такая картина сделана не японцем, не корейцем, не американцем или французом, а казахстанским режиссером. И еще раз повторюсь – это картина для казахов и о казахах.

Конечно, хотелось бы, чтобы фильм «Шал» Ермека Турсунова был отобран и показан на одном из ведущих мировых кинофестивалей. Он, безусловно, этого достоин. Но и без этих внешних маркеров можно говорить о фильме, как о явлении культуры, и радоваться не только за Ермека, но и за весь казахстанский кинематограф. Потому что картина «Шал» не только вызывает уважением к себе, как нации, но и заставляет помнить о главном – мы есть только тогда, когда есть наше продолжение.

Источники:

1. <http://expertonline.kz/a14304/>
2. <http://yvision.kz/post/435804>
3. <http://yvision.kz/post/242113>

*Материал подготовила
Гюльнар Муқанова*



Автор туралы: орыс жазушысы, прозаик, публицист.

About the author: russian writer, novelist, essayist.

Об авторе: русский советский писатель, прозаик, публицист.

Михаил ПРИШВИН

БҮРКІТ

Андатпа: Әңгімеде автор Қазақстанға, Қаратау өңіріне келгенде өзі куә болған, аңға түсетін бүркітті баптаудың қыр-сырын баяндайды. Пришвин табиғат туралы әңгімелердің, аңшылар хикаяларының, балаларға арналған повестердің авторы. Оның жануарлар, соның ішінде аңшы серіктері туралы әңгімелері ерекше құнды. Жазушының құстардың қылықтары туралы суреттемелері көпшілікке кеңінен танымал.

**Mihail PRISHVIN
GOLDEN EAGLE**

Summary: The article describes the preparation of hunting birds – the eagle – in the footsteps of author visits Kazakhstan, Karatau area. Prishvin – author of short stories about nature, hunting stories, stories for children. His stories about the animals, including hunting, are of particular value. His sketches about the habits of birds are very popular.


**Михаил ПРИШВИН
БЕРКУТ**

Аннотация: В рассказе описана подготовка ловчей птицы – беркута – по следам посещения автором Казахстана, местности Каратау. Пришвин – автор рассказов о природе, охотничьих рассказов, повестей для детей. Его рассказы о животных, в том числе и охотничьи, имеют особую ценность, как и зарисовки о повадках птиц.

Құлан пішіндес жатаған аттарға салт мініп, қу тақыр Қаратауға бара жатырмыз. Бүркітке құрылатын тор менің қанжығамда, ал ілкіде ғана атылған арқардың буы бұрқыраған жосадай жүрегі – қыранды торға түсіретін алдамшы жемтік менің жол серігім Қалидың қолында. Оны тау қойнындағы бір алқапты таңдап алып, жемтікке түскен бүркіт қанатын салған қалпы шырматылып қалатындай етіп құрмақпыз. Шатыр тәрізді тордың ішіне арқардың қан-жоса жүрегін қоямыз да өзіміз сол маңдағы үңгірге барып жасырынамыз.

Аты шулы бүркітші Қали екеуіміз түні бойы қараңғы үңгірде отырдық, ол маған қыран бүркіт жайлы талай хикаяларды баяндады, томағасын сы-

пырып қоя бергенде бүркіттің қоянды қалай басатынын, түлкінің белін қалай үзетінін, ал егер бала кезінен баппен қайырса, нағыз қыран бүркіттің тіпті қасқырды да қадам басқызбайтынын айтқан. Екеуіміздің бүркіт жөніндегі әңгімеміз таң сібірлегенше созылды, сонан соң бозала таңда қара таудың басы ағараңдаған мезгілде заңғар биікте бір бүркіт айнала қалықтай бастады. Оның мүлде баяу қалықтағаны сонша, батпырауық ұшырған балалар көзге ілінбес жіңішке жіпті ұстап, осы маңда бір тұста тығылып тұрғандай сезілді. Бүркіт алқаптың үстінен бір айналып шықты да, таудың ұшар басында көрінбей кетті: ол, әрине, жердегі жемтікті көрген, бірақ оған бірден түсуге, тегі, батылы бармаған. Оның ұябасарымен ақылдасқысы келді ме немесе ұясын тексермек болды ма, әлде жердегі көз қызықтырған қызыл-жосаның тәуекел етуге татитын-татымайтынын ойластырып алғысы келді ме мұны кім біліпті. Үңгірдің аузында демімізді ішке тартып, көк қыранының шешімін күдіктене күтіп біз тұрмыз; міне, бүркіт қайта көрінді, ол көкте қалықтап тағы бір айналғаннан кейін



тордың дәл үстінен әуеде бір сәтке кідірді де, жердегі арқардың жосадай жүрегіне құлдилап жөнелді; оның алдамшы жемтікке қалай зуылдап түскені үңгірдегі бізге естіліп тұрды.

Иә, бүркіт жемтікке түскен...

Жүгіре басып барсақ, қапыда кеткен тау қыраны торға шырматылып қалыпты, бірақ бүркіттің аты бүркіт емес пе: имек өткір тұмсығын ашып алған, ысылдайды, желкесін күдірейтіп айбат шегеді, басын кегжиткен екі көзі кара ұшқын атады. Алайда оны елең қылған Қали жоқ, тордағы тұтқынды, ауға түскен балықша, орап алып қанжығасына байлай салды. Күздің таңғы боз қырауы жібіместен мол олжамен ауылға оралдық.

Біз ауылға қуаныш әкелдік: қыран бүркіт күнде торға түсе бермейді, енді оны үйір-үйір жылқы айдаған, бүркітпен саятшылық құруға құмар Мамырқанға сатып, шала байып қалуға болады. Тек саптастан бұрын тағы бүркітті қайырып, аң ұстауға баулу керек.

Сөйтіп, бүркітті қолға үйретіп, қашқан қоянды бұлтартпай басуға, құлдилап кеп түскесін түлкіні екі бүктеп белін үзуге, сосын, егер ол нағыз қыран болып шықса, онда тіпті шоқырақтаған қасқырды да тоқтатуға жаттықтыруға кірістік.

Киіз үйге қыл арқанды көлденең керіп тастап, басына томаға кигізген бүркітті оның орта тұсына қондырып, бармақтарын көрмеге таңып байлап қойды. Көзі жабулы, аяғы таңулы бүркіт көрмеден құламау үшін денесін шайқалақтап зорға ұстайды, оның тынышталып, есін жинамауы үшін арқанды әдейі жұлқылап, ұрғылап дамылсыз шайқалта беру керек: ол өзінің көк тағысы екенін біржола ұмытып, иесіне толық бағынышты сезінетін күйге түсуге тиіс. Адамға ит қандай шын берілген болса, бүркіт те сондай елпілдеген елгезек болуы қажет.

Үйдің ішінде бір-бір мамық жастыққа сүйенген саятшы-қазақтар

сары қымызды сіміріп отыр; олардың арасында аты-шулы саятшы, бес мың жылқы біткен, біздің ең сыйлы қонағымыз Мамырхан да бар, ол қақ төрде құлынның қуырдағын жеп отыр. Кәнігі саятшы бүркіттен көз алмайды, көрме сәл тынышталса-ақ болды, шайқалтындар деп ымдайды, сонда отырғандардың біреуі көрмені жұлқып қалады.

Саятшылар қойдың еті мен құлынның қуырдағына тойып алып, баласында да тыныштық жоқ: түнде далаға шыққысы келгені, өтіп бара жатып, көрмені бір жұлқиды, шошынған бүркіт қанатын желпіп қалғанда киіз үйдің қақ жартысын алып кетеді; қотандағы қой аман ба, бәрі көрінбей ме екен деп түнде де төсектен тұратын шаруақор кісі де көрмені бір жұлқымай өтпейді бүркіттің қасынан. Тіпті ұйықтап жатып бір аунап түскен кісі де, егер бүркіттің тыныш отырғанын сезсе, көрмені қамшысымен бір салмай қоймайды. Осылай бір күн, екі күн өтеді; титықтаған томағалы аш бүркіт көрмеде әрең отыр, жүні үрпиген, қанаты салбыраған, құлауға жуық, басы шабылған тауықша сирағынан салбырап тұруы да мүмкін. Міне, дәл осы кезде бүркіттің томағасы сыпырылып, бір түйір қызыл ет көрсетеді – тек қана көрсетеді! Содан кейін бүркітті көрмеге қайта отырғызады, әлгі етті қайнатып, қан-сөлсіз ақжем болғанын аз ғана шоқытады. Сонан соң бүркітті тағы бір-екі күн көрмеде ұстап, қаны сорғалаған, буы шыққан, жып-жылы қызыл етті көрсетеді, сосын оны босатады.

Бүркіт енді киіз үйдің ішінде қызарған еттің соңынан кәдімгі итше жүгіретін болған. Мамырқан разы боп жымиып қояды, басқа саятшылар да күледі, ал кішкентай балалар қолындағы шыбықпен бүркітті ұрып та қояды, тіпті оған таңданып, тайсақтай көз салған иттер де қайтерін білмейтін секілді: қауырсынына қараса – бүркіт,

бас салғылары келеді, ал қылығына караса – кәдімгі ит – адамның досы.

– Кә! – деп дауыстайды бір қазақ.
– Кә!

Бүркіт бүгежектей жөнеледі. Мұны көргенде құс патшасына бәрі қарқылдап күледі.

Мамырқанға бүркіт қатты ұнады. Бүркітті оның өзі аңға салып көрмекші болды. Саятшы атына қонған соң, бүркітке бір түйір қызылды көрсетіп:

– Кә! – деді.

Бүркіт оның биялайына барып қонды.

Біз қояны көп жаққа – қу тақыр Қаратауға аңға шықтық. Міне, қағушылар бір қоянды ашыққа айдап шығарып:

– Әне, қоян! – деп айқай салды.

Қоян біз бүркітті торға түсірген алқаппен зытып барады. Мамырқан бүркіттің томағасын сыпырып, шыжымды ағытып, құсты босатып жіберді. Аспанға заулап көтерілген бүркіт, қоянға құддилап кеп түсіп, қанды шеңгелімен оны жерге баса қойды.

Енді жемтігін емін-еркін шоқи беруіне болады, ол қанатын қағып қап, қоянды Қаратаудың басына алып кету одан да оңай. Бәлкім, ол осындай байламға келген де шығар, шеңгелінің

арасынан қып-қызыл жылы қан шыпшып ағып жатыр, көзі тағы да қара ұшқын шашады, қанатын қомданайын деген секілді...

Бір сәтке кешіксе, бүркіт туып-өскен тауына қарай самғап, қайтадан еркіндікке жетіп, көрген азабынан тағылым алғандықтан, енді қайтып адамның құрған торына түспес те еді, алайда дәл осы сәтте Мамырқанның:

– Кә! – деп айқай салғаны.

Ол ауылдан шығарда қонышына қыстыра қойған бір түйір етті көрсетті.

Осынау қатып-семген, тер сіңіп, қара май жұққан бір түйір қызылдың құс патшасына қандай да бір құдіреті бар секілді: бүркіт өзінің таудағы ұясын да, аяғының астындағы әлі буы басылмаған мол олжасын да тарс есінен шығарып, ат үстіндегі Мамырқанға қарай ұшады, басына томаға кигізіп, аяғынан шыжымдап ұстауға өз еркімен көнеді. Мамырқан әлгі бір түйір сикырлы етті қонышына қайта сүңгітіп жіберіп, қоянды асықпай-саспай қанжығасына байлады.

Бүркітті аңға салуға осылай баулиды.

Аударған Н. Сыздықов





Чеслав МИЛОШ

Автор туралы: Польшаның диссидент-ақыны, аудармашы, эссеист, әдебиет саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты, бейбітшілік жаршысы.

About the author: Polish dissident poet. The Nobel Prize for Literature in 1980.

Об авторе: польский поэт-диссидент, переводчик, эссеист. Лауреат Нобелевской премии по литературе 1980 года, праведник мира.

МЕН АЙТУҒА ТИІСПІН...

Андатпа: Оның терең ойлы толғамдары Махамбеттің, Шәкәрімнің, Сұлтанмахмұт пен Мағжанның поэзиясымен үндес. Ақынның 100 жылдық мерейтойына орай «Жеңілмеген жыр» атты тұңғыш жыр кітабы жарық көрді. Чеслав Милоштың өлеңдерін қазақшаға Әбубәкір Қайран аударды.

Czesław MIŁOSZ
I HAVE TO SAY...

Summary: His deep thinking has similarities with the poetry of Makhambet, Shakarim, Sultanmakhmud and Magzhan. On the 100th anniversary of the poet published a small collection of poems, «Song undefeated.» Poetry of Czeslaw Milosz translated Abubakir Kayran.

Чеслав МИЛОШ
Я ДОЛЖЕН СКАЗАТЬ...

Аннотация: Глубокие размышления автора сродни поэзии Махамбета, Шакарима, Султанмахмута и Магжана. К 100-летию юбилею поэта вышел сборник стихов «Непобежденная песня». В статье представлены стихи Чеслава Милоша в переводе на казахский язык Абубакиром Кайран.

Ақиқатты жырлап өткен өткір рух

Чеслав Милош өлеңдерін мен тұңғыш рет Мәскеуде 1975 жылы атақты ақын, аудармашы Михаил Курганцевтің үйінде оқып едім.

Польшаның диссидент ақынының кітаптарын Кеңес үкіметі жарыққа шығармауға тырысып баққан кез болатын.

Михаил Абрамович машинаға басылған он бет қағазды маған ұсынып жатып:

– Роллан, бұл Польшаның атақты ақыны Милоштың өлеңдері. Осы жерде оқып таныс, – деді. Бұл біз естімеген, білмеген, біз үшін таңсық шығармашылық әлемі. Әрине, Чеслав Милош өлеңдерін бірден бостандық үшін жандарын қиған поляк ақыны Адам Мицкевич пен венгр ақыны Шандор Пётефиге ұқсаттым.

Бірақ Милош әлемі – бөлек әлем еді. Өзге ғасыр ұланы, өзге заман перзенті, өзге рух ақыны болатын.

Солай дегенмен де, ақынның шығармашылық алаңы біздің Махамбеттің, Шаһкәрімнің, Сұлтанмахмұттың, Мағжанның терең, ойшыл әлеміне сай келетін.

Чеслав Милош Еуропаның ұлы ақыны екенін мойындап, шын жүректен сыйлап, құрмет тұттым. Чеслав Милоштың өлеңдері орыс тілінде де, қазақ тілінде де сөйлейтініне сендім. Ол уақыт құзырында ғана болатын.

Бір ай бойғы Америкадағы сапарымда Чеслав Милошпен көзбе-көз кездесуді ойлағам. Өкінішке орай кездесудің сәті түспеді.

Бүгін, дербес Қазақ Елінде Польша Республикасының консулдығымен бірлесіп Чеслав Милоштың 100 жылдық мерейтойына орай шағын кітабын қазақ және орыс тілдерінде ұсынып отырмыз.

Милоштың өлеңдерін қазақшалауды қазақтың шоқтығы биік ақыны Әбубәкір Қайранға тапсырдым. Кең ойлы

поляктың ақ өлеңін қазақша жырлап шығу Әбубәкірге оңайға түспеген болар. Әдебиетімізді дамытамыз десек әлем халықтарының озық поэзиясын қазақша жырлауға бел шешіп кірісу керек. Өткендегі және бүгінгі қазақ поэзиясына беймәлім болған бірнеше ұлы есімдер бар. Олар – поляктар Чеслав Милош, Вислава Шимборска, чех – Витез Незвал, түрік – Осман Түрқай.

Бұл Еуропа.

Ал Азия мен Африкадағы дүлдүлдер қаншама?!

Солардың бәрін орыс тілі арқылы емес, қазақ тіліне тура аударатын кез келді емес пе?..

Осы ойды іске асыра алсақ, әдебиетіміз көгереді, байи түседі, ұлттық мәдениетіміз биікке көтеріледі.

Оны біз көре алмасақ та, бұл ойымды келешек ойлы қазақ ортасына, озық тәуекелшіл жастарға аманат артқан тілек ретінде ұсындым.

Халықаралық Абай клубының кітапханасында 200 том жасамақ ниетім іске аса ма, жоқ па, оны уақыт көрсетер. Әзірше 100 том кітап қазақ елінің кітапханаларының сөресінен орын алды. Бұл да көңілге медет. Қазақ халқының алдындағы, қазақ мәдениетінің алдындағы парызымды адал орындасам деген тілек бұл.

Жазу столымда әлі жазылып бітпеген романдарым да мені сарғая тосуда.

Ал бүгін сол Халықаралық Абай клубы мен Роллан Сейсенбаевтың баспасынан «Халық кітапханасы» айдарымен ұлы поляк ақыны Чеслав Милоштың «Жеңілмеген жыр» атты тұңғыш кітабы қазақ елінің оқырмандарына жол тартты.

Азаттық пен адалдық аңсаған ұлы поляк ақыны қазақ оқырманының жан дүниесін тебірентері анық.

*Қазақ поэзиясының көкжиегін
кейінгі жас өркен кеңіте беретініне,
биіктете беретініне сенген –
Роллан Сейсенбаев*

ЗАМАНАҚЫР ТУРАЛЫ ЖЫР

Заманақыр күнінде
Ара жүрер балын жинап гүлінде.
Ал балықшы ауын жамап отырар,
Дельфиндер де көңілденіп жосылар.
Қараторғай кіл жосықсыз ән шырқар,
Алтын жылан жарқыраудай жарқырар.

Заманақыр күнінде
Қолшатырлы әйелдер үйір болар күлуге.
Көшесінде көсіліп мас сілейіп жатады,
Бақшашы әйел көк-сөгін саудалайды,
сатады.
Сары желкенді бір қайық тақағанда аралға,
Сыбызғы үні қалықтап тұрып алар ауада.
Жұлдызды түн кеп қалар сол бір екі арада.

Найзағай мен күн күркірін тосқандар
Алданудай алданды.
Аспан жақтан алау-байрақ күткенді
Ешкім енді сендіре де алмады.
Ай менен күн құлап кетпей тұрғанда,
Ара гүлден жырақ кетпей тұрғанда,
Қызылшақа сәби туып жатқанда,
Сезім кірмес еш жанға.

Тек анау бір қария, әулиедей кейібі,
Оның дағы қозғалмады сезімі,
Өйткені ол өзінің бақшасымен көп әуре,
Қызанағын жинаған буып жатыр көгендеп.
Заманақыр болмайды енді басқадай,
Заманақыр болмайды енді басқадай.

ВАРШАВАДА

Әулие Ян соборының қалдығын
Кезуменен неге жүрсің, ақыным,
Шуақты күн дәл бүгін?

Қирандының қызыл шаңын көтеріп
Висладан соғатын,
Ойладың ба, желдер кейде болатын?

Серт бермеп пе едің –
Зиратқа келіп жыламасқа,
Серт бермеп пе едің –
Жарасын елдің тырнамасқа,
Мен солай еткем, қарғыс атқан қасиет
Қара таңбасын салмасын деп,
Келер ұрпаққа қалмасын деп.

Өз ағасын іздеген
Антигонның өксігені бірақ та
Жанды езеді төзгеніңмен шыдап та.
Жүрек мынау ішіне шыбын қатқан тас
сынды.
Махаббатым бұл бақытсыз аймаққа
Өткізуде қара түнек ғасырды.

Қаламағам махаббатты мен мұндай,
Оны, сірә, бағамдап та көрмегем
Қаламағам аянышты мен мұндай,
Оны дағы бір бағамдап көрмегем.
Нәзік құстың мамығынан жеңілдеу
Қаламым бар. Қалай төзем бұл дертке,
Қалай мұнда енді өмір сүремін?!
Жерленбеген туыстардың сүйегін
Таптап қалай табаныммен жүремін?
Күлкі менен көңілді үндер маңайым,
Қолым жаз дер, қалай, қайтіп жазайын?
Жазғын дейді тарихты,
Құрбандардың өмірі мен өлімін.
Сонда қалай, ақын болып тудым ба,
Бағу үшін мәйіттердің қабірін?
Келер менің салтанатты жырлағым,
Әсем баққа Шекспир кіргізгендей қолқалап.
Аялаңдар ақындардың нұр жанын,
Қалмау үшін әлем қирап, орталап.

Көңілсіз өмір көріксіз және бейтарап.
Сендерге арнап, өлгендер,
Екі сөзді айтам қайталап,
Ой менен тән, жыр, тойдың
Мерекесі сендерге
Арналу керек көбірек.
Құтқарылған екі сөз:
Шындық және әділет.

ФАРФОР ТУРАЛЫ ЖЫР

Көзелерім-ай, жарықтық,
Раушан гүлді ыдыстар,
Табаны таптап танктің
Сендерден қалды сынықтар.
Айналды самал соларды
Жастықтан ұшқан мамықтар
Лас ізге барып қонады,
Қамалып мынау тамұққа.
Қиранды бәрі тау, дала,
Не көрмес тайқы мандай-ай!
Күйзелдім күйреп, таң қала,
Фарфорлар сынып қалғаны-ай!

Тағы да, міне, таң атты,
Құлаққа мың үн ұлыды.
Шықырлап, жүрек қанатты
Фарфордың күлдей сынығы.
Шебердің шерлі өңіндей,
Аққудай аппақ үсінген,
Жер астындағы өзендей
Жаншылды олар Летеде.
Қайғысы батты жанға да,
Дерттенбей жүрем мен қалай?!
Күйзелдім күйреп, таң қала,
Фарфорлар сынып қалғаны-ай!

Жиекке дейін жұмыртқа
Қабығы қаудыр жапқандай.
Зіл табан таптап сынықтар
Еңіреп, жылап жатқандай.
Сән-салтанат көркі еді,
Қуанышы еді көздің де.
Тапталып, бігіп ертеңі,
Тұншығып жатыр көр-жерге.
Көміліп қоқыс, шаңға да,
Асылдар майып сарнады-ай.
Күйзелдім күйреп, таң қала,
Фарфорлар сынып қалғаны-ай!

Вашингтон, 1947

ЖАЗЫҚСЫЗДЫ ҚОРЛАУШЫ

Қарапайым жазықсызды жәбірлеп,
Ләззат алып қылығыңнан тағы да,
Отырсың-ау арсыз күліп, мәлімдеп,
Сайқыларды жинап алып маңыңа.

Олар сені қуаттайды, мақтайды
Даурығысып данышпан деп, дана деп,
Бет жүзінді алтынменен аптайды
Шаттанады бұл күніңе керемет.

Мерейленбе. Ақын жады сөнбейді.
Өлтірсең де – қайта туып, жаңарар.
Бәрін қайта сол күйінде жаза алар.

Сен одан да бет бұрсаң ғой бір таңда.
Күтіп тұрған бұтақ пенен арқанға.

*Вашингтон,
1960*

БАР БОЛҒАНЫ

Мен айтуға тиіспін – поэзия, өлеңге
Пікірімді өзгертіп, қалай келгем бағалап,
Қолөнерші өзімді, әлде көпес дедім бе?
Мен егерде жыр жазсам Жапония жерінде,
Гүлдегенін шиенің жырлайтындар
сияқты, өлеңге
Хризонтемалар туралы жырлайтындар
сияқты,
Тоты құстың қауырсын қанатымен мазактар
Көрсетер ем куртизан қыздарына күлгенді.
Жібек тартпа астында дертіп тұрған

анарды
Уысыма толтырып, ақ тәніне төнер ем,
Белдік батқан мықынды өз көзіммен
көрер ем.

Тым құрмаса, көргендей командирін галеон,
Алтын тиеп сол таңда портқа кірген кемені,
Мүмкін еді олардың курап болған сүйегі
Теңіз суы сипалап, бір молада жатуы.
Менің сөзім сияқты батқан суға тарақтай
Қабірінде күтеді күн сәулесін бір аруақ.

Сонда болдым сенгендей. Материяны
сөздегі

Қалай тыңнан жасарсың?
Біз жырлайық сұлулықты керемет,
Бар болғаны гүлденгенін шиенің
Хризантема және де алтын айдың толғанын.

Манжером, 1957

ТУҒАН ҚАЛАМ, МЕН СЕНЕН...

Туған қалам, мен сенен кете алмағам,
кетем деп,
Шахматтың тасындай қайта-қайта шегіндім.
Қаштым сонсоң айналған ғаламшардың
үстімен,
Оқулықтар тек қана кенеп сөмкем ішінде.

Мұнарасын биіктен көрдім әулие
Якубтың,
Бір бәкене адам жүр кішкене атпен соқа
айдап,
Өтті бәрі өмірден бұл күндерді, әрине,
Иә, бүгін жан көрмес сол заманды, қаланы,
«Люкс» пен «Гелиос» киносын,
жарнамасын «Гальперн» мен «Сегалдың»

Кейіннен Мицкевич аталған Свентоерск
қаңғыбастарын,
Солай, ешкім көрмейді, ешкім және
білмейді.
Құр үмітпен, алайда, өмірінді өткізсең,
Ештеңеге тұрмайтын бір сорлылық қалады,
Аянышты азабы.

Беркли, 1963

ҰЗАҚ ҰЙҚТАП АЛҒАН СОҢ

Ұзақ ұйқтап алам да, Фома Аквинскийді
колға алам,
Не «Құдайдың өлімін» – бір протестант
кітабын...
Жарқыраған шығанақ көз тартатын сол
жағым,
Одан кейін қала тұр, сонсоң мұхит құшағы,
Мұхиттан соң мұхит бар Жапонияға
ұласар.
Сол жағымда төбелер, шөлде өсетін шөп
өскен,
Төбелердің ар жағы – өңделген жер күріштік,
Одан кейін тау жатыр қарағайы сірескен,
Таудан кейін басталар қой жайылар
кеңістік.
Бір құмартсам ішуге – тек ішімдік көздедім.
Шылым, кофе дедім бе – соған ғана
шөлдедім.
Болып едім ержүрек. Еңбек сүйгіш.
Мейірбан.
Бірақ пайда көрмедім мен, әйтеуір,
солардан.
Дәрігер мырза, сырқатпын.
Ол жер емес. Бұл да емес. Өзім дағы
білмеймін.
Артық арал, құрлықтар бойымдағы бөтен
бұл,
Естілмеген саз ба, әлде айтылмаған
бөтен жыр.

Ішкеннен бе, әлде бұл жалғыз өзім
жабығып.
Әлде содан – деуші едім: періштедей
боламын,
Әулие Ежи сияқты ел есінде қаламын.

О, дуагер мырзам-ау, ауырған соң келемін,
Сәуегей мен бақсыға әрқашан да сенемін.
Әйелдерде, әрине, католиктік дін, жан бар,
бірақ бізде екеуі. Сен билеген сәтінде,
үндіс ауылын кезгендей,
түсінде де көрерсің жан баспаған жерлерді.
Алшы киіп, өтінем, қауырсынды бас киім,
Өз салтыңды құтқар сен, түйіл дағы тас
түйін.
Оқысам да көп кітап, сенімім жоқ соларға,
бір өзенге барармыз, дертті, ауру болғанда,
онда крест болады ай мен күні жанында,
жеңсем деп жүр бақсылар індет-сүзек
таратпай.
Жібер жаныңды екінші анау таудан
асырып,
Не көрдің сен, айтшы енді,
соны қалма жасырып.

Беркли, 1962

БАЛЫҚ

Ызың, шулы флейтаның,
барабанның, тәлеңкенің дабылы
Іс-шараны қолдандар деп дыбыстар.
Адамдардың естілмейді ал үні.
Ауыздарын ашып-жұмып тұрған бейне
балықтар.
Жеребемді қабыл алдым. Алайда мен
адаммын,
Өзімдейлер үшін ғана аласұрып,
азап шегіп қалармын.

Беркли, 1970

*Өлеңдерді қазақ тіліне аударған
Әбубәкір Қайран*



Бақыт БЕДЕЛХАН

Автор туралы: Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. «Бауыржан Момышұлы атындағы қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған.

About the author: Winner of the International Festival «Shabyt». Winner of the International «Alash» literary prize. The award - the Order «Red Star name Bauyrzhan Momyshuly».

Об авторе: Лауреат международного фестиваля «Шабыт». Лауреат международной литературной премии «Алаш». Награжден орденом «Красной звезды имени Бауыржана Момышулы».

ТӘҢІРІМ, ЖЕРГЕ ТҮСІРМЕ!

Анатпа: Автор өз шығармаларында адами құндылықтарды бүгінгі күннің болмысымен байланыстыра азаматтық асқақ пафоспен және философиялық тереңдікпен жырлайды. Алаш рухты жырлар адамның жан дүниесіне де, санасына да қозғау салады.

Bakyt BEDELHAN
MOST HIGH, DO NOT LET FALL!

Summary: The author in his work with great civic spirit and philosophical depth glorifies human values, linking them with the realities of today. His poems filled with the spirit of Alash and able to touch the soul and mind of the audience.

Бақыт БЕДЕЛХАН
ВСЕВЫШНИЙ, НЕ ДАЙ МНЕ ПАСТЬ!

Аннотация: Автором представлены собственные произведения – стихи, подпитанные духом Алаш, способные затронуть и душу, и сознание аудитории. В своем творчестве он с большим гражданским пафосом и философской глубиной воспевает общечеловеческие ценности, увязывая их с реалиями современности.

«... Құстың мойыны бос,
Жылқының белі бос,
Адамның көңілі бос...»
(Қазақы қызық)

Ей, қиялымның қиып түсер сұңқары,
Алты құрлықты айналғанмен,
Аспандағы айды алғанмен,
Күн түбіне сайланғанмен,
Мойының талса, қайтесің?!

Ай, арманның арғымақ тұлпары,
Жел желігін қайтарғанмен,
Желе жортып шайқалғанмен,
Төрт аяғың тайпалғанмен,
Белің талса, қайтесің?!

Әй, Адам атаның ұрпағы,
Асыл рухқа толған денең,
Айнымастай болғанменен,
Жүрегі жақын көп жанменен
Айрылмастай болғанменен,
Көңілің қалса, қайтесің?!

...Қайткенде де қайран жоқ,
Қайлаң бар да қайрау жоқ.
Тарлау барда сүрлеу жоқ,
Зарлау барда сайрау жоқ.
Қылша мойын талша жоқ,

Қанатымды жайған боп,
Аяғымнан тайғам жоқ.
Өкінгеннен не пайда,
Қысқа жіптей ғұмыр бар,
Күрмеу түгіл, байлау жоқ?!

* * *

Тобыр түбі – топалаң.
Тобылғы түбі – сап қамшы.
Топ жылқым қайтты жотадан,
Торысын бөлек баптап бақсамшы.
Тәбәрік боп қалған еді ғой атадан,
Төбеліне қара күйе жақсамшы.
Қазан-қазан ет астым,
Бастан жақты айырып бөлек салсамшы.
Көмейіне от тыққанша ошақтың,
Бойына сіңбей көбігін ерте алсамшы!...
Табақ тартып қазанымды босаттым,
Жауырынын жаныма сақтап қалсамшы...

Бакытын ойлап ем басқа ұлттың,
Басым бақбақтай гүлдеді.
Жел тұрмасына бәс тіктім,
Анық-ты оны заманның желі үрлері.
... Асығып жүріп тас жұттым,
жаналқымдап жаһандану дүрмегі.
Алты малта ас еді,
Алты айшылық жолға шықсам да.
Тұғырым – алтын ердің қасы еді,
Алтауды асқақ тұтсам да.
Намысым әр кез ар алдындағы бәс еді,
Сол үшін басымды көрге тықсам да.
Тәңірім бағын қиған күн,
Еңсемді тіктеп, ес жидым,
...Табалдырығы құйма алтын,
Есігінен еңкейіп кірер ескі үймін!
Жоқ іздеп кеткен арманның
Мен қашан сүйіншісін естимін?!

* * *

Оқ атылды, аспанға емес, жас жанға.
Оқ атылды, қуғанға емес, қашқанға.
Оқ атылды, тасқанға емес, сасқанға.
Оқ атылды, жанарымда жас барда –
Отпантауда жаным жылап жатқанда!

Тағдырына тура келген қазақтың
Таусылады қашан, қалай азап күн?
Тағатына таға қаққан тәуменді ел
Талғажауы болып жатыр мазақтың.

Азаттықтың қас-қабағы – Астана,
Ашылмады-ау, кәріге де жасқа да!
Алаш жұртын айырбастап ақшаға...
Ажалдан да ұят боп тұр, масқара!

Нардың жүгін арқалаған арманға,
Нәмсіз қоғам нәмәрт қарап, алдауда...
Намысына нан сұратқан билікте
Нақақ көздің жасын сұртер жан бар ма?!

Ғажабыңды көрсек тағы кей алуан,
Ғапыл – дүние ғадауатсыз дей алман.
Ғазиз басын құрмет тұтар аз күнгі
Ғасыл жанға мейірім бер, ей Аллам!

Адам-Ата зәузаты едік зәудегі,
Абыл-Қабыл жекжаты едік жердегі.
Аңыратқан Хауа-Ананың жүрегін
Аллам, өзің кешіре гөр, пендені!!!

ШАҒАРНАМЕ

*Бұл – менің Шаһарым!
Бұл – сенің Шаһарың!
Олардың Шаһары емес –
...Жерім – Жаһаным!*

1

Жаннәт қақпасы жабылмай тұрған кезі ме?..
Жоқ, Адам-Ата пайғамбардан бері ме?..
...Қабырғам һақ нұрымен бүрлеген кезде де,
Кіндігімнен Ібіліс-сайтан үрлеген
кезде де,
...Бұл Шаһар – Біздікі болатын.

Қабыл Абылды өлтіргенде де,
Ібіліс, алғашқы жеңісін тойлап
желпінгенде де,
Жүз жиырма төрт мың пайғамбарларды
Жаратқан жерге келтіргенде де,
...Бұл Шаһар – Біздікі болатын!

Жүрегіміз мұз боп тұрса да,
Жігеріміз құм боп тұрса да,
Заманалардың Жезтырнақ – желі
Кеудемізді тырнап тұрса да;
Әйтеуір, бұл Шаһар – Біздікі болатын!

Қан қасап замандар да,
Ақжем боп жаман қарғаға,
Қар-рқ етіп ұшып, жоғалып
Жолықтық зауал – зарға да;
Бәрібір, Бұл Шаһар – Біздікі болатын!

2

Біздікі болатын Бұл – Шаһар,
Ұшы-қиыр, шет, шектеуі мүлдем жоқ.
Бірге-бірте боп кетерін мұнша тар,
Біле алмадым, ... білгем жоқ!

Бір-бірінің Шаһарларын тонарда
«Жарты құдай» боп кететін патшалар.
Құдай жалғыз екендігін оларға,
Айтпаған ба, сонда, басқалар?

Арланымның көкке ұлыған аузын,
Тұлымды ұлағ тұмар қылып таққанда.
Болар ма еді, болмас па еді жазығым
Сол тұлымды ұл соңғы үмітті жаққанда!

Сіңірімнен суырылған сірі жіп
Күдерімнен бұрын солай үзілді.
Ібіліске иілмеген ірілік,
Шаһарында шарт сынды ма бүгінгі?

Опық та жедім, (ой, Алла-ай...)
Ақыл-түлен, Ес-түлей;
Құранымның құзырында бола алмай,
Құлағымның сыбырын да естімей!

Бұл Шаһарды бұлдайтындай кімің бар,
Жүрегінде Құдайы жоқ пенделер.
... Айдан – сәуле, Күннен – шуақ –
Нұрымды ал,
Жүрегімде иманым бар, ел көрер!


Ләй-и-лә-һә ил Алла деп басталған
Иман – нұрға толып тұрса, Шаһарлар!
Жолаушылар жолға шығып аспаннан...
Бұл Шаһардан басталмас па сапарлар!

Күллі адамның күмілжіген ындынын
Періштелер махаббатқа дүй қылып.
Алла ауылына ап кетсе ғой күн бұрын,
Мешіттегі азан-жырға сыйдырып.

3

Біздің Шаһардың Күні шығыстан
шығатын,
Айы батса да батысқа барып тынытын.
Жұлдыздары бар – жұлме – ғалам шырағы
Жарқырап тұрар Алланың айтып
мың атын.
Біздің Шаһардың жұмақтай еді – бұл елі.
Мөп-мөлдір, таза бұлақтай еді – жүрегі.
Қызының сөзі – Қызырдың сөзі болардай
Періште – көңіл, Шарықтай еді – нұр-өңі.
Біздің Шаһардың патшасы тіпті
болмаған,
«Патшамын!» деген, талай пендесі
сорлаған.
Жүректің ғана әмірін тыңдар оғланы
Шаһарда мынау жүрегін ғана қорғаған.

Азаматтарды сатылмайтын да
сатпайтын.
Қазанаттары далақтап босқа
шаппайтын.
Таулары биік, даласы асқақ, бұл – Шаһар
Күн менен Түнге есігін мәңгі жаппайтын.



Жарияланған мақала мен автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Журналдың жаңадан ұйымдастырылуына байланысты қаржылық қоры жоқ, авторларға қаламақы төленбейді.

Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Published articles and opinions of the authors do not reflect the opinion of the editorial board. In connection with the new registration, the magazine does not fund financing, authors' fees are not paid. In a letter received by the editorial revision does not respond, Manuscripts are not returned.

All submitted articles are reviewed article in accordance with the requirements of the international journals cited.

Опубликованные статьи и мнения авторов не отражают мнение редакции. В связи с новой регистрацией журнал не имеет фонда финансирования, авторам гонорары не выплачиваются. На поступившие письма редакция не отвечает, рукописи авторам не возвращаются.

Все поступающие в редакцию статьи рецензируются в соответствии с требованиями к международным цитируемым журналам.

Редакторлар:

Жетпісбай Бекболатұлы, Іңкәр Кәкілбаева

Көркемдеушілер тобы:

Алдашева Айгүл, Махамбетжанова Айнұр

ИБ №9906

Басуға 15.06.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 ¹/₈. Көлемі 12,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс № 3087. Таралымы 1000 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.